

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Учебник для 9 классов общеобразовательных
школ с русским языком обучения

Утверждено Министерством образования
и науки Республики Казахстан

9



Алматы «Мектеп» 2019

УДК 373.167.1
ББК 81.2Қаз – 922
К17

Авторы :
**Г.Косымова, М.Бисенбаева,
Г.Каримова, Н.Каратасев**

Қазак тілі мен әдебиеті. Учебник для 9 кл. общеобразоват. шк. с рус. яз.
К17 обучения / Г.Косымова, М.Бисенбаева, Г.Каримова, Н.Каратасев . — Алматы:
Мектеп, 2019. — 208 с., илл.

ISBN 978-601-07-1077-1

К 4306020400-019
404(05)-19 13(1)-19

УДК 373.167.1
ББК 81.2Қаз – 922

ISBN 978-601-07-1077-1

© Косымова Г., Бисенбаева М.,
Каримова Г., Каратасев Н., 2019
© Издательство «Мектеп», 2019
художественное оформление
Все права защищены
Изображенные права на
издание принадлежат
издательству «Мектеп»

1. ҚАЗАК ЖАЗУЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ
2. ЖОЛЫН БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ!
3. КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ.
ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ
4. ЗАҢ – КОҒАМНЫҢ ТИРЕГІ
5. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҮҢҒЫШ ПРЕЗІДЕНТІ КҮНІ –
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙЫНДЫ
МЕЙРАМЫ
6. ЖАСТАР ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ
АҚПАРАТ КҮРАЛДАРЫ
7. ЭКСПО-2017 – ҚАЗАҚСТАН БЕЛЕСІ
8. БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ
9. БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ
10. АЛАШ ИДЕЯСЫ МЕН
ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ
11. ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕ:
ДЕМОГРАФИЯ
12. РОБОТТАР МЕН КИБОРГТАР ӘЛЕМІ
13. ҚАЗАҚСТАН Дағы ТУРИЗМ ЖӘНЕ
ЭКОТУРИЗМ



Шартты белгілер:



– тындалым



– айтылым



– оқылым



– жазылым

– көркем
шығарма

Алғы сөз

Құрметті окушылар!

Казак тілі – тамыры терең, тарихы ете бай тіл. Ол – қазақ ауыз әдебиетінін, дана би-шешендерінін, ақын-жазушыларының тілі.

Ұсынылып отырған «Қазак тілі мен әдебиеті» оқулығының мазмұны бұрынғыдан да кеңіді, біршама күрделенді. Оқулықтың мазмұнын сонау Күлтегін, Білге қаған, Тоныкек заманынан бастау алған қазак жазуының қалыптасу, даму жолдары; ойлау деңгейі жоғары көшпелілер, олардың мәдениеті; негізі Әз Тәуkenің «Жеті жарғысында» жаткан Ата занымыз; ұлттымыздың мәдени-рухани дамуын жаңа арнаға бұрган Алаш кайраткерлері туралы тақырыптар құрайды. Сондай-ақ Елбасының ауқымды істерімен және еліміздің әлемдік деңгей дегі кол жеткізген жетістіктерімен осы оқулықтан танысадындар. Сонымен катар ұлттық құндылықтарды насиҳаттау, өткені мен бүгінін таныту мақсатында мәдениетке, қоршаған ортаға қатысты мәтіндер, тапсырмалар берілді. Осылардың бәрі де сендердің таным көкжиектерінді арттырып, сөздік қорларынды молайтуға, бір-бірінмен еркін сөйлесуге, сейлеу мәдениетін жетілдіруге қызмет етеді.

Бұл оқулықта алдыңғы сыныптарда өткен тілдік бағдар материалдарын жаңа біліммен үштастыра отырып терендету көзделді. Эссе, шығарма жазу ойды жазбаша түрде анық жеткізуге, сауатты жазуға көмектеседі. Ойларынды сауатты жеткізу сендердің басқа адамдармен карым-катынас жасау мүмкіндіктерінді жетілдіреді.

Іске сәт, жас достар!

Құрметтің, оқылых авторлары

1-тақырып

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫң ДАМУ ЖОЛЫ

Адамзат ақыл-обы ойтап тапқан ең ұлы жаңалық – жазу.

Ә.Кекілбаев

1-2-сабак

Қазақ жазуының тарихы

Ойтүрткі

- Алғашқы жазу кай кезде пайда болған деп ойлайсындар?
- Көне түркі жазуы туралы не білесіндер?



1-тапсырма. Әбіш Кекілбаевтың нақыл сөзінен қандай ой түйдіндер? Негізгі ойды анықтаңдар.



2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Қай стилде жазылған? Жұптарыңа түсін-діріп, дәлелдендер.

Б.з.б. 1-мынжылдықтың басында Орта Азия мен қазіргі Қазақстанның далала-рында сак, кейін үйсін мен қанлы тайпа-лары мекендегені белгілі. Осы ру-тайпалар бірігіп, VI ғасырдың ортасында «Түрік қағанаты» деген атпен өз алдына мемлекет құрған.

Түркі қағанатының алғашқы кезеңінде-ақ түркілердің өз жазуы өмірге келді. Бұл жазу көне түркі таңбаларына, яғни ру символдарына ұксас келіп, геометриялық пішіндегі 38 таңбаны құрады. Ен бастысы, бұл жазу түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктерін айна көтесіз, дәл жеткізуге мүмкіндік берді. Осы көне түркі жазуы бертін келе тіл тарихында «Руна жазуы» деп аталып кетті. Скандинавия халықтарының тілінде «рунъ» деген сез «купия», яғни «сыры ашылмаған» деген ұғымды білдіреді. Өйткені XVIII ғасырдың 20-жылдарында Орхон-Енисей өзендері аңғарынан табылған көне түркі жазуын көпке дейін ешкім оқи алмады. Бұл жазудың сырын 1893 жылы Дания ғалымы В.Томсен ашты.

Орыс ғалымы Н.М.Ядринцев Солтүстік Монголиядағы Орхон және Селenga өзендерінің бойынан осындай руна жазулары бар үлкен-үлкен екі құлпытасты тапты. Кейін осы ескерткіштің біреуі Түрік

Түсіндірмे сөздік

түркі – түркітекес халықтардың ортақ атауы

ру символы – әр рудың таңбасы

қаған – хан

қаганаты дәуіріндегі Білге қаганға, екіншісі оның інісі, колбасшы Күлтегінге койылғаны белгілі болды. Міне, осы ескерткіштер ертедегі Қазақстан жерін мекендеген ру-тайпалардың көне түркі тілінде сейлегенін, олардың әліпбелік жазуы болғанын дәлелдейді.

«Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан»
энциклопедиясынан



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Топқа бөлініп, әр азатжолда айтылған мәселелерге өз пікірлерінді білдіріндер.

1-топ. Орта Азия мен Қазақстанның мекендеген тайпалар.

2-топ. Түркі жазуының өмірге келуі.

3-топ. Құпия жазудың сыры.

4-топ. Көне түркі тіліндегі жыр-дастанның кейіпкерлері.



4-тапсырма. Мәтінді алдыңғы мәтінмен байланыстырып, ортақ ойды анықтаңдар. Мәтін мазмұнынан автордың ойын бөліп алып, бағаландар.

Ертеде қағаз болмағандықтан, сол заманынан данагей адамдары өз елі мен жерінің бостандығы үшін күрескен, қол бастаған ержүрек басшылардың ерлік істерін сына жазуымен тас бетіне түсірген. Тас бетіне қашап жазылған жазулар бәрінен де жаксы сакталған.

Орхон-Енисей өзендері бойынан табылған тас ескерткіштер Түрік қаганаты дәуіріндегі ел басқарушы Білге қаганың інісі, ержүрек батыр Күлтегіннің және қағандар кенесшісі Тоныкектің құрметіне койылған ескерткіштер еді.

Бізге белгілі үш жазба бар. «Кіші жазуды» Білге қаганың өзі жаздырган, ал оны тасқа қашап жазған – ғұлама бәдізші Ноллығ тегін. «Үлкен жазуды» да Білге қаганың өзі танбалатып, інісі Күлтегін батырға арнаған. Үшінші жазба – Тоныкек дананың өзі шығарған жыры. Бұлар VII ғасырда әрбір әрпі тасқа қашап жазылған көне түркі тіліндегі тұнғыш жыр-дастандар болатын.

«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан



5-тапсырма. «Түркілердің көне жазбасы» деген тақырыпта кластер түзіндер.





6-тапсырма. Төменде берілген ақпараттардың қайсысы дұрыс? Дұрыс ақпаратты толықтырып айтындар.

Түркілердің көне жазуы – сына жазуы. Жазу тасқа кашалып жазылған. Ескерткіш Білге қаган, Құлтегін мен Тонықекке арналған. Қаган сөзі батыр дегенді білдіреді.

Түркілерге ортақ жазу – түркі жазуы. Жазу қагазға жазылған. Жазбалар ғалым В.Томсен жайында. Қаган сөзі хан деген магынаны білдіреді.



7-тапсырма. Мәтіннің стильтік ерекшелігіне, мәтіндегі негізгі ойға сипаттама жазындар.

| | | |
|--------------------------------|--|--------------------------------|
| Стильді аныктап тұрған ақпарат | Мәтін мазмұнын ашып тұрған ен негізгі сейлем | Қандай ой түйшін? Бага бер. |
|--------------------------------|--|--------------------------------|



8-тапсырма. Ойтаразы: «Шығу парагын» толтырындар.

- Бүтін сабактан не білдіңдер, бұрын нені білетін едіндер?
- Мәтіндердегі курделі атаулардың магынасын кімнің көмегімен түсіндіңдер?
- Қандай тапсырма кындық келтірді?

3-4-сабак

Жазудың технологиясы

Ойтурткі

- «Технология» үғымы нені білдіреді? Магынасын түсіндіріңдер.
- Түркілер тасқа жазуда қандай технологияны пайдаланған?



1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқындар. Байырғы түркілердің жазу құралжабдықтарын атаңдар.

Байырғы түркі жазуын колдана бастаған б.з.б. III ғасырдан бастап табиги тас (жартас), ұстын (арнайы өнделіп жонылған тақтатас), малдың терісі, киіз, ағаш, қағаз, қактаған алтын-күмістерді пайдаланып келген. Осы материалдарға жазу, сызу технологиясы мен колданған құралсайманы, әдіс-амалы әр алуан болған.



Қойтастағы Талас руинкалық жазуы

Түркілер шаруашылығына, наным-сенімі, дүниетанымына байланысты жартастын, жалпақ тастардың бетіне әр алуан суреттер салған. Бұл суреттер сак, ғұн, түркі дәуіріне жатады. Мұндай суреттер бірнеше метрден 30 шакырымға дейін созылып, бүкіл тау жоталарын сыйба галереясына айналдырып жіберген.

Қазақстан жеріндегі «Таңбалы тас» 15 шакырымға созылып жатыр. Бұл деректер Орта және Орталық Азия көшпендерінің ең алғашқы жазу жабдығы тас болғандығын көрсетеді. Сонымен бірге бұл – көшпендерге ғана емес, әлем халықтарына ортак дүние. Адамзат сонау ерте кезде н табиғи тасты жазу-сыйзуға колданып кел еді.

С.Қаржаябай



2-тапсырма. Тас бетіне жазу жазған тайпалардың аттарын және жазу материалдарын тірексызба арқылы түсіндіріңдер.



3-тапсырма. «Жазу – ғаламдық мәселелердің бірі» тақырыбына пікірталас ұйымдастырыңдар.

Талаптары:

- мәтінде көтерілген мәселенің камтылуы;
- өзіндік ізденісті білдіретін дәлелдердің болуы;
- Қазақстан жеріндегі жазудың түрлерін әлем халықтарымен байланыстыру;
- байырғы халықтың мәдениетіне баға беру;
- сөйлеуде дауыс ырғағы, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу.



4-тапсырма. Мәтінді тындандар (1-аудио). Мәтін мазмұнындағы ақпаратты тезис түрінде жазыңдар.

Түсіндірме сөздік

гранит – қатты тау жынысы: үш минералдың қосындысы

базальт – құрамына құм араласқан, қара түсті, су өткізбейтін тау жынысы

құмдауыт – бұл жерде:

құрамында құмы басым

қылауыш – қылдан жасалған қалам

ның ерекшелігіне қарай таңбалаған.

Байырғы түркілер табиғи тастың бетіне жазу құрал-жабдықтары ретінде үш түрлі технологияны пайдаланған.

1. *Тастың бетін ойын, әріп таңбаларын түсіру*. Көбіне кара, күрен, көк, көкшіл гранит, базальт, күмдауыт үтілме тастарды пайдаланған. Тас бетіндегі минералдардың орналасу ерекшелігіне, оның қаттылығына байланысты гранит іспетті тастарға темір, болат шапқыларды колданған. Ал кайсыбір тастардың минералды кабатын шөптен жасалған ерітінді колданып, әріп графикаларын таңбалаған.

2. Үшкір, өткір құрат арқылы сзызып таңбаладау . Қара, қоныр түсті катты тастардың бетіне ұрып таңбалауда келмейтін болғандықтан, өткір, үшкір құралдар арқылы сзызып, жазу-сзызуларды таңбалап отырған.

3. Тас бетіне қылауыш арқылы қара, қызыл, көк түсті сиямен жазып қалдырган жазу мәтіндері . Сонымен қатар көшпендер, оның ішінде түркілер мен монголдар, көк түсті жылқының безінен сия жасап, қылауыш немесе құстың қауырсыны арқылы тас және ағаш, қағаз, тері бетіне жазу жазып келген.

С.Каржаубай



5-тапсырма. «Байырғы түркілердің жазу құрал-жабдықтары» деген тақырыpta баяндама жасандар. Баяндама мәтініне мәлімет алынған дереккөздерге сілтеме беріндер.



6-тапсырма. Тәмендегі С.Каржаубайдың сезіне сілтеме жасап, шағын мақала жазындар. Сейлем ішіне қойылатын тыныс белгілерін (үтір, сзызықша, қос нүктө) дұрыс қолданындар.

Адам өзінің ішкі сезімін, ой-арманын сыртқа шығарып білдіру, кейінгі ұрпакқа өснет калдыру және атын шығару үшін не іstemеген?!



7-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, сыныптастарыңың жазған мақалаларына өз пікірлерінді білдіріндер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Сонғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

5-6-сабақ

Елдік пен ерліктің ескерткіші

Ойтұрткі

- «Елдік пен ерліктің ескерткіші» дегенді қалай түсінесіндер?
- Осы ескерткіштер кандай жырларға ұксас?



1-тапсырма. Мәтінді тындандар (2-аудио). Мәтінде не туралы айтылған? Тірек сезідерді анықтандар.

Күлтегін ескерткішін 1889 жылы орыс археологиялық экспедициясы Орхон өзенінің он жағалауынан тапқаны белгілі. Бұл ескерткіш Түркі империясының тарихы жайлы әнгімелейді.

Ескерткіш Білге қаганның кіші інісі, ержүрек жауынгер және қолбасшы Күлтегінге арналған. Автор түркі халқын бірлік пен елдікке шакырады. Ескерткіште Шығыс түркілерінің Таң



Култегін ескерткіші

династиясының езгісінен азат етіліп, женіске жеткені, кағандардың ерлігі мен Күлтегіннің жауынгерлік жорықтары жырланады.

Ескерткіштің негізгі бетінде 40 жол жазу бар, ал ескерткіштің сол жақ бетіндегі 13 жол – жазудың жалғасы. Түркологиялық әдебиеттерде 40 жол «ұлken жазу», ал 13 жол «кіші жазу» деп аталады. Ескерткіш көне түркі жазуымен ғана емес, көне қытай (табғаш) иероглифтерімен де танбаланған. Өйткені Күлтегін ханзада аяқастынан кайтыс болған кезде Білге қаган Қытайдан шеберлерді арнағы шакырткан. Данкты жауынгердің өлімін жоктауға көрші мемлекеттерден көптеген адам келген.

«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан



2-тапсырма. Төмендегі сөздердің мәтінде қандай сөздермен тіркескенін тауып, сейлемдер құрандар.

Шакырады, жырланады, азат ету, танбаланған.



3-тапсырма. Оқылым және тыңдалым матіндері бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды «Қос жазба күнделігіне» толтырындар. Мағынасын түсіндіріндер.

| Күрделі атаулар | Түсіндірмесі |
|---------------------|--|
| Култегін ескерткіші | Орхон өзенінің бойынан табылған көне түркілердің жазба ескерткіші. |

Еске түсірейік!

ЕТІСТИҚ ТҮРЛЕРІ

Етіс деп іс-әрекет пен оны орындаушы арасындағы қатынасты білдіретін етістік түрін айтамыз. Мысалы: *Ол жуынды. Ол оны жуындырды. Оның беті-қолы жуылды. Олар беті-қолын жуысты.*

Осы мысалдарда жуу әрекеті әртүрлі орындалып тұр. Бірінде әрекетті жүзеге асыруши өзі істеді. Екіншісінде әрекетті біреуге істетті. Үшіншісінде әрекетті кім орындағаны белгісіз. Төртіншісінде іс-әрекет бірнеше адамның қатысуымен істелген.

Етіс осы себепті төрт түрге бөлінеді:

- 1) өздік етіс;
- 2) өзгелік етіс;
- 3) ырықсыз етіс;
- 4) ортақ етіс.



4-тапсырма. Төмөндегі етістіктерді ережеде көрсетілгендей етіп түрлендіріңдер. Іс-әрекетті кім істегенін анықтандар.

Сұра, шақыр, таңбала, кара.



5-тапсырма. Матінді оқындар. Мазмұнға тірек болып тұрған сөздерді анықтандар. Автордың ойын бағаландар.

2001 жылы 18 мамырда Астана шаһарында, Қазақстан Республикасы атты тәуелсіз мемлекеттің елордасында казак халқының ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің тарихында үлкен оқиға болды. Осы күні көне түркі заманының ұлы ескерткіші – Күлтегін сына жазуының көшірмесі қазақ еліне әкеліп орнатылды.

Бабаларымыздың баға жетпес мұрасы ортамызға келіп орнықты. Осындаған мерейлі шакта Президенттің жауапты тапсырмасын басынан аяғына дейін орындан шықкан азаматтардың барлығына ризашылығымды білдіремін. Мұның өзі, ен алдымен, Тәуелсіздіктің, содан соң «елім» дейтін, «жерім» дейтін, ұлт намысын, халық рухын жоғары ұстайтын азаматтардың аркасы екенін атап айтуды парызымыз санаймыз.

И.Тасмагамбетов



6-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. *Шаһар* деген сөзді кандай сезбен ауыстыруға болады?
2. Ескерткіш қайда әкеліп орнатылды?
3. Күлтегін ескерткіші кай халықтарға тиесілі?
4. Ескерткіштің көшірмесі Қазақстанға нениң және кімдердің аркасында әкелінді?



7-тапсырма. Оқылым мәтініне андатпа жазындар.

Мәтінде Күлтегін сына жазуының көшірмесі туралы айтылады...



8-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырындар.

- Маған қын болды.
- Мен тапсырмаларын орындағым.
- Мен екендігін түсіндім.
- Мен үйрендім.
- Мені таңғалдырынды.

Ойтурткі

- Жыр-дастан деп қандай шығарманы айтады?
- Қандай жыр-дастандарды білесіндер? Осы уақытқа дейін алған білімдерің бойынша бір-бірінді толықтырып, өз ойларынды айтындар.



1-тапсырма. Мәтінді тындандар (3-аудио). Дауыс ырғағы, дауыс кідірісі, логикалық екпін сақталған-сақталмағанына баға беріндер.

Түсіндірме сөздік

«Күлтегін» жыры – Ұлы дала төсіндегі 551 жылғы оқиға арқау болған көне жыр

Сонау бастан, о бастан
Бір-біріне жарасқан.
Жаралғалы Қара жер,
Жаралғалы Кек аспан,
Естеми мен Бумынның
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышы дүниенің
Соларм енен санақан...

«Күлтегін» жырынан



2-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

- Жырда бір-біріне жарасқан деп нені айтып тұр?
- Автор адамзаттан бағы асқан деп неліктен айтып отыр?
- Төрт бұрышы дүниенің дегенді қалай түсінесіндер?

ӨЗДІК ЕТІС

Өздік етіс іс-әрекеттің орындаушысына қарай бағытталып, етістікке -ын, -ін, -н жүрнағы қосылып жасалады. Мысалы: киінді, көрінді, тарапды, сүртінді т.б.

Осы мысалдардан аңғарғанымыз мынау: Рауан өзін өзі киіндіреді. Өзін өзі тазалайды. Өзі дәрігерге көрінеді. Шашын өзі тарайды. Өзі денесін, бетін сүртінеді.

Өздік етістің жасалу жолдары:

- ын: жу+ын, тақ (f)+ын;
- ін: ки+ін, сез+ін;
- н: ора+н, тара+н.



3-тапсырма. «Күлтегін» жырынан үзінді оқындар. Жыр мазмұнын тезис түрінде жазындар.

Түркі халқының атақ-данқы өшпесін деп, Тәнірі мені қаған тағына отырғызды. Ең болмаса, дәүлетті халықтың тағына отырмадым. Ішер ассыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халықтың тағына

отырдым. Інім Күлтегін екеуміз ақылдастық. Әкеміз, ағамыз күрған халықтың атақ-данкы өшпесін деп, түркі халкы үшін түн үйіктамадым, күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге, екі үәзірмен бірге өліп-тіріліп халықтың басын күрадым. Осылайша күралған халықты от-суга түсірmedім. Мен өзім такта отырғанда жер-жерден босыған халық өліп-өшіп, жаяу-жаланаш келді. Халықты көтерейін деп терістікте оғыз халқына, ілгері шығыста қытай халқына, түстікте табғашқа қарсы ұлы қолмен он екі рет жорыққа аттандым, соғыстым.

Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты мол қылдым. Тынышы кетіп ығыр болған елдікті, ығыр болған қагандықты шігі еттім. Төрт тараптағы халықты бағындырып, бейбіт қылдым. Жаус ыз қы лдым.

«Күлтегін» жырынан үзінді



4-тапсырма. Тәмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің антонимін және синонимін тауып айтындар.

бай
жаланаш
кеп
төрт тарап
жаяу

бай қылдым
ығыр болған
бейбіт қылдым
басын күрадым
данкы өшпесін



5-тапсырма. Тәмендегі етістіктерді өздік етіске айналдырындар. Жақшаның ішіндегі сөздермен сөйлемдер күрандар.

Ки (кіім), күт (денсаулық), ас (кару), бак (қаған).



6-тапсырма. «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, матін мазмұны бойынша пікірлерінді жазындар (уақыты – 7-8 минут).

1. *Өзіндік пікір (идея)* – бір сөйлем.
2. *Дәлел* – екі сөйлем.
3. *Пікірін дәлелдейтін мысал* – екі сөйлем.
4. *Өз пікіріне қарсы пікір* – бір сөйлем.
5. *Қарсы дәлелді жоққа шыгаратын мысал* – екі сөйлем.
6. *Корытынды* – екі сөйлем.



7-тапсырма. Кім жылдам? Ел біrlігі туралы мақал-мәтелдер айтып жарысындар.



8-тапсырма. «Менің сабактан алған әсерім» кестесін толтырындар.

Түсіндірме сөздік

табғаш – тайпаның аты
қағандық – мемлекет
ығыр болған – әбден жалықкан



| | | |
|------------------------|----------------|-----------|
| Кандай ой пайда болды? | Нені сезіндім? | Не ұнамы? |
| | | |

9-10-сабак**Күлтегін кім?****Ойтұрткі**

- Күлтегін қай ғасырдың батыры?
- Оны кімдер мактанды етеді?



1-тапсырма. Мәтінді тындаңдар (4-аудио). Білге қағанның сөзін есте сақтаңдар.

Күлтегін – Шығыс Түрік қағанаты әскерінің колбасшысы, «көк түріктің семсері» атанған атақты батыр. Экесінен жастай жетім калып, агасы Қапаганның тәрбиесінде өскең. Күлтегін тым ерте есейіп, қабыргасы катып, бұганасы бекімей жатып, жау жарагын асынып, еліне тұс-тұстап тәнген басқыншы жауға қарсы тұрып, ерлікпен күреседі. Атақты Білге қаған Күлтегін батырдың басына қойылған ескерткішке: «Әкем қаған өлгенде, інім Күлтегін жеті жаста калды. Он жаста Ұмай текті шешемнің бағына інім Күлтегін ер атанды», – деп ойып жаздырган.

Тарихи деректер сол кездегі ел тәуелсіздігін сақтап калу жолында болған қырғын соғыстардың бірде-біреуінің Күлтегінсіз өтпегенін баяндайды.

«Тараз» энциклопедиясынан



2-тапсырма. Күлтегіннің сөзінде көтерілген мәселелерді анықтаңдар. Баба есietін орындау үшін не істеу керек?

Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың құн болмағай.

Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.

Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дүшпанының алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен агасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады.

Ағасын танымаған іні азар, атасын танымаған ұл азар.

Елі сүйген ер бақытты.



3-тапсырма. «Елі сүйген ер» деген тақырыпта таныстырылым жасау қажет болса, кімді таныстырап едіндер? Өз ойларынды дәлелдей жазындар.



4-тапсырма. Топтық жұмыс. Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрандар. Өздік етіс формасындағы етістіктерді табындар.

Жорыққа аттанды, әскер бекінді, ер атанды, жау жарагын асынды, аш халыкты тойындырды.



5-тапсырма. Кеп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, күрделі сөздер мен фразеологиямдерді толықтырындар.

Шығыс Түрік ..., жау ..., Білге ..., Күлтегін ..., Үмай ..., кабыргасы ..., бұғанасы



6-тапсырма. Мәтінді оқындар. Жыр-дастанның құрылымын баяндаңдар.

Ежелгі түркі поэзиясына тән дәстүр бойынша жыр-дастандар мұнадай үш бөліктен тұрады:

- 1) оқиғаның басталуы;
- 2) оқиға желісінің біртіндеп ұлғая түсүі;
- 3) осы топтамада айтылуға тиісті ой-пікірдің түйіні.

«Күлтегін» жырының «кіші жазуындағы» екінші топтаманың алғашқы үш жолында Білге қағанның түркі халқына айтқан үндеу сөзі, одан кейінгі төрт жол өлеңде Түрік қағандығы жерінің ұлан-ғайыр кендігі, одан кейінгі екі жолда осы топтаманың түйіні – Түркі елінің жері мол, ал халқы көп екендігі баяндалған.

«Күлтегін» жырының «ұлken жазуы» көлемі жағынан 428 өлең жолынан тұрады (құлпытастағы руна жазуы бойынша есептегендеге 53 катар). Бұл жыр дербес алты хикаядан, яғни алты оқиғадан құрылған: 1) түркі халқының ұлы ата-бабалары туралы; 2) түркілерді табғаштардың бағындырып алғаны жөнінде; 3) Елтеріс қағанды сипаттауға арналған; 4) Қапаған қаған туралы; 5) Білге қаған жайлы; 6) Күлтегін туралы.

Казақстан Республикасының Ғылым энциклопедиясынан



7-тапсырма. Берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1. **Баянда.** Жырдың мазмұнын баянда.
2. **Қолдан.** Күрделі сөздер мен фразеологизмдерді қолдан.
3. **Салыстыр.** Етістіктің етіс түрлерін салыстыр.
4. **Топтастыр.** Жырдың топтамаларындағы оқиғаларды топтастыр.
5. **Зертте.** Жырдың кейіпкерлерін зертте.
6. **Корытындыла.** Күлтегін ескерткіші туралы корытынды жаса.



8-тапсырма. Суретке қарап және сұрақтар бойынша қару-жарақ асынған батырды сипаттандар.

1. Басқиімі қалай аталады?
2. Қару-жарагына нелер кіреді?
3. Түр-тұлғасы қандай?



А.Дүзеканов. «Күлтегін»



9-тапсырма. «Ойжарыс». Топтық жұмыс. Құлтегіннің үрпағы ретінде еліміздің бүгінгі жетістіктері жайында баяндан, таныстырылым жасандар. Қай топтың қиялы жүйрік болды? Бағаланыдар.

11-12-сабак

Қазақ жазуының даму жолы

Ойтұрткі

- Қазақ халқының ең алғашқы жазуы қандай жазу болды?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінде қандай жазу туралы айтылған?

| Оригинал | Сөз сөзбене | Сөз орта | Сөз бас- | Жи- | Рет | Оригинал | Сөз сөзбене | Сөз орта | Сөз бас- | Жи- | Рет |
|----------|-------------|----------|----------|-----|-----|----------|-------------|----------|----------|-----|-----|
| Оо | ج | ج | ج | ج | 18 | أا | أ | أ | أ | أ | 1 |
| Өө | خ | خ | خ | خ | 19 | ڭ | ڭ | ڭ | ڭ | ڭ | 2 |
| Нн | ڭ | ڭ | ڭ | ڭ | 20 | بب | ب | ب | ب | ب | 3 |
| Рр | ر | ر | ر | ر | 21 | بب | ب | ب | ب | ب | 4 |
| Сс | س | س | س | س | 22 | گ | گ | گ | گ | گ | 5 |
| Тт | ت | ت | ت | ت | 23 | ڭ | ڭ | ڭ | ڭ | ڭ | 6 |
| Үү | ڻ | ڻ | ڻ | ڻ | 24 | ڦ | ڦ | ڦ | ڦ | ڦ | 7 |
| ۈۈ | ۈ | ۈ | ۈ | ۈ | 25 | ءء | ء | ء | ء | ء | 8 |
| ۈۈ | ۈ | ۈ | ۈ | ۈ | 26 | ڦ | ڦ | ڦ | ڦ | ڦ | 9 |
| Фф | ڙ | ڙ | ڙ | ڙ | 27 | ڦ | ڦ | ڦ | ڦ | ڦ | 10 |
| Ҳҳ | ڻ | ڻ | ڻ | ڻ | 28 | ڦ | ڦ | ڦ | ڦ | ڦ | 11 |
| ବବ | ବ | ବ | ବ | ବ | 29 | କକ | କ | କ | କ | କ | 12 |
| ମମ | ମ | ମ | ମ | ମ | 30 | କକ | କ | କ | କ | କ | 13 |
| ଲଲ | ଲ | ଲ | ଲ | ଲ | 31 | ଲଲ | ଲ | ଲ | ଲ | ଲ | 14 |
| ବିବ | ବ | ବ | ବ | ବ | 32 | ମମ | ମ | ମ | ମ | ମ | 15 |
| ରର | ର | ର | ର | ର | 33 | ହହ | ହ | ହ | ହ | ହ | 16 |
| ଶଶ | ଶ | ଶ | ଶ | ଶ | 34 | ହହ | ହ | ହ | ହ | ହ | 17 |

А.Байтұрсынұтың күрастырылған әліпбі

Араб жазуы – көне жазулардың Бас әріптері болмайды. Эріптер бір-біріне косылып жазылады.

Араб жазуында 28 әріп бар. Олардың үшеуі (*a, i, u*) созылышы дауысты дыбыстарды, қалғандары дауыссыз дыбыстарды бейнелейді. Дауыссыз дыбыстардың асты-үстіне көмекші белгілер койылады. Казіргі кезде барлық араб елінде, ислам дінін ұстанатын бірқатар мемлекетте (Индонезия, Үндістан, Иран, Афганстан, Кавказ елдері және Орталық Азия т.б.) қолданылады.

Қазақ тілі әнциклопедиясынан



2-тапсырма. Жұбынмен араб жазуы туралы әңгімелес. Сұрақтарды өзің дайында.



3-тапсырма. Мәтіндегі қарамен жазылған етістіктерді байланысатын сөздерімен қосып, теріп жазындар.

**4-тапсырма.** Мәтінді тындандар (5-аудио). Сұрақтарға жауап беріндер:

1. Елімізде алғашқы латын әліпбі қашан құрастырылған?
2. Оны кім құрастырған?

Қазактар арасында латын әліпбіне көшу мәселесі өткен ғасыр-дагы 20-жылдың орта түсінан бастап сөз бола бастады. Осы жөнінде казак оқымыштылары баспасөз беттеріне арнайы макала жазды.

1920 жылдары, яғни араб жазуын колданыстан мүлдем шығарып, латын әліпбін қабылдау алдында, қазақ зиялыштары арасында пікірталастар болды. Сонында латын графикасы негізінде әліпбін жүйесіне көшу жұмысы басталды. Жалпы Шығыс елдеріне жақын орналасқан мемлекеттерге латын әліпбінің ені 1924–32 жылдар аралығын қамтиды. Сол кезде дүниежүзі латын графикасын қабылдау мақсатын жүзеге асырды. Осы жаһандық мәселеге байланысты біздің елімізде латын графикасы қабылданды.

Латын графикасы негізінде әліпбін жүйесін алғаш құрастырған – казактың дарынды дипломаты Нәзір Төрекұлов. Жобада 28 дыбыска 28 әріп арнаға и.

Н.Әміржанова

**5-тапсырма.** Берілген сұрақтар бойынша пікірлесіндер.

1. Біздің елімізде латын әліпбіне көшу қай жылдары басталды?
2. Латын әліпбіне көшу ол кезде онай болды ма?
3. Латын графикасына көшу неліктен жаһандық мәселеге айналды?
4. Еліміз де латын әліпбін алғаш құрастырған кім?

**6-тапсырма.** Н.Төрекуловтың сөзін оқып, мазмұнын төрт-бес сөйлеммен жеткізіндер.

Жазу – ескі өнер. Білімгерлер жазудың тас дәуірінде шыққандығын айтады. Ол дәуірдегі адамдар көргенін тасқа сурет қылыш салған.

Казіргі заманда әр ұлттың өз жазуы, өз әліпбі бар. Бірақ дүниедегі барлық жазудың атасы «сурет жазуы» екені белгілі. Баяты ескі түркіде өздерінің шығарған бірнеше жазуы болған. Соның бірінші өрнегі – «Орхон жазуы» делінген. Яғни, исламнан бұрын түркі елдерінде осындай айрықша жазулар болған. Бұл ескі түркі жазулары XIV–XV ғасырларға дейін жасап келді. Түркілер арасынан мұсылмандық діні кіріп, сінгеннен кейін де көп ғасырлар түркі елдері өздерінің ескі жазуларынан айрылмай келді.

Араб жазуының колайсыздықтары көп. Әріптегін түрі бір-біріне жақын. Бір-бірінен айырмасы аз әріптегі оқи-оқи көз бұзылады. Араб әрпін музыкада қолдану ынгайсыз. Ноталар сан танбалары сиякты солдан онға қарай жазылады. Ал араб жазуында керісінше, оннан солға қарай жазылады.

Н.Төрекулов



7-тапсырма. Мәтіндегі мына сөз тіркестерін қандай сөздермен ауыстыруға болады? Кестені толтыр.

| Сөз тіркестері | Баламасы |
|--------------------|----------|
| латын графикасы | |
| казак зияялдары | |
| әліпбі кұрастырган | |
| жанраның мәселе | |



8-тапсырма. Төмөндегі етістіктерді өздік етіс формасына айналдырып, сөз тіркесін құрандар.

Колда, ойла, шеш, тазала, жу.



9-тапсырма. «Шығу парағы» бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

- Сабакта нені білдін?
- Не нәрсе сен үшін жаңалық болды?
- Өздік етісті қалай менгердің?
- Оларды жазу және сөйлеу барысында колдана алдың ба?

13-14-сабак

Қазіргі жазудың сыр-сипаты

Ойтұрткі

- Кестедегі әліпбилерді салыстыр. Қазір қандай әліпбиді қолданып жүрміз? Тете жазудан бұрын қандай әліпбилердің колда нылғанын есіне түсір.

| Тете жазу (А. Ейтұрмұлы кітаптарын) (1912-1940) | Латын аліпбі: (1929-1940) | Коркын аліпбі: (1940 ж.-қазақ тәсілі) | Латын аліпбі: (1918 ж. белгілілік) | Дыбысталым |
|--|------------------------------|--|---------------------------------------|------------|
| і | а | а | а | [ə] |
| ң | ә | о | а | [ə] |
| ң | б | б | б | [b] |
| ң | р | п | р | [n] |
| ң | т | т | т | [t] |
| ң | д | д | д | [d] |
| ң | г | р | г | [p] |
| ң | з | з | з | [z] |
| ң | с | с | с | [e] |
| ң | ң | ң | ң | [r] |
| ң | қ | қ | қ | [k] |
| ң | к | к | к | [x] |
| ң | г | г | г | [r] |

Әліпбилердің салыстырмалы кестесі



1-тапсырма. Топтық жұмыс. Мерзімдік басылымдарды пайдаланып, қазақ жазуының тарихында болған әліпбелердің кемшіліктері мен артықшылықтары туралы пікірлерді табындар. Сол пікірлерге көзқарастарынды білдіріндер.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (6-аудио). Мәтіндегі негізгі ойды білдіріп тұрған сездерді атап, жұптарыңмен пікір алмасындар.

Қазақ елі 1940 жылдан бері кирилл графикасы әліпбінің колданып келеді. 1940 жылғы 13 қарашада «Казак жазуын латынданзылған әліпбиден кирилл графикасы негізіндегі жана әліпбиге кешіру туралы» Зан қабылданды.

Орыс графикасы негізінде калыптасқан қазақ әліпбінің мен орфографиясы емлесіне әр кезде (1957, 1970 жылдары) әртүрлі езгерістер енгізілді. Кириллица негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән дыбыстық ерекшеліктерді дұрыс көрсете алмауына байланысты кейінгі жылдары (1993 жылдан бастап) қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізінде көшіру мәселесі қойылды.

*«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. Қазақ тілінің тәл дыбыстарын және олардың кириллицада таңбалануын кестеде көрсетіндер. Мысалмен дәлелдендер.



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінде айтылған негізгі мәселелерді тезис түрінде жазындар.

Біріншіден, қазақ тілінің латын әліпбінің көшуі – Қазақстандағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өзегі. Ол жас үрпактың үш тілді бірдей үйренуін женилдетеді. Қазақ тілін үйрену колжетімді болады, халықаралық бизнес пен туризмді дамытуға жол ашады. Екіншіден, латын әліпбіндегі мемлекеттік тіл қазақстандықтардың халықаралық коммуникациялар мен әлемдік экономикаға косылуының жаңа арнасына айналады. Латын әліпбінің арқасында біз халықаралық ғылыми-техникалық лексиканы өзіміздің ұлттық сөздігімізге барынша бейімдей аламыз. Латын графикасы сандық технологияларды енгізуі женилдетеді. Үшіншіден, қазір латын әліпбінің көшу, ұлттық әліпбиге косымша латын графикасын колдану әлемдік үрдіске айналған. Адамдар экономикалық, әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресте барынша көп жетістіктерге кол жеткізген елдердің тілдерін біліп, үйренуге ұмтылады. Төртіншіден, латын графикасы медицинада колданылады, жол белгілері,

автомобильдің мемлекеттік нөмірлері латынша бейнеленген. Ол паспорттарда, ұялы телефондарда, көрнекі акпаратта пайдаланылады. Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиге кешуі жаһандық коммуникация күралдарын негұрлым ынгайлы және колжетімді етеді.

Д.Мыңбай



5-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойынды қорытындылап жаз.

| «(V)» | «--» | «+» | «?» |
|------------------|-----------------------------------|--------------------------|-----------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлаганым кайшы, керегар | Мен үшін жана акпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |



6-тапсырма. Сызбаны пайдалана отырып, сөйлем құра.

колжетімді болады,



7-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтін мазмұнында қамтылған мәселелерді тақырып етіп алып, ой бөлісіндер. Тақырыпты өздерің таңдандар.

| | |
|------------|--|
| Тақырыптар | |
|------------|--|



8-тапсырма. Ойтаразы. «Қосу–алу–қызығамын» кестесін толтыр.

| | |
|-----------------|---|
| «Қосу» (+) | Сабакта қызық болған, пайдалы мәселелер |
| «Алу» (-) | Сабакта сәтсіз шықкан, пайдасы жоқ немесе аз болды деп үйінгерлік мәселелер |
| «Қызығамын» (?) | Не білгім келеді ? Бұл мен үшін қызық бола ма? сұралтарына жауап беру |

15-16-сабақ

Нәтиже сабақ

Ойтұрткі

- «Ұлы Даңда ұрпақтары» атанған казақтардың еркениеті жайлы не айта аласындар?
- Дешті Қытшақ өаласы дегенді бұрын-соңды естіліндер ме? Бұл ұғымды қалай түсінесіндер?



1-тапсырма. Картада қаралған зерделе, зертте. Қандай ой түйдің? Сыныптастырыңа айтып бер.



Түрік каганаты



2-тапсырма. Матінді рөлге бөліп оқындар. Дауыс сазы мен кідірісті, логикалық екпінді сақтандар.

Қазақ жазуының даму жолы

Ерлан. Қырқыншы жылдарға дейін латын әліппен, одан бұрын араб жазуын пайдаланыпсыз. Сонда қазақ халкының ешқандай жазуы болмаған ба?

Әсет. Қазақ халкы өзінің тарихи даму жолында, әрине, жазуды пайдаланған. VII–VIII ғасырларда қазақ рулады түскан түркі халықтарына ортак Орхон-Енисей, Талас және көне үйғыр жазуладын көне жазуымызды колданыстан ығыстырып шығарған. Көне жазуымыз таска кашалып жазылған жазба ескерткіштеріндеған сакталып қалған.

Ерлан. Сына жазуы деген сол ма?

Әсет. Иә, сол. Ол көзіргі түркі халықтарының тел жазуы еді. Басқа түркі халықтары сияқты ислам дінін қабылдаған қазақ рулады да араб жазуын пайдалануға көшті. Кейін, 1924 жылы, реформа жасалды. Мұны халқымыздың зиялы азаматы, бірнеше оқулық жазған Ахмет Байтұрсынуұлы ұсынды. Жаңа араб жазуына негізделген алфавитті жәдид (жана) деп атап, оны 1929 жылға дейін колданып келдік. Содан кейін 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын ерпін колдандық.

Ерлан. Бұған не себеп болды? Неге өзгерді?

Әсет. Бұл да сол кездегі тоталитарлық жүйенін жұмысы. Егер халкымыз араб әрпімен қалса, мұсылман дінін уағыздап кетеді деп есептеді. Кеңес өкіметінің тұсында тілмізге орыс сездері қаптап енді. Ал бұларды латын әрпімен белгілеу тағы да киындық келтірді. Ақыры 1940 жылы орыс графикасына негізделген әріпке көштік. Содан бері осы әріпті қолданып келеміз.

Ерлан. Соңғы кезде кайтадан латын жазуына кешу сөз болып жүр той. Оған сенің көзқарасың қандай?

Әсет. Нә, ондай сөз болып жүргені рас...

Ш.Бектұров, А.Бектұрова



3-тапсырма. Диалогтегі кімнің сөзімен келіспейсің? Ойынды нақты де-ректермен дәлелде. Соңғы сөйлемді өз көзқарасыңмен толықтырып, да-мытып айт.



4-тапсырма. Жаңадан қабылданған латын әліпбімен таныс. Әліпби бояйнша аты-жөнінді, қолданып жүрген құрал-жабдықтарынды жазып шық.

| № | Жазылуы | Дыбысталуы | № | Жазылуы | Дыбысталуы |
|----|---------|------------|----|---------|------------|
| 1 | A a | [a] | 17 | N n | [n] |
| 2 | Á á | [ə] | 18 | O o | [o] |
| 3 | B b | [б] | 19 | Ó ó | [ø] |
| 4 | D d | [д] | 20 | P p | [п] |
| 5 | E e | [e] | 21 | Q q | [қ] |
| 6 | F f | [ɸ] | 22 | R r | [р] |
| 7 | G g | [г] | 23 | S s | [с] |
| 8 | Ѓѓ | [f̪] | 24 | T t | [т] |
| 9 | H h | [x], [h] | 25 | U u | [ұ] |
| 10 | I i | [i] | 26 | Ұ ú | [ұ] |
| 11 | І і | [и], [ї] | 27 | V v | [в] |
| 12 | J j | [ж] | 28 | Y y | [ы] |
| 13 | K k | [қ] | 29 | Ý ý | [y] |
| 14 | L l | [л] | 30 | Z z | [з] |
| 15 | M m | [м] | 31 | Sh sh | [ш] |
| 16 | N n | [н] | 32 | Ch ch | [ң] |

Жаңадан қабылданған латын әліпбі



5-тапсырма. Жұлтық жұмыс. Тәмендегі пікір бойынша диалог құрындар.

Жазу – мәдениеттің ен жоғарғы деңгейдегі көрінісі. Жазу – адамзаттық мәдениеттің өсуін, дамуын анықтайтын әлеуметтік мәні бар зор құбылыс. Жазу өнерінсіз мәдениет те, әдебиет пен өнер, ғылым да дами алмайды.



6-тапсырма. Қалай ойлайсындар, Қорқыт атаның сөзі тақырыпты аша ма? Тақырыппен байланыстырып, өз ойынды қорғап шық.

Отken күн, кеше – тарих,
Келер күн, ертең – сыр,
Ал бүгінгі күн – үлкен сый.



А.Дүзекханов . «Коркыт ата»



7-тапсырма. «Жазу – өркениеттің көрінісі» деген тақырыпта эссе жазындар. Тәмендегі үзіндіні ойдаң тірепі етіп алындар.

Жазу – өнер мен мәдениет жетістігі ғана емес, өркениеттің де көрінісі. Кез келген өркениетті елдің жазу жүйесі, дәстүрі болуы керек.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парагын» толтырындар.

| Кандай ой пайда болды? | Нені ұқтым? | Не ұнашы? |
|------------------------|-------------|-----------|
| | | |

2-тәқырып

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ!

Жол мұраты – жету.

Мақал

1-2-сабақ

Сапарың сәтті болсын!

Ойтұрткі

- «Сапарың сәтті болсын!» деп қай кезде айтады? Осы тілек айтылатын жағдаяттарды жүбінде санамалап айтып бер.



1-тапсырма. Сенің отбасындағы үлкендер ауылдағы не басқа қаладағы ағайын-туыстарға бару үшін жолсапарға шықты. Оларға не айтасың?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (7-аудио). Естерінде қалған бата-тілек мағынасындағы сөйлемдерді қайталап айтып шығындар.

Сапар бата

Алыс сапарға аттанатын кіслер мал сойып, үлкен-кішіні шакырып жолаяқ жасайды. Ондағы максаты – жолаушы сапарының он болуына тілектес адамдардын батасын алу.

Жолынды Алла колдасын,
Жаманшылық болмасын.
Сенімді болсын жолдасын,
Жолынды кескен онбасын.
Сәтті болсын істерін,
Жақсы болсын түстерін,
Жұмсақ болсын ішкенін.
Көрмеген жерді көріп қайт,
Желіп барып, желіп қайт:
Әумин!

«Казақтың салт-әстурлері мен әдем-ғұрынтары» кітабынан



3-тапсырма. Мәтіндегі жағдаятқа өз көзқарасынды білдір. Бүгінгі күні жолаяқ жасау неге сиреп кетті?



4-тапсырма. Мәтінді зерделеп оқып, идеясына болжам жасандар. Автор не айтқысы келді?



Айгүл кызыл көйлегін жаксы көретін. Бірде үшікыдан оянса, көйлегіндегі ак көбелектердің бірі қалмай ұшып кетіпті. Жаз бойы суга да салған, шанга да аунатқан. Көйлегі әбден кірлеп кеткен. Көбелектер соған ашуланған-ау шамасы! Айгүл енді сол көбелектерді іздеуге шыкты. Кеп жүрді ме, аз жүрді ме, білмейді, әлден уақытта бір елге жетті. Алдынан сары әжей шыкты.

– Нә, қайда барасын, қызым? – деп жөн сұрады ол.

Айгүл сапарының мәнін айтты.

– Бұл – Күз деген ел. Әттеген-ай, бізде көбелектер жок. Қаласаң, мынаны ки, – деді сары әжей. Сейтті де үлкен-үлкен сары жапырактардан тігілген көйлекті берді. Айгүл жапырақтан тігілген көйлекті алыш, әрі карай жол тартты. Кеп жүрді ме, аз жүрді ме, білмейді, бір елге келді. Алдынан ак сакалды кария шыкты.

– Нә, қайда жол тарттын? – деп жөн сұрады.

– Көйлегімнен ұшып кеткен көбелектерді іздеуге шықтым, – деді Айгүл.

– Қын болған екен. Бұл – Қыс деген ел. Ак көбелектер бізде кайдан болсын?! Қаласаң, мынаны ки, – дейді де, ак сакалды кария аппақ қардан жасаған ак тонын береді. Тонның жылысын-ай! Өзі сондай әдемі. Ак тонды алыш, Айгүл ілгері жол тартты.

Кеп жүрді ме, аз жүрді ме, білмейді, бір елге жетті. Алдынан жап-жас, әдемі, тал шыбықтай бүралған қыз шыкты.

– Нә, қайда жол тарттын, сіңлім? – деді ол.

– Ұшып кеткен ак көбелектерімді іздең журмін, – деді Айгүл мұная.

– Ак көбелектерді іздең журмін дейсің бе? Дәл таптың! Бұл – Қектем деген ел. Нә, сенің көйлегіндегі көбелектер осында ұшып жур. Ұстап ала ғой, – деді Қектем қыз.

Айгүл көбелектерді ұстап алыш, ілгері жол тартты. Кеп жүрді ме, аз жүрді ме, білмейді, алдынан баяғы өзі аттанған Жаз елі шыкты.

– Сапарың сәтті болды ма? – деп, ондағылар оны қаумалай қарсы алды.

С.Дөнентаев



5-тапсырма. Әңгіменің шындықта қатысы бар ма? Әңгіме соңындағы Айгүлге қойылған сұраққа жауап беріп, ойды аяқтандар.

Айгүл үшін сапар сәтті болды, себебі

ӨЗГЕЛІК ЕТІС

Өзгелік етіс іс, қимыл-әрекеттің өзі арқылы емес, екінші біреу арқылы істелетінін білдіреді. Мысалы: *Өнер-білім бар жүрттар тастан сарай салғызыды*. Осында істелген іс – сарай. Оны орындаған – жүрттар, яғни халық. Іс-әрекеттің иесі (жүрттар) салу әрекетін тікелей өзі істемейді, тек оның істелуіне тұрткі болады. Сарайды өздері салған жок, біреуге салғызыды. Өзгелік етіс жүрнақтары: -ғыз, -ғіз, -қыз, -кіз; -дыр, -дір, -тыр, -тір. Мысалдары: *айтқызу, айтқыздыру, келтіру, келтіргізу, ойнату, ойнатқызу*.

Өзгелік етістің жасалу жолдары:

- -ғыз, -ғіз: сыв+ғыз, ки+ғіз;
- -қыз, -кіз: аш+қыз, күт+кіз;
- -дыр, -дір: ал+дыр, сен+дір;
- -тыр, -тір, -т: ас+тыр, қара+т.



6-тапсырма. Төмендегі етістіктерді өздік, өзгелік етістерге айналдырып, сейлемдер құрандар. Бәрі бірдей өздік, өзгелік етіс түрінде жұмсала ма? Салыстырындар.

Жолаяқ жасау, жолға жиналу, сапарға аттану, жолынан калу, жүтін көтеру.

| Өздік етіс | Өзгелік етіс |
|------------|--------------|
| | |



7-тапсырма. Нақыл сөздердің мазмұны, қолданылу жағдаяты бойынша сурет салындар. Кімнің салған суреті нақыл сөздің мазмұнына сай келді? Дәлелдеп айтындар.

1. Жол – үлкендікі, жүк – түйенікі. 2. Аттан жығылсан да, жолдан жығылма. 3. Алыс жолды көзben көр. 4. Жолда шаршап-шалдыкканға сая бол. 5. Жолаушыны жолынан калдырма.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап бер.



Бас бармақ – басты мәселе. Бүтінгі сабактың басты мәселесі не болды?

Балан үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта калай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүтін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабак маган қандай әсер калдырды?

Кішкентай бөбек – көніл күй ахуалы. Мен сабакта өзімді қалай сезіндім?

3-4-сабак



Жолың болсын, жолаушы!

Ойтұрткі

- Жол сөзіне қатысты қандай тіркестерді білесіндер?
- Алыс сапарға шықкан адамдарға қандай тілектер айтылады?



1-тапсырма. Мәтінді тынданадар (8-аудио). Жол сөзімен тіркескен сөздерді дәптерлеріңе жазып алындар.

Улken адамдардың әнгімесіне дең койып, күлак тұрсаніз, «жолын кеспе», «амандық болса», «жол апатынан сақтасын» деген тіркестерді жіп естіміз. Жол сөзінің мағыналық ауқымы біздің күнделікті тұрмыста колданып жүрген ұғымнан әлдекайда кең. «Атаның ак жолы», «Есім салған ескі жол», «Қасым салған касқа жол», «Жолы үлкен», «Қыздың жолы жінішке», «Жолың болсын!», «Жолдасың Қыдыр болсын!» деген сөздер ерте заманда қалыптасқан. Адамзат тарихындағы ең алғашкы тас кітаптардың авторы Ноллығ тегіннің есімінің өзі «жолы үлкен» дегенді білдіреді.

К.Сарғемтаева, Б.Кабланбекова



2-тапсырма. Мәтіндегі жол сөзімен тіркескен сөздерді тап. Олардың қайсысы тақырыпқа қатысты? Қайсысы абстрактілі мағынаны білдіреді? Жұбынмен ақылдасып, тақырыпқа қатысты тіркестердің мағынасын түсіндір. Мысалдар келтір.



3-тапсырма. «Атаулар (терминдер) кестесі» бойынша берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріндер.

| Атаның ак жолы | Қыздың жолы жінішке | Жолы үлкен |
|----------------|---------------------|------------|
| | | |



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінде не туралы айтылған? Негізгі ойды анықтандар.

Халқымызда сапарға шығу, жол туралы да көптеген ырымтыйымдар бар.

Алыс сапарға шыкканда, жолға сарымай, тұз алып шықпайды. Оның мәнісі – жолымды сарғайтып, зарықтырмасын, тұздай ашы азап тартпайын деген ниетті бейнелегені.

Алыс жолға шыккан адамдар кара шаңырактан немесе үлкен кісінің үйінен дәм татып аттанады екен. Жүрер жолдың уакытын кесіп айтуга болмайды. «Барар жердің дәмі тартса», «бұйыртса» деп кана сөйлеген.

Жол үстінде келе жатқан жолаушыдан «Кайда баrasын?» деп сұрамайды. Қайта «Жол болсын!» деп ак жол тілейді. Себебі

жолаушы баратын бағытын күпия ұстайды. Қаскей біреулер біліп калып соныма түседі, жолымды ториды деп, жаман ырымға балайды.

Сапардағы жолаушылар жапан даға түнесе, атының шылбырын бос жібереді. Шылбыры сүйретіліп жүрген атқа қасқыр шаппайды. Өйткені қасқырдың ала жіп аттамайтын серті бар.

К.Саргелтаева, Б.Қабланбекова



5-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдандар. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сейлемдерді белгілендер. Өз ойларынды қорытындылап жазыңдар.

| «V» | «-» | «+» | «?» |
|------------------|-----------------------------------|--------------------------|-----------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менін ойлаганым қайшы, керегар | Мен үшін жана акпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |



6-тапсырма. Топтық жұмыс. Мына сұрақтар бойынша мәтіндегі ырым-тыымдардың бүгінгі күнге қатысын талдандар.

Қайда?

Бұл ырым-
дарды бұрын
қайда және
қандай мағы-
нада кездес-
тірдің?

Қалай?

Осы ырымдар-
ды қолданудың
мысалдарын
келтіре аласын-
ба?

Қандай

Бұл ырымдар-
дың қандай
мәні бар деп
ойлайсың?



7-тапсырма. Сен автобекетте танысынды кездестірдің. Оның қолында жүгі бар екен. Төмендегі тілек сөздерді қатыстырып, диалог құрындар.

- Жолынды кеспейін!
- Жол болсын!
- Жол азабынан сактасын!
- Олжалы қайт!



8-тапсырма. Ойтаразы, 3–2–1 критерийі бойынша анықтандар.

- 3 маңызды акпарат;
- күйнік келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадагы ұнаган 1 мәселе.

**Ойтүрткі**

- Суретке қарап, сапардың бағыты, мезгілі, жолаушылар саны, көліктің түрі туралы болжамынды айт.



Автовокзал



Өуежайшың күту залы

1-тапсырма. Мәтінді тындандар (9-аудио). Естерінде қандай сөздер қалды? Қайталап айтып беріндер.

Жолаушы тасымалы – көлікпен жолаушылар тасымалдау жұмысы. Жолаушы тасымалы магистральдық (теміржол, авиация, автобус, теніз, өзен катынастары) және кала (метрополитен, трамвай, троллейбус, жеңіл автомобиль) көліктерімен жүзеге асырылады. Жолаушы тасымалы қашықтығы мен жылдамдығына және көлік түрлерінің ерекшелігіне карай ажыратылады. Теміржол көлігінде тасымалдау қашықтығына байланысты жергілікті жолаушы тасымалы, кала маңындағы жолаушы тасымалы, алыс қашықтықка жолаушы тасымалы болып белінеді. Жылдамдығына карай жай жолаушы тасымалы және жүрдек жолаушы тасымалы болып анықталады. Автомобиль көлігімен жолаушы тасымалының кала ішіндегі, кала маңындағы, калааралық және халықаралық түрлері бар. Әуе көлігінде алыс қашықтықка жолаушы тасымалы, жергілікті жолаушы тасымалы, халықаралық жолаушы тасымалы деп ажыратылады. Ал теніз көлігінде жай жолаушы тасымалы, жүрдек жолаушы тасымалы, экспресс жолаушы тасымалы болып белінеді. Өзен көлігімен жолаушы тасымалының қалааралық, кала маңындағы, жергілікті және транзитті түрлері бар. Жолаушы тасымалы жұмысының көлемін жолаушы айналымы дейді.

Казак энциклопедиясы



2-тапсырма. Жолаушы тасымалының түрлерін тірексызба арқылы көрсетіндер. Олардың әрқайсысына түсініктеме беріндер.

Теміржол

Өуе жолы

Автомобіль



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Көліктің түріне қарай топқа белініндер. Олардың өз ішінде қалай ажыратылатынын және қандай артықшылықтары мен ерекшеліктері бар екенін айтындар. Өз пікірлерінді қорғандар.



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап берे отырып, өзіңнің қызығушылығынды (саяхатқа қатысты арманынды) сыйыптастарыңа айтып бер.

1. Қай елге барғың келеді?
2. Қандай көлік түрімен жол жүргенді ұнатасың?
3. Саяхатқа не үшін шығасың?
4. Кіммен барғанды жен көресін?
5. Жолға қалай дайындаласың?



5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тақырыбын қойып, тірек сөздерді табындар. Олардың мағынасын түсіндіріндер.

Нұр-Сұлтан қаласының әуежайы 1931 жылы кішігірім ұшактарға қызмет көрсету үшін ашылған. Бүтінгі күні ол Еуразия құрлығындағы заманауи әуежайлардың біріне айналды. Онда алғыс және таяу шетел аймақтарына ұшатын 80-те жуық ұшакқа қызмет көрсетіледі.

Әуежайдан Қазақстан Республикасының барлық облыс орталықтарына, сондай-ақ ТМД елдерінің Мәскеу, Ташкент, Омбы, Санкт-Петербург, Красноярск, Киев, Минск, Екатеринбург, Баку, Новосибирск қалаларына тұракты рейстер ұшады. Сондай-ақ алғыс шетел қалалары – Майндағы Франкфурт, әбу-Даби, Стамбул, Бейжін, Анталья, Үрімші, Шарджа, Лондон, Бангкок қалаларына дейін рейстер ұшады. Жыл сайын жаңа бағыттар ашылада.

Әуежайда ВИП залдары, ана мен бала белмесі, жүк сақтау камерасы бар. Рейсті күту кезінде жолаушыларға мейрамхана, кафе қызметкерлері қызмет көрсетеді. Сондай-ақ кәдесый дүкенінен әртүрлі сыйлықтар сатып алуға болады.

2016 жылы әуежай 3 миллион 419 мын жолаушыға қызмет көрсетті.

А. Серікжанқызы

**6-тапсырма.** Берілген диалогті әрі қарай жалғастырындар.

- Кешіріңіз, сіз Алматыға қандай рейспен үшкалы отырсыз?
-
- ?



7-тапсырма. Танысың алыс сапарға жол журуді мақсат етіп, сенен көмек сұрады. Сен оның сапарының тиімді әрі қауіпсіз болуын ескеріп, нұсқаулық жаз. Нұсқаулықта өзгелік етістер болсын.

**8-тапсырма.** «Шығу парагын» толтырындар.

- Сабактан қандай әсер алдын?
- Бұрын мән бермеген қандай мәселелерді білдін?
- Диалогке түсе алдын ба?

7-8-сабақ**Әуежай тасымалы****Ойтурткі**

- Адам есімімен аталатын қандай әуежайларды білесіндер?
- Өздерін тұратын жердегі әуежай қалай аталады?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінде қандай ақпарат айтылмай қалды? Әрі қарай жалғастырындар.

Әлемде мемлекет басқарған, ел дамуына үлес қоскан тұлғалар, президенттер, корольдер және премьер-министрлердің атындағы әуежайлар аз емес. Мұндай әуежайларды Америка мен Еуропадан, Азия мен Африкадан кездестіруге болады. Стамбулдың Ататүрік халықаралық әуежайы 1924 жылы салынды. Алғашқы атауы – Йешілкөй. Оған 1980 жылы Түрік Республикасының бірінші президенті Мұстафа Кемал Ататүрік есімі берілді. Жолаушыларға қызмет көрсету жағынан бұл авиация терминалы Еуропада бесінші, әлемде он бірінші орында тұр. 2015 жылы әуе портынан 60 миллионнан астам адам өткен. Ал Бакудің халықаралық әуежайына тәуелсіз Әзіrbайжанның алғашқы Мемлекет басшысы Гейдар Әлиевтің есімі 2004 жылы 10 наурызда берілген.

A.Рысбек

**2-тапсырма.** Күрделі сөздерді толықтырындар.

Ататүрік ..., Түрік Республикасының ..., Мұстафа ..., әуе ..., авиация ..., Әзіrbайжан ..., Баку ..., Гейдар ..., Казакстан ..., Н.Назарбаев атындағы



3-тапсырма. Алдыңғы сабактағы оқылым мәтініне сілтеме жасап, «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» деген тақырыпта шағын мәтін қурандар. Мәтінде өздік, өзгелік етістер болсын.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (10-аудио). Не түсіндіндер? Жұптарыңа әңгімелеп беріндер.

Ұшақ бортында

Ұшу уақыты 3 сағаттан асатын рейстерде бизнес-класс жолаушыларына жеке KCTV ұсынылады. Жақсы кино немесе сүйікті бағдарламанызды тамашалағыныз келсе, бейнеойындар немесе электрондық журнал қаласаңыз, KCTV сіздің көніліңізден шыгады. Онда ен кішкентай жолаушыларға арналған мультфильмдер тізімі де бар. Ал шу бәсендеткіш тыңдауыштармен кино әлеміне толыктай енесіз. Радио арналарынан алуан түрлі әуендерді тыңдалап, көніліңізді шаттандырасыз. Ен талғампаз тыңдармандарымызға қазак әндерінен бастап, ретро, классика, шетел және сонғы хиттерге дейін ұсынамыз. Ұшақта бойынды еркін ұстап, ұшу рақатын сезініңіз.

Эйр Астана компаниясының баспасөз қызметінен



5-тапсырма. «Ұшақ бортында» деген тақырыпта жұптасып диалог құрындар.

1. Ұшақ бортының қандай екенін білу не үшін керек?
2. Жеке KCTV деген не? Ол кімдерге ұсынылады?
3. Ұзак ұшатын рейстерде жолаушыларға қандай жағдай жасалған?
4. Шу бәсендеткіш тыңдауыштардың арқасында нені тамашалауга болады?



6-тапсырма. Мәтіндегі ұшақ бортын суреттеп жаз. Ұшақтың көлемі, ішкі құрылымы, ерекшеліктері қамтылсын.



7-тапсырма. «Әуежайдың бір жағдаят» деген тақырыпта шынайы оқиға дайындалап, сыйыптастарыңа айтып бер.



8-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптестер», Сабак мазмұны бойынша жұптарыңмен талқыланадар.

- жана оқыған 3 факті;
- женіл ақпарат;
- қын ақпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.

9-10-сабак

Теміржол тасымалы

Ойтурткі

- Суретке қарап, өз түсінігінді айт. Қандай ой түйдің?



Теміржол вокзалы

1-тапсырма. Мәтінді тындандар (11-аудио). Қандай ақпарат естерінде қалды?

Нұр-Сұлтан қаласы жылдан-жылға өркенде келеді. Сондыктан адамдар еліміздің түкпір-түкпірінен осында ағылып келе бастады. Олардың алдымен табан тіректің жері – теміржол вокзалы. Нұр-Сұлтан қаласында екі теміржол вокзалы бар. Жаңа «Нұрлы жол» вокзалы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі қарсанында, 2017 жылы 1 маусымда ашылды. Содан бері екі миллионға жуық жолаушыға кызмет көрсетті. Вокзал күн сайын 35 мың жолаушыны күтіп алып, шығарып салады. Ал ескі теміржол вокзалы тәулігіне небәрі 7 мың адамды кабылдайды.

«Нұрлы жол» вокзалаға, негізінен, Нұр-Сұлтан қаласына дейін жүретін пойыздар аялдайды. Ескі вокзал транзиттік пойыздарды және қала манындағы аудандарға қатынайтын белгілі бір пойыздарды кабылдайды. Қазіргі кезде «Нұрлы жол» вокзалы арқылы 54 пойыз жүреді. Сонымен бірге Самаркан, Душанбе, Үрімші бағытына жүретін халықар алық бағыттар ашылды.

«Егемен Казахстан» газетінен

2-тапсырма. Сандарды сөйлетіңдер. Сан есімдерді қатыстырып, жұбына «Нұрлы жол» вокзалы туралы ақпарат бер.

3-тапсырма. Берілген диалогті толықтырындар.

– ?

– Нұр-Сұлтан қаласына республикалық сайыска бара жатырмын.

– ?

- Бүтін кешкі сағат тоғызыда 2-теміржол вокзалынан «Тұлпар-Талығо» жүрдек пойызымен жүремін.
- ... ?
- Ұшак қымбат кой, пойызбен барған жақсы.
- ... ?
- Өйткені жол үстінде жана адамдармен танысасын, Алматыдан Нұр-Сұлтан қаласына дейінгі аралықта жолшыбай біршама жер көресін.
- ... ?
- Бір тәулікке жетпейді.



4-тапсырма. Бірінші бағандагы сұрақтардың жауабына қажетті сөздерді екінші бағаннан табындар. Берілген сөздерден сейлем құрастырып жазындар. Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріндер.

| Сұрақтар | Жауаптары |
|---|---|
| Алматыда келік кептелісін азайту мақсатында не салынды? | Олар, жолға, азық, дүкенге, жол-женекей , соғып, алды. |
| Вагонда барлық жағдайды жасаған кім? | Мәскеуге, досым, екеуміз, катысу, үшін, жолсапарға , шықтық, Халықаралық, олимпиадаға. |
| Біз қайда сапарға шықтық? | Туристік, Еуропаның, жолдамамен , елін, бірнеше, араладым. |
| Жолға азықты қайдан алды? | Вагон, біздің, жолсерігі , барлық, жасап, жағдаймызды, болған, сон, әкелді, шай. |
| Еуропаның канша елін араладын? | Келік, кептелісін, Алматыда, үшін реттеу, жолайрық , екі, салынды. |



5-тапсырма. Мәтінді зерттеп оқы. Қанша азатжолдан тұрады? Эрбір азатжолда не туралы айтылған? Тақырыбын қой.

«Нұрлы жол» вокзал кешені – алты деңгейлі, жалпы аумағы 126 мың шаршы метрлік ғимарат. Вокзалда алты жолдың торабы бар. Ол тәулігіне 35 мың жолаушыны қабылдай алады.

Бірінші қабатында карап-тексеру орындары, билет кассалары, күту залы және жабық автотұрақ орналасқан. Екінші қабатында 740 көлікке арналған автотұрақ бар. Үшінші қабатында жолаушыларды отырғызып, түсіруге арналған үш платформа мен қабылдау жөнелтетін алты жол салынған. Төртінші қабатта билет кассалары, күту залы, медпункт, жүк сактау камерасы, ана мен бала бөлмесі, әртүрлі дүкендер орналасқан. Бесінші қабаттан әртүрлі фудкорттар мен дәмханаларды табуга болады. Алтыншы қабатта әкімшілік бөлмелер, тәуліктік конакүйлер бар. Бұдан бөлең, мүмкіндігі шектеули жандарға арналған тактильді жолдар, арнайы касса да орын тепкен.

Вокзалдың бір ерекшелігі – жүрдек пойыздар алты қабатты ғимараттың ішіне кіріп, жолаушыларға қызмет көрсетеді. Вокзалдың

кауіпсіздігіне де кеп көңіл бөлінген. Оның үстіне ақылды жүйемен басқарылатын 510 камера орнатылған. «Нұрлы жол» вокзалы – ТМД елдері бойынша тәндесі жок вокзал.

«Ақ Жайық» газетінен



6-тапсырма. Тактильді жолдар, ақылды жүйемен басқарылатын құрылым, фудкорт, журдек поїздар деген тіркестердің магынасын бір-біріне түсіндіріңдер.



7-тапсырма. Мәтіннің стильдік ерекшелігіне, мәтіндегі негізгі ойға сипаттама жазындар.

| Тапсырмалар | |
|---|--|
| Стильді нақтыладап тұрған ақпаратты жаз. | |
| Мәтін мазмұнын ашатын ең басты сейлемді анықта. | |
| Мәтіндегі ойға өзіндік баға бер. | |



8-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйт ем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

11-12-сабак

Метроға саяхат

Ойтұрткі

- Жолда көлік апартары неліктен көбейіп отыр?
- Жолаушылар тағы кандай көлік түрлерін пайдаланады? Сурет бойынша әнгімелендер.



Метрополитен

**1-тапсырма.** Мәтінді тындаңдар (12-аудио). Мәтінде не туралы айтылған?

Сонғы жылдары елімізде жол-көлік апартары жиілеп кетті. Мамандардың айтуынша, мұндай оқиғалардың көшілігі автомобілтер санының артуы, жылдамдыкты асыру, жарықтың болмауы немесе жүргіншілердің жол бойымен жүруі, жолдың кез келген жерінен кесіп өтуі салдарынан болады еken. Яғни оған жолда әрі-бері зымырандай зұылдаған мәшиналермен коса, жаяу жүргіншілердің де кінәсі бар. Үлкен қалаларда осындай апарттың алдын алу үшін жерусті, жерасты жолдарын салу, қоғамдық көлікте жүру күнин төмендету, жаяу жүргіншілерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, сондай-ақ велокөлікке арналған инфрақұрылымды жетілдіру, жолайрыктар салу жұмыстары колға алынуда.



2-тапсырма. «Жол-көлік апартарының алдын алу үшін не істеу керек?» деген сұрақ бойынша пікірталас үйимдастырындар. Ол үшін қажетті мәліметтерді жинап, дереккөздеріне сілтеме жасандар.



3-тапсырма. Жас жол сақшысы ретінде іні-қарындастарыңа жолда қалай жүру керектігі жайында нұсқаулық жазындар. Ойларынды құрмалас сейлемдер арқылы беріңдер.

Улgi .

1. Жолдан өтерде тоқтап, асықпай жан-жағына мұкият қара.



4-тапсырма. Жақшаны ашып, ондағы сөздерді тиісті орындарына қойып оқындар.

Алматы метрополитені

Бұгінде жолаушылардың көшілігі жерасты жолдарын, әсіресе метроны көп пайдаланады. Өйткені метро – жолаушылар үшін өте колайлы көлік. Метро, негізінен, үлкен қалаларда (миллионнан астам халқы бар) салынады.

Алматы метрополитені – әлемдегі ең жана метро. Ол 2011 жылдың 1 желтоқсанында іске косылды. Бұл нысан Қазакстандағы алғашқы, Орталық Азияда екінші (Ташкент метрополитенінен кейін) және ТМД-дагы он алтыншы метрополитен саналады. Метро аз уақыттың ішінде алматылықтар мен кала конактарының сүйікті орына айналып үлгерді. Оның ұзындығы – 8,56 шакырым. Пойыз жолдың бір басынан екіншісіне дейнін 10 минутта жетеді. Жүру жиілігі – 6 минут. Жол жүру акысы смарт-карта мен смарт-жетон арқылы төлеңеді.

Алматы метросының бірінші желісінде 9 бекет бар («Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байконыр», «Әуезов атындағы драма театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»). Бастапқы «Райымбек батыр» бекеті Н.Назарбаев көшесі мен Райымбек даңғылының қылышында орналаскан. Соңғы «Мәскеу» бекеті Абай даңғылын бойлай Өтеген батыр – Алтынсарин кешелерінін қылышында орналаскан. Эр бекет өз атауына сай ұлттық нақышта, ою-өрнекпен bezendірілген. Сонымен бірге метро соңғы технологиям ен жабдықталған.

А. Сматуллаева



5-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша метроның журу сызбасын салындар. Жұптарыңың сызбасын қолдана отырып, әңгіме жазындар. Әңгіме мазмұнын неғұрлым кең жазған әрі әдемі ою-өрнек салған оқушы жеңімпаз атанады.



6-тапсырма. Топтық жұмыс. «Алматы метросына саяхат» деген тақырыпта постер дайындаңдар. Сызбасы дұрыс болған және оны жақсы қорғаған топ жеңіске жетеді.



7-тапсырма. Төмендегі мәтінді әрі қарай жалғастырып мақала жазындар. Келтірген мәліметтеріңің қай дереккөзден алынғанын көрсетіндер.

Алматы метросын алыс аймақтағы оқырмандарымызға таныстыру үшін, біз де метроға саяхат жасадық. Алдымен Н.Назарбаев көшесі мен Райымбек даңғылының қылышында орналаскан «Райымбек батыр» бекетіне келдік...



8-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріндер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүтінгі сабактың басты мәселесі не болды?

Балаш үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Орган терек – ойлану. Мен бүтін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабак маган қандай әсер қалдырды?

Кішкентай бобек – көніл күй ахуалы. Мен сабакта өзімді қалай сезіндім?



13-14-сабак

Мұқағали Мақатаев. «Ертең біз жол жүреміз»

Ойтұрткі

- Сабактың тақырыбын қалай түсіндідер? Ол ертегі күн жайлымда, әлде болашак туралы ма? Болжам жасандар.



1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, тірек сөздерді анықтандар. Ақын өлеңі кімдерге арналған? Ақын оқырмандарына не айтпақшы? Өлеңнің идеясын анықтандар.

Жасың бар, жігіт-желен, шалдарың бар,
Ертең біз жол жүреміз, камданындар.

Жол ұзак, биік асу, сапар алыс,
Жаз өтер, күз де кетер, такалар қыс.
Камданындар. Болашак деген елге,
Кандай біз сый-сияпат апарамыз?

Коркауды, өсекшілді қатарға алма,
Кеселін тигізеді сапарға алда.
Не бетімізді айтамыз Болашакқа?
Жат қылықты қалдырмай апарғанда.

Жамандық атаулыны қалдырындар,
Суга батыр, отка өрте, жандырындар.
Болашак деп аталған өлмес-өшпес,
Жақсылықтан жарапған тағдырың бар.

Қыз-қырқын, жігіт-желен, шалдарың бар,
Ертең біз жол жүреміз, камданындар!
...Тірі жетсен, Болашак өзі айтады,
Кайсынң ың қанша пүттық салмағың бар.

M.Макатаев



2-тапсырма. Өлеңнің мазмұны бойынша ассоциативті қатар құрындар.

| Сөздер мен сөз тіркестері | Ассоциативті катары |
|---------------------------|---------------------|
| 1 | 2 |
| жігіт-желен | бозбала |
| шал | |
| жол ұзак | |

Жалғасы

| 1 | 2 |
|------------|-------------------|
| болашақ | |
| сый-сияпат | |
| коркау | |
| жат қылыш | |
| кыз-кыркын | |
| салмагын | жеткен жетістігін |



3-тапсырма. Сабакта жағымды атмосфера орнатып, өлеңдегі негізгі ойды анықтандар. Ол үшін мынадай сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ақын өлеңде тілек тілей ме, әлде акыл айта ма?
2. *Болашақ* деп нені мензеп отыр?
3. Болашаққа қандай сый-сияппен баруымыз керек?
4. Қандай қасиеттер кесірін тигізеді?
5. «Қайсының қанша пүттық салмагын бар» дегенді қалай түсіндір?



4-тапсырма. Берілген етістіктерді қатыстырып сөйлемдер құрандар.

Камдан, катарға алма, калдыр, суга батыр, отка өрте, кеселін тигізбе.



5-тапсырма. Өздік, өзгелік етіс түрлерін қызметіне сай орынды қолданып, «Болашаққа қосар үлесіміз» деген тақырыпта шолу мәтінін жазындар.



6-тапсырма. Ән шырқайық. Топқа бөлініп, «Армандастар», «Атамекен», «Өз елім» әнін орындаңдар.



7-тапсырма. Бүгінгі сабакқа өз пікірлерінді білдіріп, сөйлемдерді толықтырындар.

- Бүгінгі сабакта мен түсіндім.
- кіпіндық тудырды.
- Мен өзімді үшін мақтар едім.
- Маган ерекше ұнаганы
- Сабактан соң маган ой келді.

15-16-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. «БББ» кестесі бойынша сабакқа өз ұсыныстарынды жазындар.

Білемін

Білдім

Білгім келеді



2-тапсырма. Топқа бөлініп, «Жолың болсын, жолаушы» тақырыбына пікірталас ұйымдастырындар.

Камтылатын ақпараттар:

- «Жол мұраты – жету» нақыл сезінің мағынасы;
- жолаушыға айтылатын тілектер;
- жол жүргүре қатысты ырымдар мен наным-сенімдер;
- жол жүрү – мақсатты іс.



3-тапсырма. Ізденуге арналған жұмыс. Әуежайларда жолаушыларға жасалатын қызметтер туралы қызықты деректер көлтіріп, шолу жасандар.

Улғи.

Швейцарияның тұрмыс деңгейі ете жоғары он каласының бірі болып саналатын Цюрих әуежайы жолаушыларға барлық жағдайды жасаған. Мұнда велосипед пен ролик конькилерін жалға альшып, сырғанауга, әуежайдың ішін арадауга, ұшактарды сынақ аланынан көруге, моншага түсуге болады.



4-тапсырма. Сен мектепті бітіріп, куәлік алдың. Әрі қарай өмірінді қалай құратынынды, қандай оқу орнын бітіретінінді, жолдамамен қайда баратынынды болжап, жоспар құр.



5-тапсырма. М. Дулатұлының «Адамға тіршілік не үшін керек?» деген сезін тақырыппен байланыстырып әссе жазындар. Эсседе өзгелік етістер болсын.

«Адамзатқа тіршілік не үшін керек?» деген сұраққа әр заманда түрлі халықтың данышпандары түрліше жауап береді. Адамға жан беріліп, дүниежүзінде жүргүре ғұмыр берілген соң, ол ғұмыр жеп-ішіп, үйіктап тұруданған болмауы керек. Адамға ойлауга ақыл берілді, бір-бірімен сейлесуге тіл берілді. Олай болса, адамзатқа тіршілік ғұмырды бекерге зияқтың өткізуге берілген жок.

М.Дулатұры



6-тапсырма. Ойтаразы. Эссені талапқа сай жазған-жазбағандарынды бағаландар. Тақырыпқа қажетті сездік қорларың жетті ме? Тақырыпты кім жақсы ашты?

З-тақырып

КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ. ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ

Тұлпарына мінісіп, дүлдүліне,
Қаздай шұбап қалып кеш жүрді, міне.
Ашық-жарқын жас-кәрі жайрандасар,
«Кеш көлікті болсын» деп бір-біріне.

Кара өлең

1-2-сабақ

Көшпендилер тұрмысы

Ойтұрткі

- Халықтың кара өлеңінен қандай көніл күйді байқадындар?
Төмендегі сәйкес келетін сөздің тұсына «+» белгісін қойындар.
Ойларынды өлең жолдары арқылы дәлелдендер.

| Сөздер | |
|--------|--|
| Куаныш | |
| Шаттық | |
| Реніш | |
| Камығу | |

 **1-тапсырма.** Мәтінді тыңдандар (13-аудио). Мәтінде не туралы айтылған?
Автордың ойын бағаландар.


Кең-байтак жерге иелік еткен қазактар ежелгі заманнан мал жайылымының ынғайына қарай көшпелі тұрмыс кешті. Қыс пен жаздың әр өнірде ерте-кеш келіп отыруы, малдың жем-суын осы табиғат күбылыстарына қарай дайындау көшпелі тұрмыс кажеттігін туғызды. Қысы ерте түсіп, жазы кеш шығатын солтүстік өнір «жаз жайлай», ал күні жылы, қысы жұмсақ онтүстік өнір «қыс қыстау» болған. Онтүстік өнірде қыстап шықкан мал қар суымен шұбырта кешіп отырып, Сарыарқаның кең жайлауына жеткен.

Жайлайға қашан көшу, қыстаута қашан бару сияқты жұмыстардың уақыты мен осы мезгілдегі түрлі табиғат, ауа райы өзгерістері алдын ала жүлдізшылардың жор амалымен белгіленіп отырған.

«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдем-ғұрынтары» кітабынан



2-тапсырма. Көшпелі сезінің түбірін тауып, сол сөзben төмендегі сөздерді тіркестіріп жазындар. Олардың мағынасын сейлемдер құрап түсіндіріндер.



Керекті сөздер: келеді, жолы, көркі, жүгі, жүре түзеледі.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап берे отырып, пікірлесіндер.

1. Көшпелі тұрмыс қандай кажеттіліктен туындаған?
2. Не себепті *жаз жайлай*, *қыс қыстау* деп аталды?
3. *Шұбырта көшу* дегенді қалай түсіндіндер?
4. Жұлдызышылардың жорамалы не үшін керек болды?



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тірек сезідер, сез тіркестері мен бейнелі сөздерді кестеге орналастырындар. Өз жазғандарынды жұптарының жазғанымен салыстырындар.

Көшпенділер өз тұрмыс-тіршілігіне лайыкты мәдениет қалыптасырган. Көшпенділердің материалдық мәдениеті қөшіп-конуга ынғайланып жасалған. Мұндай мәдениет үлгілеріне жиналмалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үй, ер-тұрман, ат әбзелдері, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар, бесік, басқа да тұрмыстық заттар жатады.

Киіз үй – қыста сүйк аяздан, жазда апташыптың көрінісінен, тез жинап, тұрғыза коятын құрастырмалы баспана. Сонымен қатар ол – көшпелі халыктың өмірлік салт-дәстүрінің ажырамас белігі. Дөңгеленген сыртқы пішіні қатты желге төтеп берсе, туырлықтар жауыннан кейін тез кебеді. Шенбер тәрізді шанырактан және күлдіреуіштен тұрады. Оның төбесін түндіктің жартылай ашып тұруы, бір жағынан, тұрмыс кажеттерінен туса (жарық түсетін терезе, тутін шығатын мұржа, таза ауа), екінші жағынан, шанырак шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке аппаратын жол іспеттес. Егер киіз үйге жоғарыдан төмен карасак, онда шанырак күнге, ал уық керегелері оның сәулелеріне ұксас.

Шанырак: Үй-тұрмыстық энциклопедиясынан



5-тапсырма. Мәтінді қайталап оқындар. Мәтін мазмұнын баяндама арқылы жеткізіндер.

Талаптары:

- мәтін мазмұны бойынша сурет сал;
- оны жанында отырған жұбына бер;
- жұбының салған суреттерін қолдана отырып, мәтін мазмұнын баянда;
- мәтін мазмұнын негұрлым кең ашып, оны жаксы қорғап шыккан окушы женімпаз болады.



6-тапсырма. «Киіз үй жабдығы» деген тақырыпта шағын мәтін жазындар.



7-тапсырма. Пікірталас. «Киіз үй лашық емес, ол – көшпендер танымының көрінісі және тиімді өмір сүрудің жолы» деген тұжырымға өз көзқарастарындағы білдіріндер.



8-тапсырма. «БББ» кестесін толтырындар.

| Білемін | Білдім | Білгім келеді |
|---------|--------|---------------|
| | | |

3-4-сабақ**Дала даналығы****Ойтұрткі**

- Такырыпты қалай түсіндіндер? Сабақ тақырыбына қатысты ассоциативті қатар (ассоциация тудыратын сөздерді бір қатарға жазу) түзіндер.



1-тапсырма. Жазылған ассоциациялық сөздерді салыстырындар. Тақырыпқа қатысы болса, дәлелдендер. Тақырыпқа қатысы болмаса, сол сөздерді алып тастап, себебін түсіндіріндер.



2-тапсырма. В.Новицкийдің сөзін тыңда (14-аудио). Эмоцияны білдіретін сейлемді қайталап айт.

Осынау көшпендердің жері қандай ұлы, қандай кең! Тибет тауының етегінен Батыс Сібір ормандарының онгүстік шегарасына дейін және Еділ жағалауы жазығынан Байкал көліне дейін созылып жатыр! Осы бір кең-байтак жерді өздерінің киіз үйлерімен және сансыз көп малымен сол даланың үрпактары мекен еткен.

В.Новицкий



3-тапсырма. Не түсіндіндер? Сызба арқылы көрсетіндер. Сызбаны сзызу үшін Қазақстанның физикалық картасын пайдаланындар. Жұптарыңмен бірге дұрыс-бұрыстығын тексеріндер.

ОРТАҚ ЕТІС

Ортақ етіс қымыл, іс-әрекеттің бір емес, бірнеше адам арқылы іске асқанын білдіреді. Мысалы: *Олар хат жазысып тұрды.* Ол бізге үй салысты. Қонақтар әңгімелесті.

Ортақ етістің жүрнақтары: -ыс, -іс, -с. Мысалы: *сөйлестір, жинастыр, кездестір, айттысты, жуысты.* Сондай-ақ етіс жүрнақтары бірінің үстіне екіншісі де жалғана береді. Мысалы, *сөйлестір* дегенде, түбірі – *сөйле*, -с – ортақ етіс жүрнағы, ал *-тір* – өзгелік етіс жүрнағы.

Ортақ етістің жасалу жолдары:

- -ыс: айт+ыс+ты, жаз+ыс+ты;
- -ін: көр+іс+ті, біл+іс+ті;
- -с: сейле+с+ті, сұра+с+ты.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, алдыңғы мәтінмен салыстырыңдар. Ортақ ойды жеткізіп тұрған сөздерді анықтаңдар. Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

Жазық дала тек кекжиекпен шенбер тәрізді шектелген. Сондықтан көшпенілдердің тұрагы да дөңгелек. Орталық Азиядағы күмбездік архитектураның бір бастауы – көшпенілдердің киіз үйі. Қазақ халқы қолөнер шеберлерін жоғары бағалаған. «Ағаштан түйін түйген», «Он саусағынан өнер тамған» шебер ұсталар, тоқымашылар т.б. іскер адамдар халықтың материалдық мәдениетінің тамаша үлгілерін жасаған. Халық өнері, әсіресе, киіз үй жиһаздары мен ұлттық киімнен айқын көрініс тапты. Қазақ жерінде XIX ғасырда айдауда болған поляк Бронислав Залесский былай суреттейді: «Бұл бір тажайып көрініс: олар көш кезінде мерекедегідей жасана киінеді. Ен әдемі киімдерді, әсіресе байлардың алтын зер төгіп тіккен шапандарын осы кезде көруге болады. Ауыл аксакалы көш бастаса, ер-тоқымына қызыл шұғамен тысталған көпшік немесе кілемше жауып, зайыбы атқа мініп, оның сонынан ереді... Атты, атқа салт мініп жүруді жақсы көретін бұл халық, ен алдымен, келігінің әбzelіне кебірек көніл бөледі. **Ер-тұрман** олар үшін байлыктың белгісіндей болып безендірілуге тиіс. Ердің алдыңғы қасын көбіне күміс қаптатып өрнектейді, тіпті қолы жеткендерінің асыл тас орнататындары да болады. **Жүтен, өмілдірік, құйыскан** – бәрі де шебер өріліп, шығыс үлгісіндегі өрнектермен безендіріледі.

«Мәдениеттану » оқулығынан



5-тапсырма. Көш кезіндегі көрініс жайлы жұптарынмен диалог құрындар.

Керекті сөздер: көш кезі, көш көлігі, көліктің ер-тұрманы, ұлттық киім, материалдық мәдениет көрінісі, киіз үй жиһаздары, шеберле р.



6-тапсырма. Көшпендердің тұрағын көз алдыңа елестетіп, дала көрінісімен салыстыр. Ол жөнінде сыныптастарыңа айтып бер.



7-тапсырма. Көшпендердің кеш салтанатын суреттеп жазындар. Мәтінде өзгелік және ортақ етіс жүрнақтарын орнымен пайдаланындар.



8-тапсырма. Мәтіннің стильдік ерекшелігіне, мәтіндегі негізгі ойға сипаттама жаз.

| | | |
|--------------------------------|---|--------------------------------------|
| Стильді аныктап тұрған ақпарат | Мәтін мазмұнын ашып тұрған негізгі сейлем | Мәтіннен қандай ой түйдің? Бага бер. |
| | | |



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парагын» толтырындар.

- Бүгінгі сабактан не білдіңдер, бұрын нені білетін едіндер?
- Мәтіндердегі мағынасы таныс емес сөздердің мағынасын кімнің көмегімен түсіндіндер?
- Шетелдіктердің сезі сендерге калай әсер етті?

5-6-сабақ

Көшпендер мәдениеті

Ойтұрткі

- Көшпендер мәдениетіне не жатады? Кластер түзіп, әнгімелендер.



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (15-аудио). Мәтін не туралы және кейіпкері кім?

Қазақтар – әр нәрсеге өте икемді әрі кеңпейіл халық. Қазақтар өздерінің ата-бабалары емін-еркін көшіп-конып жүрген даласын жаңымен сүйеді. Олар ұшы-қыры жок кең даласын еш нәрсеге тенгермейді. Пә, дала шынында да ғажап! Оның қектемігі жупар ауасын айтсаныш! Кек шөп біткеннің бәрі күн жылдысымен-ақ қаулаپ еседі.

С.Гедин



2-тапсырма. Берілген сызба бойынша автордың сезін бағалап, оған өз көзқарастарынды білдіріндер.

Иә, казақ халқы жаңымен сүйеді.

С.Гедин дұрыс айтады, олар даласын

Шынында да,, ғажап. Мен де даланы

Әсіресе күн жылсымен, ... кек шебіне караганды ұнатамын, даланың сіміре жұтамын.



3-тапсырма. Өздерің тұратын жердің жыл мезгілдерін (көктем, жаз, күз, кыс) суреттеп жазындар. Жазбаларында өздік, өзгелік, ортақ етістер болсын.



4-тапсырма. Мәтінге тақырып қойындар. Автор қандай мәселені көтеріп отыр?

Кешпенділер отырықшыларға караганда табиғатқа жакынырак, онымен етene өмір сүрген. Кешпенділерде табиғатка негізделген дүниетаным, ақынжандылық, киялшылдық, шығармашылықпен ойлау жүйесі қатты дамыды. Бұдан «отырықшы халыктарда бұл касиет болмады не аз көрініс тапты» деген ой тумауы керек. Тек бұл касиеттердің калыптасуына, көрініс тауып, іске асуына көшпелі өмір көбірек жағдай туғызды. Кешпенділерде де отырықшы елдер сияқты, жазу ерте пайда болды. Біз сак жазуларының (б.з.д. I-мыңжылдықтың ортасы), түркі жазуларының (б.з. VII–VIII ғасырлар) болғандығын білеміз. Бірақ әртүрлі себептерге байланысты кешпенділер отырықшыларға караганда жазу-сызууды кенинен дамыта алмады. Олардың рухани мәдениеті – шежіре тарихы, фольклоры, діни ұстаным-қагидалары жадында сакталды, ауыздан-ауызға ауызш атаралып жетті.

«Қазақ халқының мәдениеті» кітабынан



5-тапсырма. Берілген сөздердің ассоциативті қатарын тауып, «Қос жазба күнделігінде» мағынасын түсіндіріңдер.

Отырықшылық, етene өмір сүру, рухани мәдениет, ақынжандылық, шығармашылықпен ойлау.

Улei :

| Сөздер | Ассоциативтік қатары | Мағынасы |
|-------------|----------------------|---------------------|
| отырықшылық | диканшылық | бау-бакша, егін егу |
| | | |



6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жұптарыңмен талқыланыңдар.

- жана оқылған 3 факті;
- женіл акпарат;
- қын акпарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін акпарат.



7-тапсырма. «Олардың рухани мәдениеті – шежіре тарихы, фольклоры, діни ұстаным-қагидалары жадында сақталды, ауыздан-ауызға аудиша таралып жетті» деген пікірге мысал келтіріп, кеңейтіп жазындар.



8-тапсырма. Бүгінгі сабакқа өз пікірлерінді білдіріп, сөйлемдерді толықтырындар.

- Бүтінгі сабакта мен түсіндім.
- күнендік тудырды.
- Мен өзімді үшін мақтар едім.
- Маған ерекше ұнаганы
- Сабактан соң маған ой келді.



7-8-сабақ



Қазақтың халық құнтізбесі

Ойтурткі

- Қазақ халқы ай мен жұлдыздарға қарап, нені болжай білген?
- Қандай жұлдыздарды білесіндер?



1-тапсырма. Суреттен не көріп тұрсындар?



Шоқжұлдыздар



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (16-аудио). Болжамдарыңмен сایкес келді ме?

Казак есепшілері аспан жұлдыздарына қарап, онтүстік және солтүстік бағыттарды ете жақсы айыра білген. Олар өздері отбасында

үнемі тұтынып жүрген шөмішке ұксаган Жетікарақшы жұлдызының жазбай таниды. Осы жұлдыздың айналу қозғалысын үнемі бақылап, бағыт-бағдарын айырып отырды. Ал аспанның как ортасында оттай маздап, нұр шашып жанып, қозғалмай тұрған жарық жұлдызы Темірқазық деп атады. Оны ат арқандайтын казыкка ұксатты. Темірқазық жұлдызына ең жақын тұрған екі жұлдыз бар. Оның бірі – Жетікарақшы, енді бірі – өрмекшіге ұксаган Каракүрт жұлдызы. Қазақ есепшілері басқа жұлдыздардан бұрын, ең әуелі осы жұлдыздарды жақсы білді. Әрі бұл жұлдыздарға қазақ тілінде осындай жарасымды аттар тауып қойды. Қазақ осы аталған жұлдыздардың тұрған орны арқылы бағыттарын дұрыс, дәлме-дәл айыра білді.

Б.Болайды



3-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар.

1. Мәтінде кандай жұлдыздар туралы айтылған?
2. Жетікарақшы жұлдызы туралы не білесін?
3. Бұл жұлдыз неліктен бұлай аталған?
4. Жетікарақшы жұлдызына қарап нені білген?
5. Аспанның ортасында оттай маздап жанып туратын кандай жұлдыз?



4-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнына қарай ат қойындар. Әр азатжолда не туралы айтылғанын жүптарыңа түсіндіріндер.



Аспан әлемі

Қазақ есепшілері Жетікарақшы жұлдызының батпас жұлдыздар катарына жатқызады. Жетікарақшы жұлдызы батып кетпейді, жок болмайды. Баяғыда ата-бабаларымыз Жетікарақшы жұлдызының «аспан әлемінің сататы» немесе «аспан тілі» деп атаған екен. Қазақ малышылары Жетікарақшы жұлдызының ауынан түнгі тәулікті дұрыс айыра білген. Соның нәтижесінде бір түнді «кеш», «түн ортасы», «тан алды» деп үшке бөліп карастырган.

Қазақ түн катып жол жүргенде, алыс сапарға шыққанда, барада бағытын аспан жұлдыздарына қарап айырып отырған. Алдымен аспанға қарап, Темірқазық жұлдызын тауып алады да, содан соң Жетікарақшы жұлдызының қалай қарай ауып бара жатқан

бағытына көз жібереді. Сосын оның кай жақта, кай орында тұрғанын анықтайды да, баратын бағыт-бағдарын, беталысын соған қарай туралайды.

Казактың байыргы малшылары Жетікарақшыны уақыт өлшектін сағат орнына пайдаланған. Уақыт тілі деп білген. Қазақ есепшілері кешкүрим, жұлдыз тұа бастаған шақта, Жетікарақшы жұлдызы аспан әлемінің солтүстік бүйірінен көрінген кезді «кеш кірді» деп үйгарған. Түн ортасында Жетікарақшы жұлдызының аспан әлемі солтүстігінің как ортасынан көрінуін казақ «жеті қаранғы түн», «түн ортасы», «қап-қаранғы түн» деп есептеген. Таң алдында Жетікарақшы жұлдызы аспан әлемінің солтүстік жартышар бүйірінен көрінуін казақ «таң алды», «сәресі» деп үйгарған.

Б.Болайұлы



5-тапсырма. «Қазақ халқы Жетіқарақшы жұлдызын неліктен аспан әлемінің сағаты немесе аспан тілі деп атаған?» деген сұрақ бойынша пікірталас үйымдастырындар.



6-тапсырма. Керекті сөздерді пайдаланып, Жетіқарақшы жұлдызына қатысты аңыз әнгіменің мәтінін толықтырып жаз.

Жетіқарақшы жұлдызы ... жұлдызына байланған ак боз ат пен көк боз атты болып, түн бойы торуылда, ... жүреді. Сол кезде ... шок жұлдызы аспан әлемінен Бір уақытта ... жарқырап, Таразы жұлдызы көтеріледі. Оның тағы бір қырынан ... жұлдызы көрінеді. Енді ... жұлдызы көз ілмей, осы жұлдыздарды түгел үйіктатып тастап, ак боз ат пен көк боз атқа таяп қалғанда, таң атар алдында Таң... жұлдызы күншығыстан жарқ ете қалады. Сонымен лезде таң атады да кетеді. Жетіқарақшы жұлдызы ұрлығын тоқтатып, келер кешт е жалғастыруға қалдырады...

Керекті сөздер: Темірказық, андып, ұрлап алмақшы, көрінеді, Үркер, ар жағынан, Сүмбіле, Шолпан, Жетіқарақшы.



7-тапсырма. «Қазақтың күнтізбесі» деген тақырыпта жұбынан сұхбат ал. Сұхбат сұрақтарын өзің дайында.



8-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдеп жазындар.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

9-10-сабак

Ілияс Есенберлин. «Кешпенділер»
(үзінді)

Ойтұрткі

- Илияс Есенберлин кім? Ол туралы не білесіндер?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Қандай әсер қалдырыды? Алған әсерлерінді сыныптастарыңа айтып беріңдер.

Жазушы Илияс Есенберлиннің «Кешпенділер» романы алғаш рет 1976 жылы «Жазушы» баспасынан жарыкка шықкан. Кейін 1978 жылы Мәскеуде орыс тілінде басылды.

Трилогияны орыс тіліне аударған – Морис Симашко. «Кешпенділер» трилогиясы 1983 жылы Польшада, 1986 жылы Венгрияда басылды.

«Кешпенділер» трилогиясында XV–XIX ғасырлар аралығындағы Қазақ хандығы өмір сүрген кезең суреттеледі. Окига бүтінгі Алтайдан Атырауға дейінгі шығыс пен батыс аралығы, Батыс Сібір ойпаты мен Самарқан, Сырдарияға дейінгі солтүстік пен онгустік аралығын қамтитын географиялық аймақта өтеді. Шығарма кейіпкерлері – тарихи тұлғалар. Шынғыс хан дәуірінен басталып, Кенесарымен аяқталатын Қазақ мемлекетінің басында тұрған хандар, ел мұны мен арман-тілегінің хабаршысы акын-жыраулар, ел мен жер үшін, үрпак болашағы үшін жан аямай шайқасқан батырлар. Бұлар – ел есінде аттары жатталып, тарихта қалған, өмірде болған тұлғалар.

P.Нұргали



2-тапсырма. Романдағы оқиға орын алған жерлерді сыйба бойынша толықтырып айт.

Алтайдан →

Батыс →

Самарқан мен Сырдарияга →



3-тапсырма. Мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын «Қос жазба күнделігінде» ашып түсіндіріңдер.

| Сөздер мен сөз тіркестері | Мағынасы |
|---------------------------|----------|
| трилогия | |
| Қазақ хандығы | |
| тарихи тұлғалар | |
| хабаршы | |
| ел есінде жатталған | |



4-тапсырма. Жұлтық жұмыс. Романның кейіпкерлері кімдер екендігін негіздел, диаграммаға салып көрсетіндер. Қай жұп толық айтса, сол жұп женіп шығады.



5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінге қандай тақырып қояр едіндер? Неліктен олай атағандарынды түсіндіріндер.

Әбілқайыр Ордасы бұл кезде Кенгір өзенінің жағасындағы Орда-базар қаласында еді. Ұлы асқа бүкіл Дешті-Қыпшақ пен Мауреннахрдың бек-сұлтандары тегіс келетінін білетін хан асты кең жайлауда – Ұлытаудың күнбатыс жағындағы Аккел жағасында өткізбек болды. Шілденің бас кезі еді. Бір шеті мен екінші шеті **ат шаптырым, күміс толқынды** Аккелдің кең алқап жазира даласы ат бауырынан келген кек шалғынға бөлениген. Қыратты жердегі хош иісті көде-кеекпектің өзі **тізеге жетеді**. Алыстан мұнарлана Едіге батыр мен Токтамыс ханның сүйектері койылған Ұлытау мен Кішітаудың сүйір бастары көрінеді. Кек шалғынның арасындағы бармақтай-бармақтай бол өскен бүлдірген мен жиңдектен **көз тұнады**. Аласа бұталарға сынси біткен каракаттын да піскен кезі... Көл үстінде күндізтүні тынбаган күс кикуы... Ортасындағы ак айцында канаттана бастаған көгілдірлерін ертіп бір топ акку сыйызың үніндей қоныркай дауыстарымен **сынсып ән салады**. Сабагы сояуланып калған кызғалдақ, лала, жаушымылдық, раушан гүлдерінен жұпар аңқиды.

I.Есенбергин. «Көшпендер» кітабынан



6-тапсырма. Мәтінде кездесетін есімдіктер атауын тауып, суретін салындар. Оларды сын есімдермен тіркестіріп, табиғатты суреттеп жеткізіндер.



7-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген фразеологизмдердің мағынасын қалай түсіндіндер? Ассоциативті қатар түзіп, түсіндіріндер.



8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

- Көшпендердің ас беру дәстүрі туралы не білдіндер?
- Ас қандай жағдайда беріледі?

11-12-сабак

Балбал тастар

Ойтұрткі

- *Балбал тас* дегенді бұрын-сонды естідіндер ме?
- *Балбал* сөзі қандай мағына береді?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Автор не айтқысы келді? Автордың көзқарасын анықтаңдар.

Осынау ұшы-қыры жок кең даланың ортасында төңкерілген күміс кеседей жарқырап, ак айдын Ақкөл жатыр. Жан-жағы сонау көкжекке дейін мидай дала. Ұшкан құстан, жүгірген аңнан бөтен тірі жан көрінбейді. Тек келдің батыс жағында кегілдір белес бар. Белестің үстінде сұрғылт оба тас пен бірнеше балбал тұр. Оба тас – мұрты салбыраған, он колына қымыз ішетін тостаған тәрізді ыдыс ұстаған келсаптай шомбал ғажайып бір бейне. Бұл тастар жөнінде халық арасында екі аныз бар. Бірі – кене қышшактарда өлген адамды жерлегенде не жетісін, қырқын, асын бергенде, оның бейнесіне сәйкестендіріп қуыршақ ойып, үстіне бұрынғы киімдерін кигізіп, өздерінің ортасына отырғызытын дәстүр болған. Өйткені кене қышшактардың түсінігінше, адам жаны өлмейді, үнемі туыс-туғандарымен бірге жүреді. Жоктауға жиналған кісілердің бәрінің денесінде өз жаны болғандықтан, өліктің жаны өзінің қуыршақ бейнесіне барып орналасуга тиіс. Қуыршақ боп ол өзінің жерлеу рәсіміне, жетісіне, асына қатысуы керек.

I.Есенберлин. «Көшпендейтер» кітабынан



2-тапсырма. Ас етіп жатқан жерді өз сезіммен сипаттап айт.



3-тапсырма. Балбал тас туралы шағын мәтін жаз. Қоржындағы түсінік пен мәтіндегі ақпаратты пайдалан.

Түсіндірме сөздік

Балбал – тастан қашап жасалған адам бейнесіндегі ескерткіш. Қазақ даласының барлық аймақтарында кездеседі



Балбал тас



4-тапсырма. «Қыпшақтардың аруақтарды қадірлеу рәсімі» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырындар.

Пікірталас шарты:

- Илияс Есенберлиннің шығармасындағы ойларды негіз етіп алу;
- өз көзкарасын білдіру;
- қарсы пікірдің болуы;
- дәлелдердің шынайылығы.



5-тапсырма. Матінді оқындар. Матін кейіпкері кімдер? Кандай асер алдындар?

Еділ мен Ертістің ортасын «Дешті Қыпшақ жері» не «Қыпшак даласы» деп атап кеткен. Қыпшақтар он бірінші ғасырдың орта шенінде Днепр өзеніне келіп жеткен.

Бұлар ғасырлар бойы жауына жок жерден тиіп, үнемі ат үстінен түспей жаттықкан, ұзак жорыктарда шынықкан жауажүрек жауынгерлер еді. Жасынан садақ атып, аркан тастап үйренген қыпшақтар ұшып бара жатқан құсты көздемей бір-ак тартып түсіретін шетінен мерген болатын. Бұлардың негізгі каруы – садақ, пықтарына ілгені – жебеге толы корамсақ, кисық алдаспан. Көпшілігі наиза ұстайтын. Үнемі ұшықыры жок далада көшіп жүретіндіктен, дала бүркіттеріндей қырағы болатын. Жауга бұлардан жасырынып калу мүмкін емес еді. Жау жағының әскерін көрісімен-ак бұлар садактарынан жебені кардай боратып, ат коятын. Карсы жағы мықты болса, коркып кеткендей жорта кейін шаба жөнелетін. Қашқан қыпшақтарды жаулары оп-онай қуып тастамақ болып тұра ұмтылса, бір жасырын койнауда тығылып тұрган мергендері оларды оқтың астына алатын. Мұндай жағдайға ұшыраған жау әскері сасып калып, сал кідрсе, жана ғана қашып келе жатқан қыпшақтар аттарының басын бұрып, кайтадан карсы шабуыл жасайтын. Мұндай тәсілге үйренбекен жау әскері қаша жөнелетін. Оларды қыпшақтар арттарынан қуып жүріп қыр ып салатын...

Түсіндірме сөздік

жебе – садақ оғының үші

корамсақ – садақ оғы салынатын қап

алдаспан – ауыр қылыш
ат қою – атпен шабуыл жасау

жорта – әдейі



6-тапсырма. Мәтіннің стильдік ерекшелігіне, мәтіндегі негізгі ойға сипаттама беріңдер.

| | | |
|--------------------------------|---|--------------------------------------|
| Стильді анықтап тұрған ақпарат | Мәтін мазмұнын ашып тұрған негізгі сейлем | Мәтіннен қандай ой түйдің? Баға бер. |
|--------------------------------|---|--------------------------------------|



7-тапсырма. Сызба бойынша мәтін кейіпкерлерінің бейнесін ашып жазындар.



8-тапсырма. Ойтаразы. Сұрақтарға жауап беріндер.

- Такырыпка катысты сөздік корларың жетті ме?
- Такырыпты кім жаксы ашты?
- Кімнің келтірген деректері ұнады?

13-сабак

Нәтиже сабак



1-тапсырма. Көшпенділердің материалдық және рухани мәдениеті туралы кластер түзіп, әңгімелендер.



2-тапсырма. Сұрақтар бойынша өзара диалог құрындар.


1. Ертеде сағат болмаған кезде казактар уақытты қалай білген?
2. Сағат рөлін атқарған қандай жүлдyzды білесін?
3. Жетікарапшы жүлдзызы туралы қандай аныз айта аласын?



3-тапсырма. Ілияс Есенберлиннің романынан берілген үзінділерден кешпенділер мәдениеті туралы қандай мағлұматтар алдындар? Жұптасып, пікірлерінді қорғап шығындар.



4-тапсырма. Тындалым және оқылым мәтіндеріндегі ақпараттарды пайдаланып, сызбаны толтырындар.



5-тапсырма. «Кешпенділердің тұрмысы мен мәдениеті» деген тақырыпта шағын мақала жазындар. Нақыл сөздерді қолданындар.

4-тақырып

ЗАҢ – ҚОҒАМНЫң ТІРЕГІ

Өзін-өзі білген ер – бақытты,
Өзін-өзі билеген ел – бақытты.

Мақал

1-2-сабак**Қазақ даласындағы құқық
бастаулары****Ойтұрткі**

- «Құқық бастаулары» дегенді естігенде ойна не келеді?
- Зан не үшін керек?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Көтерілген мәселелерді тезис түрінде жазындар.

Қазақ құқығының қалыптасып, дамуына алғышарт болған үш фактор болды. Біріншіден, қазактар және олардың ата-бабалары мекендереген Еуразия континентіндегі жердің байтак кеңдігі. Қазақстан Республикасы бүтінгі күні аумағы бойынша әлемде 9-орында, 2,72 миллион шаршы шакырымды алып жатыр. Бұдан 200–300 жыл бұрын одан 1,5–2 есе үлкен аумакты алып жатқан. Екіншіден, Шығыстан Батысқа қарай ауысқан кешпелі халықтың жолдары осы Еуразия даласы арқылы өткен. Орталық Азия мемлекеттік құрылымдарының бөлшектері осы «Қазакия» деп аталатын еркін аумакты мекендейді. Үшіншіден, осы ұлан-байтак далада соғыстар тоқтап, бейбітшілік өмірге ерте ауысты. Жаулаң алушылық пен жорыктар жерді корғау және өзін-өзі нығайту идеяларына ұласты. Қазақ сахараасындағы ірілі-ұсакты мемлекеттік құрылымдар ұланғайыр далада «әділеттік», «бостандық», «еркіндік» идеяларын мұра етіп артына қалдырды.

С.Зиманов



2-тапсырма. «Қазақия» аумағын картадан табындар. Қазақ құқығы дамуының алғышарттарын тірексызба арқылы жұлтарына түсіндіріндер.



3-тапсырма. «Атаулар кестесін» толтырындар. Берілген атаулар туралы қандай түсініктерің бар?

| Әділеттік | Бостандық | Еркіндік |
|-----------|-----------|----------|
| | | |

4-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (17-аудио). Қандай сөздер естерінде қалды? Қандай сөздерді бұрыннан білесіндер?

Көшпелі өркениеттің байтак аймағы – «Ұлы Дала» аталатын жер шарының Орталық Азия бөлігі. Сол кезде осы аймактағы елдердің этникалық құрамын, негізінен, түркітекес халықтар қурады. Сондыктan да бұл даланы мәдени-этникалық мағынада «Тұран», «Түркістан» деп атаған. Қазактың көне құқығы – ұлан-гайыр аймакта орналасқан түркі тілді көшпелі өркениеттің төл туындысы, әрі мәдени жемісі, әрі мұрасы.

Казіргі Қазақстан аумағын мекендеген халықтар өмірінде көптеген ғасыр бойы астан-кестен оқиғалар және өзгерістер болды. Қазактар ұрпактар үшін көне дәүірдің мұрасы ретінде екі мәнгі құндылықты сақтап қалды: ол – сөз құдіреті мен зан құдіреті.

Қазақ құқығы – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мынжылдық тарихымен, өзіндік ерекшелігімен және өміршендігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен и әлем на зауна ілінді.

С.Зиманов

5-тапсырма. Мына сұзба арқылы ойларынды дамытындар.



6-тапсырма. Топтық жұмыс. «Көшпендейлер мәдениеті» деген тақырыпта алған білімдерінді пайдаланып, төмендегі тұжырымдарды қорғап шығындар.

1-топ. Халық өмірінде ғасырлар бойы астан-кестен оқиғалар және өзгерістер болды.

2-топ. Қазақ құқығы – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы.

**7-тапсырма.** Ойтаразы. 3–2–1 критерийі бойынша анықтандар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

3-4-сабақ**Дала заңы****Ойтұрткі**

- Қазак қоғамында билердің рөлі қандай болды?
- Олар қандай мәселелерді шешкен?

**1-тапсырма.** Матінді зерделеп оқындар. Қазақ заңының ерекшеліктерін тауып, дәптерлеріне жазындар.

Әр елдің, халықтың өзіне лайық заны бар. Мұндай зан біздің халқымызда да ертеден калыптаскан. Ол кезінде қағазға түспесе де, білікті, зерделі, беделді адамдардың, ақсақалдардың аузынан көпке тарап, ғасырлар көшіне ілесіп, жалгасып отырған. Бұл ережелер, қағидалар далалық ұлтардың әдет-ғұрпына, тұрмысына лайық жасалып, қылмыс, дау, әділет істері осы зан негізінде шешімін тапқан. Қазақ заңының тағы бір ерекшелігі сол, тек әділдік пен дін жолын ұстанумен бірге сез өнерін: шешендік, тапқырлық, айтқыштық өнерді де жоғары бағалаған. Соган лайық әділ билердің өзін де, сезін де макұлдаپ, қадір тұтып, олардың есімін аузынан тастамаған. Қара қылды как жарған Мәңке, Едіге, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Жанқұтты, Байдалы, Досбол, Сырым сынды билерді халық тебесіне кетеріп, ханмен катар қадірлеп, күрмет тұтқан. Осы кіслердің дуалы аузынан әділ занға арналған «Ұсынған басты қылыш кеспейді», «Аталы сезге арсыз тоқтамайды», «Жаңылғанға жаза жок» деген көркем көсемсөздер тұган.

«Қазақтың Ата заңдары» кітабынан

**2-тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазақтың қандай би-шешендерін білесіндер?
2. Қазақ халқы нені жоғары бағалаған?
3. «Қара қылды как жарған» деген фразеологизмнің мағынасы нені білдіреді?
4. Қалай ойлайсындар, халық неліктен би-шешендерге жүгінген?
5. «Жаңылғанға жаза жок» дегенді қалай түсіндіндер?



3-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдік қатарын толықтыр.

Ел _____
 Білікті _____
 Ережелер _____
 Әдет-тұрпы _____
 Шеше ндік _____

ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС

Ырықсyz етіс іc-әрекеттің өздігінен орындалғанын білдіреді. Етістікке -ыл, -іл-, л, ал сөздің түбірінде -л болса, -ын, -ін, -н жүрнағы жалғанып жасалады. Мысалы: *кітап оқылды, үй тазаланды, астық жиналды, сөз сөйленді, хат жазылды*.

Мұнда істі орындаушы көрінбейді, атқарылған істер ғана көрсетіледі. Бірақ істің атқаруши иесі кейде сөйлемнің мазмұнынан байқалып тұрады.

Ырықсyz етістің жасалу жолдары:

- -ыл, -іл, -л: жу+ыл+ды, тер+іл+ді, күре+л+ді;
- -ын, -ін, -н: ал+ын+ды, іл+ін+ді, таңбала+н+ған.



4-тапсырма. Ырықсyz етістің жүрнақтарын дұрыс қолданып, төмендегі етістіктермен сөйлем құрандар.

Макұлдау, сыйлау, аузына карау, қадір тұту, құрмет тұту.



5-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіндегі билердің ұранына айналған афоризмдерді сыйыптастарыңа қайталап айтып бер.

Ортағасырлық қазак қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік «Дала занының» билігі болды. Ал оның сактаушысы, реформаторы және оны жүзеге асырушы билер болды.

Би, ең алдымен, сот (судья). Би халыктың сана-сезімінде ақиқаттың ак туын көтеруші ретінде сипатталады. Оған дәлел ретінде билердің мынадай ұрандарын келтіруге болады: «Шыннан өзге Құдай жок», «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Тура біде тұган жок, тұғанды біде иман жок», «Тіл жүйрік емес, билікте шын жүйрік». Билер адамның ар-намысын әділдік тұргыдан коргауды ең жогарғы қадір-қасиет деп санаған. Бұл құндылықтар әділ сот мәселесіне тікелей қатысты.

Қазақ даласында би болу оңайға түспеген. Би боламын деген адам тек жеке қасиеттерімен танылып кана коймай, бірқатар сыннан сүрінбей өтуі керек болған. Биге табиғат берген қасиеттерден баска

шешендей, сезуарлық, ақыл-парасат, кызыл тілде ешкімге дес бермеу қасиеттері тән. Сонымен бірге «Қасым ханның қасқа жолында», «Есім ханның ескі жолында», Әз Тәуекенің «Жеті жарғысында» көрініс тапқан «Дала заңының» негізгі қағидалары мен нормаларын жатқа білуі, өзіне дейінгі атақты билердің үлгілі сөзінен нәр алуы тәрізді негізгі талаптар койылатын.

«Қазақтың Ата заңдары» кітабынан



6-тапсырма. Дала заңындағы негізгі талаптарды сызба арқылы көрсетіп, түсіндіріндер.



7-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіннің соңғы азатжолындағы ақпараттар бойынша өз пікірлерінде дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



8-тапсырма. «БББ» кестесін толтырындар.

| Білемін | Білгім келеді | Білдім |
|---------|---------------|--------|
| | | |

5-6-сабақ

Аты аңызға айналған билер

Ойтурткі

- Билердің өмірі мен өнегелі істері туралы не білесіндер? Мысалдар келтіріндер.



1-тапсырма. Мәтінді тындандар (18-аудио). Едіге би қандай жағдаятқа тап болды? Шешімін қалай тапты? Бағаландар.

Бір күні екі әйел, екі ерек бір балага таласып, Едігеге келеді. Бір әйел мен бір ерек:

- Осынау баланы бесікте жогалтып едік, жүгіріп жүргенде танып отырмыз, төрелігін берініз, – дейді.
- Он ай көтеріп, өзім тапқан балама жала қылады. – деп, қалған екеуі де өршеленеді.

Сонда Едіге баланы екі қолынан екі әйелге ұстатады. «Жоғалтып едім» деген әйел жылап тұр, ал анау әйел «не қылсан да өзің біл» дегендей бедірейіп үндемей тұр.

— Мына баланы семсермен екеуінізге қак бөліп беремін, — деп Едіге семсерді кетере бергенде, «жоғалтып едім» деген әйел Едігенің билегінен ұстай алыш:

— Өлтірменіз, кайда жүрсе де, тірі жүрсін, менен тұған бала өскенде мені бір табар, әзірше мынау-ақ алсын, — деп, Едігенің қолындағы жогары көтерілген семсердің астына тізерлеп отыра кетеді.

Сонда Едіге үндемей жерге қарап сазарып тұрган әйелге:

— Сенің ұрлағаның шын. «Өлтірсе, өлтірсін» деп үндемедің. Сондыктан оның өлі-тірісі сен үшін бәрібір. Баланың тұған анасы — мынау, — деп, баланы тұған шешесіне алыш беріпти.

«Казақтың Ата заңдары» кітабынан



2-тапсырма. Едіге бидің шешімі дұрыс па? «ПОПС» формуласын қолданып, өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



3-тапсырма. Рөлдік ойын. Эңгімені қайталап оқып, мазмұны бойынша қойылым әзірлендер. Рөлде ойнагандардың сезімді шынайы жеткізе білуін бағаландар.



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Автор тақырыпты неліктен бұлай атаған? Тақырыбын талдандар.

Уш жүзден шыққан ұлы билер

Казақтың құқық жүйесінің негізгі қозғаушы күші, алтын дінгегі билер болған. Би – дала тесіндегі әділдіктің басты жаршысы, кара кылды қак жарған төрөші (сот), зан шығарушы, қызыл тілді шешен, қысылтаян кезде тіл каруы мен найзасын қолына катар ұстаган батыр. «Сегіз қырлы, бір сырлы» әмбебап тұлға.

Төле, Қазыбек, Эйтеке – казақтың уш жүзінен шыққан ұлы билері. Төле әкесінің айтуымен бес жасынан оку жолына туседі. Бастапқыда әкесімен бірге ел аралайды, кейін беделді билердің касында қосшылықта жүреді. Од ойлы, сөзге жүйрік бала болып өседі. Тоғыз жасынан билік күрып, еліне танылады. 15 жасынан өзінің жеке билік жолын бастайды.

Қазыбек би – халыкты XVII–XVIII ғасырлардағы ауыр жағдайдан алып шығуға атсалыскан үш зангердің бірі. Қазыбек бисіз Орта жүздің ел тізгінін ұстаған иғі жақсылары маңызды бір істі де шешпейтін болған. Оның пікірімен кезінде атакты Әбілмәмбет, Абылай хандар да сана스크ан.

Әйтеке бидің беделі Кіші жүз аумағынан асып кеткен. Әйтеке би өз заманында жоғары білім алып, атакты Ұлықбек медресесінде оқып, бірнеше шығыс тілін – араб, парсы, түрік тілдерін жете менгерген. Бес жасынан атакты билердің мектебінен өткен.

Бұл үш би, ең алдымен, әділетті болып, халыққа қызмет етуді мақсат етті. Теле бидің: «мен халық үшін жүрген адаммын», Әйтеке бидің: «Халықтың көз жасын күннің шуағы да кептіре алмайды», «Өмірім өзгенік і, өлімға ғана өзімдікі» деген сөздері анызға айналған.

С.Зиманов



5-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріндер.

1. Автор XVII–XVIII ғасырлардағы ауыр жағдай деп қандай жағдайды айтып отыр?
2. Билердің бойында қандай қасиеттер болуы керек?
3. Билердің биліктегі мақсаты не болды?



6-тапсырма. «Үш биге ортақ қасиеттер» деген тақырыпта диалог құрындар.

Камтылатын ақпараттар:

- білімі;
- сөз өнерін жақсы менгеруі;
- тапқырлығы;
- әділет ті шешім шыгаруы.



7-тапсырма. «Билер ұстанған қагидалар» деген тақырыпта шағын мақала жазындар. Оnda билердің айтқан афоризмдерін дәлел ретінде қолданындар. Мақалада ырықсыз етіс журнақтары орнымен қолданылсын.



8-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріндер.



Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сабактың басты мәселесі не болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?


Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабак маған қандай әсер қалдырды?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен сабакта өзімді қалай сезіндім ?

**Ойтұрткі**

- «Жеті жарғы» атауына қатысты мынадай сұрақтарға жауап беріндер.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтін қай стильде жазылған? Тілдік ерекшелігін анықтандар.

XVII ғасырда «Қасым ханның қасқа жолын» Есім хан (1598–1645 жылдары хандық күрган) түпкілікті қолданып, заң толық күшіне енді. Мұны халық «Есім ханның ескі жолы» деп атап, осы жолды ұстанды.

Көшпелі тайпалардың жаңа саяси одағы Акназар ханның тұсында тиянакталды. Жаңа мемлекеттің күкірткы негізін бағзы заң жобаларының жаңа дәуірге, жаңа қоғамдық қатынастарға бейімделіп, толықтырылып, қайта өндөлген «Жеті жарғы» күрады. Жаңа мемлекеттің аталған екі заны ұлы хан Әз Тәүкенің тұсында (XVII ғасырдың соны мен XVIII ғасырдың басы) одан әрі жетілдірілді.

«Жеті жарғы» дала демократиясына лайықталып жасалған зандар жынытығын күрайды. Тәуке ханның тұсында Қазақ хандығының алеуметтік-саяси, идеологиялық қагидаларының конституциялық негізі «Жеті жарғы» болған. Оның негізінде «Билер кенесі» күрылды. Жыл сайын Құрылтай еткізілді. Осындай мемлекеттік, күкірткы, азаматтық ережелер негізін жасауға атақты Теле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Әнет бабалар қатысты. Бұрынғы бес тараудан тұратын Ережеге жесір дауы мен құн дауы қосылды. Аталған занның қағазға түскені не түспегені белгісіз. Бірақ мұны елдің батыр, билері, ақсақалдары, шешендері құрандай жаттап, кейінгі үрпакқ а жеткіз ді.

«Казақтың Ата зандары» кітабынан



2-тапсырма. «Халық неліктен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заң ережелерін дәріптеді?» сұрағы бойынша пікірталас еткізіндер. Пікірталаста «Қазақстан тарихы» пәнінен алған білімдерінде негізге алындар, сөйлеу этикетін қолданындар.



3-тапсырма. Алдыңғы және бүгінгі сабактарда кездескен тарихи есімдерді теріп, «Қос жазба құнделігіне» толтырындар.

| | |
|----------------|---|
| Тарихи есімдер | Ол туралы не білесін? Өз бетінше ізденіп, толықтыр. |
| әз Тәуке хан | |



4-тапсырма. Мәтінді тындандар (19-аудио). Қандай баптар естерінде қалды?

«Жеті жа рғынын» негізгі баптары мыналар:

Бірінші бап – жер дауы. Қыс қыстау, жаз жайлау – мал баккан елдің атадан балаға мирас етіп қалдыратын еншісі. Жер – атамекен, кіндік жүрт, Отан. Көшпендер үшін жерден киелі еш нәрсе жок. Жер дауынан кын дау жок.

Екінші бап – үй-ішіне, ата-анаға құрмет, сыйластық, әке мен бала, ене мен келін арасындағы карым-катынас, үлкен мен кіші арасындағы сыпайыгершілік, жастарды тәрбиелеу сиякты имандылық шаралары.

Үшінші бап – ұрлық пен карлыққа кедергі койып, бұқараны адалдыққа шакырып, енбекпен күнелтуге бейімдеген зандар.

Төртінші бап ел мен ел, халық пен халық, ру мен ру арасындағы дау-дамайларды әділдікпен шешүге арналған.

Бесінші бап ел бірлігін сактау, Отанын корғау, сыртқы жауга тойтарыс беру, жасак күру, сардар сайлау, сауын айту тәрізді ережекағидалардан тұрады.

Аттынши бап түтегдей күн дауына бағытталған. Бұл даудың жазасы – қылм ысы үшін күн төленіп, айып кесілетін болған.

C. Сматеев



5-тапсырма. «Жеті жарғы» баптарын атау түрінде диаграммаға түсіріндер.



6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша постер дайындандар. Постерді қолдана отырып, баптардың мазмұны бойынша баяндама жасандар. Баяндама мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады.



7-тапсырма. Ойтаразы. Сен қалай ойлайсың?

- «Жеті жарғыны» бүгінгі өмірге бейімдеуге бола ма?
- Осы мәселелер казір кездесе ме?
- Олар қалай шешіледі?

9-10-сабак



Қылмыс тұбі – қорлық

Ойтүрткі

- Қылмыс түрлеріне нелер жатады?
- Бұзқылық жасаған жасеспірімдерге қандай шара қолдану керек ?



1-тапсырма. Өлеңді тындаңдар (20-аудио). Өлеңде айтылған ойдың шындыққа қатысын алдыңғы сыныпта өткен Махамбеттің тағдырымен байланыстырып әңгімелендер.

Шомбал жігіт кіріп келді ентелеп.
 Терде отырған әкесінің алдына,
 Маң-маң басып барды да,
 Алтын жіппен әдіптелген жағасы
 Сүр ішікті тастай салды баласы.
 – Нә, сөйле, – деді әкесі, –
 Қандай ерлік көрсеттің?
 Екі ай бойы, қане, қайда жол шектің?

Баласы айтты:

– Топ бастадық төрт адам.
 Махамбеттің жақыны
 Ықыласты үтітеп,
 Мактап, қағып аркаға
 Қосып алдық ортаға.

Бұл түгелдей мына ұлының акылы.
 Еркін жетер әңгіме ол бір танға.
 Қапысызда кармак салып,
 Махамбетті алдаң соғып,
 Басын кесіп сыйға тарттық сұлтанға...

М.Шаханов



2-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша пікірлесіндер.

1. Махамбетке карсы қандай қылмыс жасалды?
2. Бұл жерде қылмыскер кім?
3. Бұл қылмыска күәгер бар ма?



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Қазақтың Ата заңы бойынша қылмыскер қандай жаза тарту керек?» деген сұрақ бойынша аннотация (қысқаша түсінік) жазындар. Аннотацияда ырықсыз етістер болсын.



4-тапсырма. Рөлдік ойын. «Әділет жазасы» деген тақырыпта қойылым көрсетіндер. Бірің – сот, бірің – тергеуші, бірің – қуәгер, бірің адвокат болындар. Қойылымның сценарийін алдын ала дайындандар.



5-тапсырма. Мәтін үзіндісін оқып, оқиға желісін ретімен дәптерлеріне түсіріндер.

Із кесу

Тұнгі екіден асқанда жедел жәрдем мен қалалық ішкі істер бөліміне қатар конырау шалынды. Бір-бірінен хабар алыссымен, үлкен үйлеріне жиналған ағайынды Хамраевтардың бірі ебілдебіл болған кейуананы жұбатса, енді бірі ауруханаға жөнелтілген Расулдың жанында жүтіріп жүрген. Алайда күретамырына закым келгендейктен, аяғы шыққалы арбаға таңылған жас бала он алты жасында ашқөздердің құрбаны болып кете барды. Осы іс бойынша Медеу аудандық ішкі істер бөлімінде арнайы топ құрылыш, ұрлық жасаған қылмыскерлер іздестіріле бастады. Кейуананың айтуы бойынша екі жігіттің бейнесі жасалып, ол адам көп жүретін жерлерге ілінді. Үйде калдырылған саусақ іздері тексерілді.

Жедел топтың жан-жакты үйімдастырған шаралары нәтижесіз болған жоқ, қылмыскерлер колға түсті. Тергеуші Құралбек Оспанов бағалы әшекей заттар ұрлагандардың алтын сатушыларды айналып өтпейтін білетін. Айтқанында, араға төртінші күн салып, көк базардың алдында алтын сатып жүрген әйелдерге екі жігіт өз тауарларын ұсынады. Бірак тек гаяшар таспен безендірілген әшекейді елу мынға бере салғалы тұрган жігіттер бірден күдік тудырған. «Акшам жетпей тұр, казір достарымнан сұрап келейін. Жарты сағаттан кейін келе аласын ба?» – деген келіншек жігіттердің көңіліне күдік тудырмауга тырысты. Ал елу мын үшін саудагерге кайта соккан ұры жігіттер қакпанға өздері келіп түскенін кеш түсінді.

Н.Шынтаев



6-тапсырма. Осындаған жағдаяттың қуәгері болдың. Не істер едің? Өз әрекетінің жоспарын құр.



7-тапсырма. Мәтіннен етістерді тауып, семантикалық картаға түсіріңдер.

| Етістер | Өздік | Өзгелік | Ырықсыз | Ортақ |
|---------|-------|---------|---------|-------|
| шалынды | | | + | |
| | | | | |



8-тапсырма. Әңгімені аяқтандар. Ұры жігітерге қандай жаза қолданар едіндер? Өз өмірлеріне балта шапқан ұрыларға сендер не айтар едіндер? Корытынды жасандар.

11-12-сабак

Қазақстан Республикасының Ата заны



Ойтұрткі

- Еліміздің Ата заны – Конституция туралы не білесіндер?
- Оның қоғам өміріндегі маңызы қандай?



1-тапсырма. Мәтінді зерделеп оқындар. Конституцияның мән-маңызы неде?

Конституция – кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындастын негізгі құжат. Оnda мемлекеттің барлық құрылымының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, алеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Қазақстанның Ата заны әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады. Расында, бұл – елдіктің бастауы болып табылатын құжат. Қазақстанның Конституциясы – әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі. Бұның өзі Ата занымыздың үлкен алеуетін білдірсе керек.

Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін баянды етуге тиіс. 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы егемендік тарихындағы ең демократияшыл құжат болып саналады. Алғаш қабылданған 1993 жылғы Конституцияның мәні мен маңызы мынада: бірінші – мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екінші – экономикалық реформаны



Тұнғыш Президенттің айт қабылдау сәтінен

жүргізе отырып, елді сол кездегі терен дағдарыстан шығару, үшінші – жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртінші – ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін зандақ негіздерді Ата занда көрсету.

Н.Назарбаев



2-тапсырма. «Атаулар (терминдер) кестесін» толтырындар. Жазғандарының топ ішінде талқылап, әрі қарай толықтырындар.

| Конституция | Экономикалық реформа | Ішкі саяси тұрақтылық |
|-------------|----------------------|-----------------------|
| | | |



3-тапсырма. Венн диаграммасы арқылы «Жеті жарғы» мен Қазақстан Республикасының Ата заңын салыстырындар. Айырмашылығы мен ұқсастығын көрсетіндер.

«Жеті жарғы»

Қазақстан
Республикасының
Ата заңы



4-тапсырма. Өлеңді тыңдаңдар (21-аудио). Ақын өлеңі кімге арналған? Өлеңнің идеясын, ақынның көзқарасын бағаландар.

Еліне арналатын тілегі шын,
Ей, ұлым, Отанымның түлегісін!
Іргесін туған елдің тірең тұрған
Кадірін Ата занының білемісін?!

Ешкім де мін таға алмас елдігіме!
Дауласып жармаспайды белдігіме.
Бойында Ата занының өріліп тұр
Даламның кеңдігі де, тендігі де!

Бағынған өз занына жұмыр ғалам,
Сондыктан Күннен Жерім суынбаған.
Қоғамның сан саласын реттейтін
Әрбір заң Ата заннан туындаған.

Бастайтын болашакка бак кемені,
Осы жол халықтың да нақ сенері!
«Халқыма адамын!» деп Ата занга
Елбасы қолын койып ант береді.

Болғанмен бұл өмірде айланқ күшті,
Ел үшін кім тындыраң қайран істі?!

Еліннің дамуы мен дағдарысы
Ол дағы Ата занға байланысты!

A. Сейтақ

5-тапсырма. Берілген сөздерді қандай сөздермен аудыстыруға болады?
Сөздікпен жұмыс жасандар.

Елдің іргесі, мін тағу, өріліп тұр, жұмыр ғалам, ант беру.



6-тапсырма. Өлең шумақтары бойынша негізгі ойды анықтандар.

| Өлең шумақтары | Тірек сөздер | Негізгі ой |
|----------------|-------------------------|--|
| 1-шумак | Отан, туган ел, Ата зан | Ата зан – елдің тіреті. Оны әркайсысы білуі керек. |
| | | |



7-тапсырма. Рөлдік ойын (бірің – журналист, бірің – ғалым). «Елімнің дамуы мен дағдарысы Ата занға байланысты» деген тақырыпта бір-біріңнен сұхбат алындар. Сұхбат сұрақтарын өздерің дайындандар.



8-тапсырма. «Шығу парағын» толтырындар.

- Сабактан қандай әсер алдың?
- Бұрын мән бермеген қандай мәселелерді білдің?
- Сұхбат бере алдың ба?

13-14-сабак

Айбатыр Сейтақ. «Азат елдің арнамысы – Ата зан»



1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Дауыс сазы мен дыбыстардың үндестігін сақта.

Нұр шашкан жас ұрпактың ұғымына,
Тікелей әсер еткен ғұмырына.
Айналды Ата заным мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттің тұтырына!

Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды!
Келісімшарт жасаскан барлық шетел
Казактың Ата занын мойындайды!

Өмірден әділдік пен бак табатын,
Күкігым коргалды деп шаттанатын,
Өзіндегі жас өркендер келеді есіп
«Бұл – біздің Ата заң» деп мактандын!

Өркендеп өз колына алған ісі,
Биікке қазағымның самға, құсы!
Халық бол қадір тұтып, қастерлеген
Ата заң – азат елдің ар-намысы!

A. Сейтак



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді толықтырып жазыңдар.

- Жас үрпақтың ... , ... әсер еткен.
- Ата заң тәуелсіз мемлекеттің
- Шет мемлекеттері де казактың
- Жастар деп мактанды.
- – азат елдің



3-тапсырма. «Ата занды қорғау үшін не істеуіміз керек?» деген сұрақ бойынша пікірталас өткізіндер. Үрықсыз етіс пен ортақ етістерді орынды қолданыңдар.

Камтылғаның ақнараттар:

- барша азаматтың занды білуі;
- адамдардың кылмыстық істерге бармауы;
- алаяқтық, алдау, ұрлыққа көз жұма карамауы;
- өзін және достарын жат пиғылдардан қорғау.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (22-аудио). Естерінде қалған маселелерді жұбың екеуін талдандар.

Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес республика азаматтары мемлекеттік үйымдар мен лауазымды адамдардың аттарына хабарламалар жібереді. Хабарламалар ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Хабарламаның үш түрі бар: арыз, өтініш және ұсыныс.

Жеке адам өзіне берілген құқықтарды пайдалану үшін өтініш жазады, сонымен катар өзі жұмыс істейтін ұжымдарда, мекемелерде, өзі тұратын үйлерде, мемлекеттік органдар қызметінде байқалған кемшіліктерді атап жазады.

Арызда азаматтардың зан арқылы коргалатын жеке құқықтары мен мұдделерінің бұзылу фактісі туралы хабарлама жасалып, оны калпына келтіру туралы талап-тілек айттылады.

Ұсыныс – белгілі бір мемлекеттік органның, ұйымның, мекеменің жұмысын жаксартуға назар аударатын және койылған міндеттерді шешудің жолдары ұсынылатын хабарлама түрі. Хабарламаның барлық түрі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың кеңесінде тіркеуден өтеді.

«Орысша-қазақша заңдық түсіндірмег» анықтамалық сөздігінен



5-тапсырма. Сыныпта хабарлама түрлері туралы ой бөлісіндер.



6-тапсырма. Топтық жұмыс. Азаматтардың құқығы бұзылған жағдаяттарға байланысты хабарламаның түрін анықтап, аннотация жазындар.



7-тапсырма. Сұрақ-жауап арқылы диалогтік сұхбат жазындар.



Сұрақтары.

1. Ата заңда адам құқығына катысты қандай мәселелер қамтылған?
2. Оларды қашшалықты білесін?
3. Өз құқығынды корғай аласың ба?



8-тапсырма. «Шығу парагы» бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

- Ата заң туралы не білдін?
- Қандай тапсырма киындық келтірді?
- Оған не себеп болды?

15-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар.

1. Қазак даласында қандай зандар болған?
2. «Жеті жарғыны» жетілдіруге кімдер катысты?
3. Қазак қоғамында билердің орны қандай болды?
4. Олар қандай мәселелерді қарады?
5. Қазіргі Ата заң – Конституцияның мән-манзызы неде?



2-тапсырма. Берілген үлгі бойынша мектептегі келеңсіз жағдаятқа арыз жазып көріндер.

Алматы қаласы Бостандық ауданы

№3 Сүт зауытының директоры А.Н.Нұрышев мырзага

№3 Сүт зауытының Бас технологі Марат Мекебаевтан

Арыз

Сізге арыз беру себебім – қазіргі кездегі зауыттың санитарлық жағдайының нашарлығы. Соның нәтижесінде шығарылған өнім

сапасының белгіленген стандартқа сәйкес келмей отырғандығын хабарлағым келеді. Бұл тапсырыс беруші мекемелер санының қыскаруына әкеп соғады. Айтылғандарды ескере отырып, жедел түрде шара колдануынызды сұраймын.

№3 Сүт зауытының бас технологи Марат Мекебаев
24 қыркүйек, 2008 жыл



3-тапсырма. Үрықсыз етісті еске түсіріп, кестені толтырындар.

| Етіс | Анықтамасы | Мысалы | Сейлем |
|--------------|------------|--------|--------|
| Үрықсыз етіс | | | |



4-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптестер». Тақырып бойынша әріптестерінмен ой бөлісіндер.

- жана 3 факті;
- жеңіл ақпарат;
- қын ақпарат;
- оқығым келетін ақпарат.

5-тақырып

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНГҮШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ – ТӨҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙЫНДЫ МЕЙРАМЫ

Басшысы жок ел – жетім.

Нақыл сез

1-2-сабак

Қазақстан Республикасының Түнгүш Президенті күні

Ойтұрткі

- Қазақстанда қандай мерекелер бар?
- Қазақстаннықтар үшін Қазақстан Республикасының Түнгүш Президенті күні мерекес інің мән-манзызы неде?

 **1-тапсырма.** Мәтінді тындандар (23-аудио). Негізгі ойды беріп тұрған терминдерді атандар.

Занға сәйкес Қазақстан Республикасында ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелер атап өтіледі.

Ұлттық мерекелер – мемлекеттің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелер. Ұлттық мерекелерді мейрамдау кезінде мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізіледі.

Мемлекеттік мерекелер – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер. Мемлекеттік мерекелерді мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізуі мүмкін.

Кәсіби және өзге де мерекелер – ұлттық және мемлекеттік мереке мәртебесі берілмеген, азаматтардың жекелеген санаттары атап өтетін мерекелер.

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңынан



2-тапсырма. Ұлттық және мемлекеттік мерекелердің арасында қандай айырмашылық бар? Оларға қандай мерекелер жатады? Олардың әрқайсысын жұбында тірексызба арқылы түсіндір.



Ұлттық
мерекелер



Мемлекеттік
мерекелер



Кәсіби
мерекелер



3-тапсырма. Өзің билетін кәсіби мерекелерді диаграммаға түсіріп, кәсіптің қыр-сырын сыныптастарыңа әңгімеле.



4-тапсырма. Мәтінмен танысындар. Қарамен берілген сөздердің мағынасын қалай түсіндідер?

Тұнғыш Президент күні – тарихи таңдау күні, барша қазақстандықтың Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне топтасу күні.

«Егемен Қазақстан» газетінен



5-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы. Мәтіннің мазмұнын айқындалп түрған сейлемді тап.

Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті күні

Атаулы күн 2011 жылдан бері мерекеге айналды. Сол жылы Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Занына толықтырулар енгізу туралы» КР Занына кол койды. Сейтіп, 1 желтоқсан жана мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті күнін белгіледі. Бұл күн жайдан-жай таңдалған жок. 1991 жылы 1 желтоқсанда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бүкілхалықтық сайлауда 98,78 пайыз дауыска ие болып, бірауыздан ел Президенті болып сайланды.

А.Бекенұлы



6-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар.

1. Бұл қандай мереке?
2. Неліктен 1 желтоқсан күні таңдалды?
3. Тұнғыш Президент күнін қалай атап өтесін?
4. Бұл мейрам барша халық тойлайтын мерекеге айналды ма?
5. Тұнғыш Президентке қандай тілек айттар едін?



7-тапсырма. Тұнғыш Президент күніне арналған мерекелік шараны өткізууді саған тапсырды. Қалай үйымдастырар едің? Жоспарын құр.

**8-тапсырма.** Сейлемдерді толықтырыңдар.

- Маган қын болды.
- Мен тапсырмаларын орындағым.
- Мен екендігін түсіндім.
- Мен үйрендім.
- Мені таңғалдырыды.

3-4-сабақ**Елбасы – елдің тұтқасы****Ойтурукі**

- Тұтқа сөзін қандай сөзben ауыстыруға болады?
- Президент күні мерекесін атап өтетін өзге елдерді білесіндер ме?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Бас әріппен жазылған сөздерге назар аударыңдар. Олар қандай атаулар?

Президент күні мерекесі біздің елімізде ғана емес, басқа мемлекеттерде де кездеседі. Америка Құрама Штаттарында акпан айының үшінші дүйсенбісі Президент күні ретінде мерекеленеді. Бұл мереке 1855 жылдан бері жалпыұлттық денгейде Американың тұнғыш президенті Джордж Вашингтонның құрметіне тойланады. Бұл күні Вашингтон мұражай-үйінде көпшілік арнары костюмдер киіп, тойтойлайды.

Исландия елінде бұл күн 14 мамырда тойланады. Исландияның бесінші президенті Оулавюр Рагнар Гримссонның құрметіне бекітілген. Исландияда Президенттің тұтан күні – мемлекеттік мереке. Бұл күні әртүрлі көнілді іс-шаралар мен халықтық шеру ұйымдастырылады.

Ангола да тұнғыш президент күнін тойлайды. Ангола мемлекеті Президент күнін «Ұлт батырлары күні» деген атаумен 17 қыркүйекте мерекелейді. Португалдардың бодандығынан Анголаға тәуелсіздік алыш беру үшін аянбай күресіп, сол мақсатына жеткен Агошиньо Нету 17 қыркүйекте дүниеге келген. Күздің алғашқы айында тойлануының себебі де сол.

«Айқын» газетінен



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Президент күнін қандай елдер атап өтеді?
2. Америкада мереке кімнің құрметіне байланысты тойланады?

3. Исландияда бұл күні қандай шаралар өтеді?
4. Анголада Президент күні неліктен «Ұлт батырлары күні» деген атаумен мерекеленеді?
5. Біздің елімізде бұл мерекеде қандай шаралар өткізіледі?

Еске түсірейік!

МЕЗГІЛ ҰСТЕУЛЕРІ

Мезгіл ұстеу қимылдың, амал-әрекеттің мезгілін, уақытын және мерзімін білдіреді. Қашан? қашаннан? қай уақытта? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *кешке, ертең, бүгін, былтыр, түнде, келесі жылы* т.б.

Мезгіл ұстеуі етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *Ағам таңертең жүгіреді* (қашан жүгіреді? – таңертең жүгіреді). *Інім келесі жылы мектепке барады* (қашан барады? – келесі жылы барады).



3-тапсырма. Мезгіл ұстеулері мен сез тіркестерін қатыстырып, ауызша сейлемдер құрандар.

| Мезгіл ұстеулері | Сез тіркестері | Сейлемдер |
|------------------|----------------|--|
| Был | Президент күні | Был Президент күні сегізінші жыл тойланып жатыр. |
| Кешке | Іс-шаралар | |
| Келесі жылы | Нұр-Сұлтанга | |



4-тапсырма. Берілген мезгіл ұстеулерін қатыстырып сейлемдер құрандар.

Жыл сайын, 2011 жылдан, 1991 жылы 1 желтоқсанда, 30 тамызда, кыста, биыл, мамырда.



5-тапсырма. Мәтінді тындандар (24-аудио). Қандай ой айтылған? Автор ойын бағаландар.

Жер бетінде елінің тәуелсіздігін, халқының бостандығын ойла-майтын жүрт жок шығар. Бұл тәуелсіздік – біз үшін басқа қонған бак. Бакты бағалаған халықты бастайтын тақ несі болуга тиіс. Бұл – ежелден келе жатқан өмір заны. Осыған байланысты ата тарихты актарсак, ежелден ел басқарған ержүрек батыр бабаларымызды, ұлы хандарды кездестіруге болады. Тәуелсіздігімізді алған соң халықтың басын біріктіріп, өз алдына ел қылуға Нұрсұлтан Эбішұлы Назарбаев кеп енбек сінірді, казак халқының тұнғыш Елбасы болды. Ол кісінің бастауымен менің Отаным әлемге танылды. Елім елдігін көрсетті, ерлігін танытты.

М.Маметов

**6-тапсырма.** Матіннен автордың қандай көніл күйін байқадың? Дәлелде.

- қуаныш;
- мактаныш;
- танғалу;
- рен іш.



7-тапсырма. «Тәуелсіздік» сезіне ассоциативті қатар болатын сөздерді жазындар.



8-тапсырма. «БББ» кестесін толтырындар.

| Білемін | Білгім келеді | Білдім |
|---------|---------------|--------|
| | | |

5-6-сабақ**Ұлы Даңа перзенті****Ойтұрткі**

- Тәуелсіздік бізге қалай келді?
- Кімдердің арқасында тәуелсіз ел болдык?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Қандай мәселелер көтерілген? Алдыңғы сабактағы тыңдалым мәтініндегі оймен сабактастыры бар ма? Дәлелдендер.

Тәуелсіздіктің алғашкы жылдарының өзінде біздің еліміз егемендіктің ең негізгі алғышарттарын жасай алды. Ен алдымен, көпұлтты елде халықтың ауызбірлігін сактауга қол жеткізілді. Қазақстанды мекен етіп жаткан ұлттар мен ұлыстардың барлығының мүддесін Н.Назарбаев ортактастыра алды. Елбасы ортақ үйімізде татулық пен келісімнің болуы қай істің де сәтін салудың алғышартты екенін ешқашан есінен шығарған жоқ. Дәл осы кезенде талай республикаларда азамат соғысы өршіп, мың-мындаған адам саясатын сойылын сокқан содырлардың сойқанынан құрбан болып жатты. Құдайға шукір, сол бір сын сағаттарда Қазақстан тыныштығын, татулығын сактап калды. Елбасымыздың салиқалы саясаты біздің ортақ шанырағымызды жанжалдан сактап калғанын ешқашан үмытуға болмайды.

М.Жолдасбеков



2-тапсырма. Тәмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріндер.

Алғышарт, ауызбірлік, азамат соғысы, саясаттың сойылы, содырлар, салиқалы саясат.



3-тапсырма. «Егеменді елдің алғышарты не?» деген сұраққа жүп болып жауап беріндер.



4-тапсырма. «Қазақстан – көпүлтты, көптілді мемлекет» деген тақырыпта мезгіл үстеулерін қатыстырып, шолу мәтінін жазындар.



5-тапсырма. Мәтінді тындандар (25-аудио). Оқиға желісін тезис түрінде жазып, мәтін құрылымын анықтандар.

Бір мың тоғыз жүз кыркыншы жылы шілде айының алтыншы жүлдізында Жетісу жерінде, Жамбыл елінде Қарасай батырдың жетініші ұрпағы – Назарбайұлы Әбіштің отауында дүниеге үл келді. Жаңа туған нәрестеге Нұрсұлтан деген есім берілді. Атын Назарбай атасың жары Мырзабала әже қойды. Алланың 99 аты бар ғой. Соның бір аты – Нұр, тағы бір аты – Сұлтан. Әжесі екі атты қосып, Нұрсұлтан деген есім жасапты. Әженің аузына осындаи әуезді де әдемі, терең мағыналы есімді Жаратқан Ненің жерге жіберген перштегерінің бірі салды ма, кім біледі...

Әл-Фараби атындағы университеттің үшінші курсында оқып жүрген бізді Алматы түбіндегі Қаскелен каласына практикаға жіберген-ді. Жоғары сыныштарға әдебиеттен сабак беріп үйреніп жүрдік. Сонда осы Нұрсұлтан оныншы сыныпта оқиды екен. Мандайы жарқыраған, сабакка жүйрік, мінезі де ашық-жарқын. Сыныптастарының арасында тұғыры биік екені бір карағанда-ак кезге ұрып тұратын. Әсіресе есімде қалғаны – намысшылдығы. Мектептің мұғалімдері Нұрсұлтанның әділетсіздікке көнбейтін, момынға болысып, жүртқа колдан келген көмегін аямайтынын айтып жүретін. Кейіннен естідім, Нұрсұлтан бес жасқа жакындаған шағында Жамбыл атасының ак батасын алған екен.

М.Жолдасбеков



6-тапсырма. Мәтін сендерге қандай ой салды? Қандай оқиға айрықша асер етті?



7-тапсырма. Мезгіл үстеулерін қатыстырып, мәтін мазмұнын өз сөзіңмен айтып бер.



8-тапсырма. «Шығу парағын» толтырындар.

- Сабактан алған асерің қандай?
- Бұрын мән бермеген қандай мәселелерді білдін?
- Енді нені білгің келеді?

7-8-сабак



Маралтай Ұбыраев. «Елбасыма»

Ойтұрткі

- Елбасындағы болуды армандайсың ба?
- Ол үшін не істеуің керек?



1-тапсырма. Өлеңді мәнерлелеп оқындар.

Кара Жер жаралғалы қазағымның,
 Шын сүйіп, шын түсінген азабын кім?
 Жүрекке қолды қойып ниет қылдым,
 Жетті деп тарихымды жазатын күн.
 Уақыттың диірмендей тасы айналады...
 Үл туса, бауырыңа бас аймалап.
 Тағдырды Алла ғана нәсіп етіп,
 Тарихты тұлға ғана жасай алмақ!
 Жанардың жәудіретіп нұрын ала,
 Бұл күнді күтті қанша Ұлы Дала.
 Үл туды бір анасы Алты Алаштың,
 Күн шықты арай шашып құбылаға.
 Күн шықты арай шашып аспанымса,
 Дүния кілт айналды басқа ағымға.
 Ол Ана үл тумапты, нұр туыпты
 Бүгінгі өзек болар дастанымса.
 Ол ұлдың заты – Нұрдан, аты – Сұлтан!
 Кеш туган зарықтырып уақытынан...

М. Ұбыраев



2-тапсырма. Өлеңді алдыңғы сабактағы тындалым мәтінімен салыстырып, ортақ ойды анықтандар.



3-тапсырма. Өлеңдегі бас әріппен жазылған сездердің мағынасын ашып, кестені толтырындар.

| | |
|----------|--|
| Кара Жер | Жер-Ана немесе Жер планетасы деген мағынаны білдірілі. |
| | |



4-тапсырма. Өлеңнің жалғасын тындандар (26-аудио). Автор не айтқысы келді?

Жаралған жан әлемі Култегіндей,
 Халықтың арман-тілек, бакытынан.
 Қалауын қабыл қыл деп күс — көнілдін,
 Асығы алшысынан түскен ұлдын.

Алладан медет тілеп жатқан шығар,
 Бауырында Әбіш әкей Үшқонырдың.
 Адал боп ақыреттік жан-жарына,
 Қарайлап қоныр тірлік, мал-жанына.
 Ұлтына тұтқа болар перзент сыйласп,
 Ол да, әне, унсіз жатыр Әлжан-Ана.
 Жанардың жәудіретіп нұрын ала,
 Бұл күнді күтті қанша Ұлы Даля.
 Ұл туды бір Анасы Алты Алаштың,
 Күн шықты арай шашып құбылаға.
 Ел үшін Жерді шарлап ұшқан ұлым,
 Ұлт үшін аямаған күш-дарынын.

М.Ыбыраев



5-тапсырма. Ақын сезін өмірмен байланыстырып, өз ойларынды айтындар. «Күлтегін» үғымының тарихи мәнін біліп, ақын неліктен оны жырга қосқанын анықтандар.



6-тапсырма. «Сез жарысы» ойыны.

Шарыны.

1-топ. *Кім? қашан? қай уақытта? қашаннан?* деген сұрақтар кояды.

2-топ. Қойылған сұрақтарға жауап береді. Қай топ мысалды көбірек көлтірсе, сол топ женеді.



7-тапсырма. Ізденуге арналған жұмыс. «Ұлы Даля перзенті» деген тақырыпта шағын мақала жазындар. Келтірілген мәліметтердің қай дереккөзден алынғандығын көрсетіндер.



8-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріндер.



Бас бармақ – басты мәселе. Бүтінгі сабактың басты мәселесі не болды?

Балан үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Орган терек – ойлану. Мен бүтін кандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабак маган кандай әсер қалдырыды?

Кішкентай бебек – көніл күй ахуалы. Мен сабакта өзімді қалай сезіндім?

9-10-сабак

Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері

Ойтұрткі

- Достарынмен Қазақстан туралы ой бөліскенде, алдымен елдің қандай жетістіктерін айттар едің?

1-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (27-аудио). Мәтінде не туралы айтылған? Мезгіл үстеулерін қатыстырып, мазмұнын қысқаша баяндандар.

Казак елінің тәуелсіздік алғаннан бергі бағындырган шындары жетерлік. 20 жылдан артық уақыт ішінде біздің еліміз әлемдік деңгейдегі алпауыттармен иық тірестіріп, тың бастамаларға үйіткес бола алды. Оның жарқын дәлелі – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымактастық үйымының саммитін жоғары деңгейде үйімдастыруды. Азиада ойындарын өткізді, сонымен катар көптеген халықаралық шараларға үйіткес болды. «ЭКСПО-2017» көрмесін әлем таңғаларлықтай дәрежеде өткізді. Мемлекет билігін қолға алғаннан бастап Елбасы аткарған иғі істер жетерлік.

Ұлттың камын ойлайтын, дамудың келешегін болжайтын дана саясат ұсынған Нұрсұлтан Назарбаев жас мемлекетті экономикасы орынкты елдердің катарына кости. Қазақстан зайырлы, құқықтық мемлекетке айналды. Еуропаның төріне шықты. Діни толеранттылықка қол жеткізді.

М.Смагұлов

2-тапсырма. Мына сәйлемдердегі айтылған ойларды қалай түсіндідер?

1. Біздің еліміз әлемдік деңгейдегі алпауыттармен иық тірестірді.
2. Тың бастамаларға үйіткес болды.
3. Еуропаның төріне шықты.

3-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтін мазмұнда қамтылған маселелерді тақырып етіп алып, ой бөлісіндер. Тақырыпты өздерің тандаңдар.

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тәуелсіз Қазақстанның даму жолындағы кезендерді диаграмма арқылы әңгімелендер.

Тәуелсіз Қазақстанның дүниеге келуінің ұлы шежіресі бірқатар тарихи кезеңнен тұрады. Олар: 1990 жылдың сәуірі – Н.Назарбаевты Республика Президенті лауазымына тағайындау; 1990 жылдың қазаны – Қазақстанның егемендік туралы Декларацияны қабылдауы; 1991 жылдың тамызы – Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы және Қазақстанның алтын-валюта корын құру; 1991 жыл-

дың желтоксаны – алғашкы бүкілхалықтық президенттік сайлау, біздін мемлекетіміздің жаңа атауы туралы шешімнің қабылдануы; 16 желтоксан – «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заның қабылдануы; 1993 жылдың қарашасы – ұлттық валюта мен каржы жүйесін енгізу.

Бұл – тәуелсіздік алған 24 жыл ішіндеған бағындырган белестеріміз. Алда алар асуладымыз одан да көп. Бүгінде еліміз дамудың данғылына түсे отырып, әлемнің дамыған 30 елінің катарапан орын алатыны сөзсіз. Оған Елбасымыздың бастамасымен қабылданған «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Нұрлы жол бағдарламасы», «100 накты қадам» ұлт жоспары өз септігін тигізери анық.

М.Жиенбай



5-тапсырма. Мәтінді талда. Төмендегі белгілермен әр азатжолды немесе сейлемдерді белгіле. Өз ойларынды қорытындылап жаз.

| «V» | «--» | «+» | «?» |
|---------------------|------------------------------------|--------------------------|-----------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағаныма кайшы, керегар | Мен үшін жана акпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |
| | | | |



6-тапсырма. Сейлемдерді толықтырып жазындар.

... ... ұлы шежіресі Алда алар ... көп. Еліміз ... данғыл жолына Әлемнің дамыған катарапан Оған ... бастамасымен қабылданған ... , ... , ... өз септігін тигізеді.



7-тапсырма. Мемлекеттік мерекелердің бірінде сен Қазақстан туралы баяндама жасамақсың. Не айттар едің? Баяндамаңның тезисін жаз.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Қосу-алу-қызығамын» кестесін толтыр.

| | |
|-----------------|---|
| «Қосу» (+) | Сабакта қызық болған, пайдалы мәселелер |
| «Алу» (-) | Сабакта сәтсіз шықкан, пайдалы жоқ немесе аз болды деп үйігерлігін мәселелер |
| «Қызығамын» (?) | <i>Не білгім келеді ? Бұл мен үшін қызық бола ма ? сұралтарына жауап беру</i> |

11-12-сабак

Елбасы идеялары

Ойтурткі

- Қалай ойлайсын, елдің астанасын Алматыдан Арқага көшіру ұлы бастамаға жата ма? Дәлелде.

1-тапсырма. Мәтінді тында (28-аудио). Жұбынның түсінген-түсінбегенін білу үшін оған сұрақтар қой.

Елбасына астананы Алматыдан Арқага көшіру қашалыкты төзім мен күш-жігерді кажет етті десенізші! Халықтың бүтіні мен ертенін ойлаған Президент: «Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жокпыз, кайта жер жаңнаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың катал талабы осындаі» деп толғанды. Бүгінде елорда халықтың рухын көтерген, жұдырықтай жұмылдырған айбынды қалаға айналды. Әлемге әйгілі болды. Халықаралық мәні бар талай шешімдерге осы жерде қол қойылды. Осының бәрін біз Казақстан атты Отанымыз дың женісі, елдің игілігі деп бағалауымыз керек!

М.Жолдасбеков

2-тапсырма. Мәтіндегі Елбасының сезін қайталап айт. Қарсы мағына беріп тұрған екі жай сейлемді өз сезіммен жеткіз.

3-тапсырма. Мәтінде берілген сездер мен сез тіркестерінің мағынасын жұбында түсіндір.

Тәзім, күш-жігер, жұдырықтай жұмылдырған, рухын көтерген, Отанымыздың женісі, елдің игілігі.

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тақырыбы неліктен «Тұған жерге туынды тік» деп аталады? Түсіндіріндер. Автордың ойын бағаландар.

Тұған жерге туынды тік

Казак «Тұған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қанын тамған жеріне, ескен ауылыңа, қалан мен өніріне, яғни тұған жеріне деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті мен «Тұған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Мәселен, «Ауылым – әнім» атты әнді айтқанда, «Тұған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма тұған елін» деп шырқайтын едік кой. Бажайлап карасак, бұл – мағынасы өте терен сездер.

Бағдарлама неге «Тұған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Тұған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында енбектеп, қаз басқан касиетті

мекені, талай жанның өмір баки тұратын өлкесі. Оны қайда журсе де жүргегінің түбінде әлділеп өтпейтін жан баласы болмайды. Тұған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша інкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздін бабаларымыз гасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүтірген аның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумакты ғана қорғаған жок. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын – бізді қорғады. Сан тараңтан сұқтанған жат жүртқа атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.

Н.Назарбаев



5-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



6-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіннің соңғы азатжолындағы ақпараттар бойынша өз пікірлерінде дәлелдеп жазыңдар.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



7-тапсырма. Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін шырқандар. Эн сендерге ұнады ма? Қандай әсер алдындар?



8-тапсырма. Ойтаразы. 3–2–1 критерийі бойынша анықтандар.

- 3 маңызды ақпарат;
- күйіндік келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнған 1 мәселе.

13-14-сабак

Болашаққа бағдар



1-тапсырма. Мәтінді тыңдал (29-аудио), естерінде қалған тірек сөздер мен атауларды дәптерлеріңе жазыңдар.

Ұлы дала – киелі мекен

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл –

рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Дағының көз жеткізгісіз кенбайтақ аумағы тарихта түрлі рөл аткарған. Еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне калаларды калпына келтіріп кана қою жеткіліксіз. Мысалы, Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді ұлт жадында орнықтыру қажет. Біз жат идеологиялардың әсеріне өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі, неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сактап, аман алыш шығатын символдық қалканымыз әрі ұлттық мактанышымыз.

Н.Назарбаев



2-тапсырма. Мәтінді қайталап тындалап, автордың идеясын талдандар. Бұл сөз кімдерге арналған?



3-тапсырма. Өздерін тұратын жердің қасиетті де киелі мекендері туралы таныстырылым жасандар. Оларды қорғау үшін не істеу керек?



4-тапсырма. «Елімізде жүзеге асырылып жатқан иғістер» деген тақырыпта бір-бірлеріңе ойландыратын сұрақтар қойып, топта талқыландар.



5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінде көтерілген мәселелерді анықтандар.

Прагматизм – өзіннің ұлттық және жеке байлығынды накты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағынды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылықка, дангойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі орынсыз сәнсалтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Накты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты улғі. Ұлт немесе жеке адам накты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылmasa, ертең іске

Түсіндірмे сөздік

прагматизм – іс, қызмет, әрекет деген мағыналарды береді

популизм – мұнда: жасанды халықшылдық

аспак түгілі, елді күрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады.

Н.Назарбаев



6-тапсырма. Топтық жұмыс. Елбасының мақаласына тірек болып тұрған екі терминнің мағынасын ашындар. Жағдаяттар аясында қолданылу мүмкіндігіне талдау жасандар.



7-тапсырма. «Прагматизм – қазіргі әлемдегі бірден-бір табысты үлгі» деген тақырыпта эссе жазындар. Елбасының мақаласына сілтеме жасандар.



8-тапсырма. Ойтараразы. Сейлемдерді толықтырындар.

- Бүтінгі сабакта мен түсіндім.
- қиындық тудырды.
- Мен өзімді үшін мактар едім.
- Маған ерекше ұнаганы
- Сабактан соң маған ой келді.

6-тақырып

ЖАСТАР ЖӘНЕ БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

1-2-сабак

**Бұқаралық ақпарат құралдарының
қызметі**

Ойтүрткі

- Бұқаралық ақпарат құралдары деген не? Оған нелер жатады?
- Қазіргі кезде жастар өмірінде мерзімдік басылымдар қандай орын алады?

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (30-аудио). Мәтіндегі ойға тірек болып тұрған сөздерді атандар. Автордың ойына қосылатын, қосылмайтындарынды айтыңдар.


Ақпараттық заманда адамзат бұқаралық ақпарат құралдары (газет-журнал, теледидар, радио және ғаламтор) арқылы тәрбиленіп келе жатқаны белгілі. Сондықтан баспасөз, радио мен теледидар – қазіргі қоғамға ықпал ететін және жанама турде тәрбиелейтін мықты институт. Бұтінгі бұқаралық ақпарат құралдарының екі негізгі қызметі бар: 1) гуманитарлық (ақпараттандыру, білім беру, ойнансауыктық); 2) саяси (бұқаралық сана қалыптастыру).

Бұтінде бұқаралық ақпарат құралдарының адамды тәрбиелеудегі рөлі ете жоғары. Ол азаматтардың мінез-құлқы мен дүниетанымын реттейді, саяси үстанымдарына ықпал етеді, сынни көзқарасын калыптастырады. Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі қызметтерінің катарына ақпараттандыру жатады.

М.Насипов



2-тапсырма. Бұқаралық ақпарат құралдарының түрлерін диаграммаға түсіріп, олардың әрқайсысына түсінік бер.





3-тапсырма. БАҚтың негізгі екі қызметін өмірмен байланыстырындар. Шындыққа қатысы бар ма? Дәлелдер көлтіріндер.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбын қойындар. Мәтінде не туралы айтылған?

1958 жылдың, 8 наурыз. Бұл күн, бұл сәт казақ теледидарының тарихына алтын әріптермен жазылып қалды. Дәл сол күні Алматы студиясынан алғашқы хабар таратылып, жүргі түрлі жанрдағы хабарларды радио мен басымдардан ғана емес, тұнғыш рет бейнекадрлар арқылы көретін болды. Әрине, кек жәшік бәрінің үйінде болған жок. Сол кезде Алматыда 4 мың, республика бойынша 1700 ғана теледидар болған еken. Бірақ бұның бәрі уақытша еді, қарқынды дамыған телевизия әлемі араға жылдар салып әрбір отбасын қамтыды.

Көгілдір экран арқылы берілген елеулі хабарлардың бірі – Қазақ өнері мен мәдениетінің Мәскеудегі онкүндігі болды. Тың шеруашілер туралы «Жана константушылар» телекөйілімі, Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрінің концерті, «Дударай» операсының теленұсқасы көрсетілді. Кейін жастарға, балаларға арналған хабарлар, спектакльдер, телефильмдер шыға бастады. 1959 жылы ауыр мәшине жасау зауытынан Марат Барманқұловтың алғашкы тікелей репортажы, сол жылы Абай атындағы Опера және балет театрындағы койылым тұнғыш рет жылжымалы стансы арқылы берілді.

Казақстан Ұлттық энциклопедиясынан



5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазақ теледидары өз жұмысын қашан бастады?
2. Алматы студиясынан қандай хабарлар көрсетілді?
3. «Кек жәшік» деген сөз иені білдіреді?
4. Онда қандай мамандар жұмыс істейді?

Еске түсірейік!

МЕКЕН ҰСТЕУЛЕРІ

Қимылдың, іс-әрекеттің орнын, мекенін білдіретін сөздерді мекен ұстеуі дейміз. Мекен ұстеулерге қайда? қайдан? деген сұрақтар қойылады.

Мекен ұстеулері: ілгері, кейін, әрі, бері, жоғары, төмен, жолшыбай, тыңқары, алға, алда, артта, жол-жөнекей, тұс-тұстан, алды-артында.

Мекен ұстеулері етістікпен тіркеседі. Мысалы: Алыстан музыка естіледі (қайдан? – алыстан естіледі). Таудың етегінде демалыс орны жайғасқан (қайда? – таудың етегінде жайғасқан).



6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша қайда? қашан? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді теріп жазып, олардың мекен немесе мезгіл үстелдері екендігін дәлелдендер.



7-тапсырма. Мәтіннен бас аріппен жазылған күрделі атауларды тауып, мағынасын «Қос жазба күнделігінде» ашындар.

| Күрделі атаулар | Түсіндірмесі |
|--|--|
| Казақ өнері мен мәдениетінің Мәскеудегі онкүндігі | Мәскеу қаласында казақ өнері мен мәдениетін халықка танытатын онкүндік шара өткізілді. |



8-тапсырма. Сабакта қамтылған ақпараттарды түсінген-түсінбекендерінді бас бармақтарынды бағыттау арқылы бағаландар. Түсінбекен ақпараттарды сыныптастарынан сұрандар.

- Бас бармақ жоғарыға қарап тұрса – мен түсіндім.
- Бас бармақ көлденен тұрса – мен түсінгендеймін.
- Бас бармақ төмен қарап тұрса – мен түсінбедім.

3-4-сабақ

Қазақстан Республикасының басты телеарналары

Ойтұрткі

- Суреттен нені көріп тұрсындар? Бұл ғимарат кайда орналасқан?



Қазмедиа орталығы



1-тапсырма. Мәтінді тындандар (31-аудио). Қандай ақпарат естерінде қалды?

«Қазақстан» арнасы 1994 жылы 4 сәуірде КР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан теледидары мен радиосы» республикалық корпорациясы болып құрылды. 2002 жылдан «Қазақстан» үлттық телеарнасы деп аталды.

Хабарлардың пішіні, мазмұны, бағыты өзгерді. Хабар тарату ауқымы үлгайды. «Қазақстанды» 2003 жылдан бастап Ресейдің Қазақстанмен шегаралас 12 облысы, Қыргызстан, Өзбекстан, Қытайдың Шынжан-Үйғыр автономиялық аудандарының тұрғындары, Монголия казактары көре бастады. 2011 жылы «Қазақстан» бұқара халыққа хабарды тек қазақша тарататын арнаға айналды. 2012 жылы корпорация тарихының жаңа кезеңі басталды. Барлық құрылымдар толығымен елордағы «Қазмедиа» орталығына көшті. Телеарналар мен радиолар жаңа форматта жұмыс істей бастады, заманауи техникамен жабдықталған жаңа студияларда жаңа хабарлар дүниеге келді.

Қазақстан Үлттық энциклопедиясынан



2-тапсырма. Мына күрделі атауларды қатыстырып сөйлемдер құрандар.

«Қазақстан» үлттық телеарнасы, КР Президентінің Жарлығы, «Қазақстан теледидары мен радиосы» корпорациясы, Шынжан-Үйғыр автономиялық ауданы, «Қазмедиа» орталығы.



3-тапсырма. Мәтінді оқындар. Қандай жанрда жазылған? Автор ойымен келісесіндер ме? Ойларынды дәлелдендер.

Хабар телеарнасы

«Хабар» телеарнасы 1994 жылдың тамызында Қазақстан республикалық телерадиокорпорациясы жаңынан құрылған. 2003 жылдың қазан айында ашық акционерлік қоғамға айналған агенттік құрамында көзір «Хабар» арнасымен катар «Kazakh TV» спутниктік арнасы, «Classic» радио арнасы және www.khabar.kz интернет-порталы бар. «Хабар» телевизиялық арнасы қазақ және орыс тілдерінде түрлі айдармен тәулігіне 20 сағат хабар таратады. Мұнда жаңалыктарға басымдық беріледі. Қазақстанның барлық облысында және ТМД-ның 5 елінде тілшілер бөлімі жұмыс істейді. Төл репортаждары Еуропа, Азия және Солтүстік Американың 12 елінен әзірленеді. Әріптестік бағдарламалар аясында әлемдегі

алдыңғы катарлы акпараттық агенттіктер өнімдерін де пайдаланады. Акпараттық-публицистикалық, қоғамдық-саяси және экономикалық, ғылыми-ағартушылық, мәдени, ойын-сауық, спорт бағдарламалары бұқараға жақсы танымал. Арна ұсынатын телевизиялық сериалдар, деректі және көркем фильмдер рейтинг бойынша ең жоғары орында. «Хабар» әлемдік деңгейдегі спорт жарыстарын тікелей көрсетеді. Шамамен 9,5 миллион адам көретін арнада әлеуметтік, танымдық және мәдени, әзіл-сықақ бағдарламалары, көркем және деректі фильмдер, телесериалдар көрсетіледі. «Хабар» агенттігі Азия-Тынық мұхиты хабар тарату кеңесі (ABU), Азия-Тынық мұхиты жаңалықтар агенттіктері үйымдары (OANA), Азия-Тынық мұхиты хабар таратуын дамыту институты (AIBD) күра мына енген.

Казақстан Ұлттық энциклопедиясынан



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Хабар» агенттігінің құрамында қандай арналар бар?
2. «Хабар» телевизиялық арнасы қандай тілдерде хабар таратады?
3. Арна тілшілері қай жерлерде жұмыс істейді?
4. Төл репортаждары қандай елдерде дайындалады?
5. Бұқара халыққа қандай бағдарламалары жақсы таныс?
6. «Хабар» агенттігі қандай әлемдік үйымдардың құрамына енген?



5-тапсырма. Берілген мекен үстеулері мен сөз тіркестерін қатыстырып, сейлемдер қураңдар.

| Үстеулер | Сөз тіркестері | Сейлем |
|----------|------------------------------|--|
| алда | жастарға арналған бағдарлама | Алда тұрган аукымды шаранын бірі – жастарға арналған бағдарламалар шығару. |
| кейін | ғаламтор беттері | |
| жолшыбай | Қазменша орталығы | |
| жоғары | білім | |



6-тапсырма. Топтық жұмыс. Тәмендегі фотоколлажға назар аударыңдар. Өздерің қалаған суреттің мазмұнын ашып, репортаж дайындандар.



Телеарна бағдарламаларынан көріністер



7-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабактағы тапсырмалар бойынша әріптестеріңмен ой бөлісіңдер.

- жана 3 факті;
- жеңіл ақпарат;
- киын ақпарат;
- алдағы уақытта білгім келетін ақпарат.

5-6-сабак

Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары

Ойтүрткі

- Сендер бұқаралық ақпарат құралдарының қайсысын көп пайдаланаңыңдар? Оның себебі неде?



1-тапсырма. Тілші мен зерттеуші ғалымның арасындағы сұхбатты рөлге беліп оқындар. Жанры мен стилін анықтаңдар.

Тілші. БАҚ арқылы бүгінгі буынды тәрбиегеудің маңызы мен мәні қандай?

Ғалым. Бұгінде медиа адамзат өмірінің маңызды бір бөлігіне айналды. Зерттеушілердің айтуынша, жетпіс бес жыл өмір сүрген «өркениетті адамның» елу жылы белсенді әрекет ету арқылы өтетін көрінеді. Оның тұра тоғыз жылын теледидар көруге жұмсайды екен. Орташа есеппен казіргі оқушылар күніне алты сағат уақытын медиамен байланысқа арнайды.

Тілші. Қазір жеткіншектерді теледидар алдынан ажырату қын. Тіпті балаларды теледидар тәрбиеге көшиген тәрізді...

Ғалым. Ол рас. Америкалық психолог А.Морицің зерттеуіне сүйенсек, теледидардың алдында ұзак отыру адамның ерік-жігерін әлсірете түседі. Көгілдір экранға ұзак телміру кез жанары арқылы миуды «арбап тастайды» екен. Зерттеулер нәтижесінде күні бойы әкешешесімен емес, теледидардағы өртегі кейіпкерлерімен «сөйлесетін» бала олардың жалған екендігін біліп тұрса да, мойындағысы келмейді.

Тілші. Бұқаралық ақпарат құралдары болашақ ұрнақты тәрбиеге біздің ойымыздан шығып жүр мे?

Ғалым. Әрине! Мысалы, қазіргі кезде балаларға арналған «Балапан», сондай-ак дүниетаным көкжиегін көңейтуге бағытталған «Білім және мәдениет» телеарналары бар. Жаңадан ашылған телеарна көрмермендердің, әсіресе балалардың көңілінен шығатын кызықты дүниелерді ұсынуға талпыныс жасап келеді. Ал «Білім және мәдениет» телеарнасын менің әріптестерім де, студенттерім де үзбей тамашалайды. Арнада ғылыми, танымдық-тәрбиелик маңызы бар туындылар көрсетіліп жүр.

Тілші. Қазір жастар газет оқымайды, кітап оқымайды деп жүрміз. Бұл жайында сіз не айттар едіңіз?

Ғалым. Рас, оқымайды, бәрі емес, әрине. Қазір көшілік басылымдардағы мақалаларды, телеарналардағы хабарларды жиі сынайды. Көшілігінің жауаптары көңілдерінің толмайтынын білдіреді. Олардың сыншыл көзқарасын шындыққа жақыннатуға тырысамын.

Тілші. Сұхбатыңызға ракмет, шыгармашылық табыс тілеймін.

Ғалым. Ракмет!

«Астана ақшамы» газетінен



2-тапсырма. Берілген ойларға келісетін-келіспейтіндерінді айтып, алдымен өз жұбынмен, содан соң топта талқыландар.

| Сейлемдер | Келісемін | Келіспеймін |
|---|-----------|-------------|
| БАҚ-тың жастарды тәрбелеуде жағымды ықпалы көп. | | |
| Жастар газет-журнал оқымайды. | | |
| Қажетті акпаратты ғаламтордан да алуға болады. | | |



3-тапсырма. Мекен үстеулерін етістіктермен тіркестіріп, сейлем құрандар.

Ілгері, осында, әрі-бері, артта, төменде.



4-тапсырма. Берілген сейлемдерді мағынасына қарай сәйкестендіріп жазындар.

| | |
|--|--|
| Бүгінде медиа адамзат өмірінің... | қызықты дүниелерді ұсынууды жоспарладап отыр. |
| Телеарна балалардың көнілінен шығатын... | манызды бір бөлігіне айналды. |
| Көпшілігі мерзімді басылымдар мен телеарна бағдарламаларына көнілдері толмайтынын айтады, ... | оны мойындағысы келмейді. |
| Теледиңдардағы ертегі кейінкерлерімен «сөйлесетін» бала олардың жалған екендігін білсе де, ... | бірақ мен «жастарға арналған жақсы басылымдар бар» деп айтып журмін. |



5-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша пікірлесіндер. Сөйлеу этикеті формаларын дұрыс қолданындар.

1. Жастарға арналған қандай бағдарламаларды білесіндер?
2. Бүгінгі жастарға арналған бағдарлама қандай болуы керек?
3. Қандай ұсыныстар айтар едіндер?
4. Мерзімді баспасөз басылымдарын оқисындар ма?
5. Қандай такырыптың кызықтырады?



6-тапсырма. Өзің тұратын жердің (аудандық, жергілікті) басылымдарына шолу жаса.

Камтылатын ақпараттар:

- газет-журналдың аттары;
- газет-журналдың айдарлары;
- көтерген мәселелері;
- кімдерге арналғандығы;
- жазылу стилі мен тілі.



7-тапсырма. «Шығу парагын» толтырындар.

- Сабакта алған ақпараттар кызықты болды ма?
- Сабакта өзінді қалай сезіндін?
- Қандай тапсырмалар киындық тудырды?
- Кімнің жасаған шолуы ұнады?

7-8-сабақ

Қасым Аманжолов. «Жас дәурен»

Ойтұрткі

- Ақындар неліктен жастық шағын өлеңге қосады?
- Қалай ойлайсын, жастық шақ несімен бағалы?



1-тапсырма. Қасым Аманжоловтың «Жас дәурен» өлеңін оқындар. Өлең жолдарынан ақынның қандай көңіл күйін байқауға болады? Сипаттап айтындар.

Жас дәурен

Жас дәурен – гүл жазира кайран жазым,
Тындаған ерке сұлу айтқан назын.
Әсерлі ән, көк нөсер күй, сал домбыра,
Жігіттің тебірентсін өнерпазын.

Жас дәурен,
Ризамын мен саган,
Жан сәулем,
Келші, сәудем, аңсаған.

Жас дәурен – жігер оты жанған жалын,
Көрмесем қызығынды армандамын,
Өмірге екі келер уақытым жок,
Сондыктан улесімді мол қармадым.

Жас дәурен, қызығына тоя алмаспын,
Ән мен күй, өлең сені коя алмаспын.
Тірлікте тербелейін, тебіренейін,
Бір күні кетсем үйыктап, оянбаспын.

Жас дәурен,
Нажағайлы алтын жаз.
Жан сәулем,
Косыл күйге, айтшы наз.

К.Аманжолов



2-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін қандай сөздермен ауыстыруға болады? Сәйкестендіріндер.

| | |
|-----------------------|------------------------------|
| Улесімді мол қармадым | Өмірден әсер алып, шабыттану |
| Қызығына тоймау | Кеп нәрсе үйрәндім |
| Тірлікте тербелейін | Өмірге қүштарлық |



3-тапсырма. Өлеңнің әр шумағында айтылған идеяны талданңдар.



4-тапсырма. Мәтінмен танысындар. Ақын өмірінің кезеңдерін қалай бөлуге болады?

Касым Аманжолов 1911 жылы казіргі Караганды облысының Каркаралы ауданындағы Қызыларай қыстауында дүниеге келген. 1923 жылы ол Семейдегі бастауыш мектеп-интернатта, кейін Семей малдәрігерлік техникумы мен Оралдағы педагогикалық институтта оқыды. 1936–1941 жылдары Алматыға барып, «Социалистік Қазакстан», «Лениншіл жас» газеттерінде, Жазушылар одағында қызмет істейді. Бұл кездері ол елеңмен катар әртүрлі тақырыпка мақала, очерк, фельетон жазады.



К.Аманжолов

Қасым қалып жүртшылыкка өзінің ақындығымен, аудармасымен ғана емес, сонымен қоса әнімен, домбыра, сырнай, скрипка, пианино тартатын әдемі өнерімен де танылған. Ол өз өлеңіне ән шыгарған. Соның дәлелі – «Дариға», «Тұған ел» атты өлеңдері. Қ.Аманжоловтың бірінші өлеңдер жинағы 1938 жылы «Өмір сирь» деген атпен шықты. «Ақын өлімі туралы аныз», «Боран», «Біздің дастан», «Жамбыл тоғында» атты поэмалары бар. «Ақын өлімі туралы аныз» атты поэмасы Екінші дүниежүзілік соғыс майданында жаудын коршауында қалып, ерлікпен каза тапқан жақын досы, жас ақын А.Жұмағалиев туралы.

Қасым 1941–1945 жылдары Екінші дүниежүзілік соғыска катысады. Соғыс майданында журіп көптеген лирикалық өлең жазған. Өмірден ерте кеткенімен, Қасымның мәнгі жасайтын асыл жырлары қалды. Оның шығармалары орыс тіліне және басқа да тілдерге аударылған. Карагандыда Қ.Аманжоловтың күрметіне көше аталған. Каркаралы ауданындағы бүрінші Фрунзе совхозына Қасым Аманжоловтың есімі берілген.

Казақстан Ұлттық энциклопедиясынан



5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша ойынды дәлелде.

| Түжірим | 1-дәлел | 2-дәлел | 3-дәлел |
|---|---------|---------|---------|
| Қасым Аманжолов – сегіз қырлы, бір сырлы жан. | | | |



6-тапсырма. «Қасым Аманжолов кім?» деген тақырыпта жұбынан сұхбат ал. Сұхбат сұрақтарын өзің дайында.



7-тапсырма. Сұхбаттағы тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндір.



8-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.



Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сабактың басты мәселесі не болды?

Балап үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Орган терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шытайылық. Сабак маған қандай әсер қалдырды?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен сабакта өзімді қалай сезіндім?

9-10-сабак

Жастар үні

Ойтұрткі

- Неге еліміз жастарға ерекше көңіл бөліп отыр?
- Мемлекет жастарға қандай жағдай жасады? Пікірлерінмен белісіндер.

 **1-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар (32-аудио). Тақырыбына назар аударыңдар. Не туралы айтылған?

Жастарға ариалған жаңа телеарна

Бүтін Орталық коммуникациялар кызметі орталығында «Jastar 1» арнасының тұсаукасері болды. Еліміздегі алғашқы танымдық, ойын-сауықтық арнаның козғаған такырыбы да сан алуан. Мәселен, жастар аланында асүйден саясатқа дейінгі такырыптар козғалмак. Сонымен қатар отбасы, денсаулық, бала тәрбиесі мәселесін ашып таркататын реалити және ток-шоулар көрсетіледі. Телеарна әзірге ID TV платформасында эфир таратуды бастап кетті. Ал алдағы уақытта Otau TV сандық жүйесіне көшу жоспары бар. Сонымен қатар арна шығарылымы 24 сағат бойы ғаламтор желісінен де көрсетіл еді.

Д.Сагындық

 **2-тапсырма.** Терминдер кестесін толтырыңдар. Термин туралы білімдерін мен түсініктерінді жазып, топ ішінде талқыланыңдар.

| Тұсаукасер | Реалити және ток-шоу | Otau TV сандық жүйесі |
|------------|----------------------|-----------------------|
| | | |

 **3-тапсырма.** Саған «Jastar 1» арнасына сұхбат беру керек болды. Жастар арасындағы қандай мәселені қозғар едін?

 **4-тапсырма.** Сұхбат үзіндісін оқыңдар. Сендер үшін жаңа сездер немесе термин сездер көздесті ме? Бұл сұхбат кімдерге ариалған?

Сонғы жылдары әлемде *стартап* сезі кең етек жайды. Әуел баста бұл ұғым бизнес-модельдерді күршіп, дамыту жобалары болса, қазіргі уақытта бұл дәстүрлі бизнестің орнына келген ауқымды күшке айналып отыр. Бұгінгі стартап – жастардың әлеуетін шындастын, оларға зор мүмкіндіктер беретін алаң. 19 жасында өз кәсібін бастап отырған жас кәсіпкер Мұхит Аскарұлымен сұхбат барысында толығырақ таныс болайық.

Түсіндірме сездік

стартап – жаңадан бас-талған бизнестің жобасы

– Қазіргі уақытта сен жас кәсіпкер ретінде өз кәсібінді бастап отырысың. Осы бағыттагы кәсіпкерлікті бастау идеясы қалай пайда болды?

– Менің ойымша, идея пайда болған сәтте гана өз өзектілігін сақтайды. Бірде достарымызben бизнес жайында сез қозғап отырғанымызда: «Неге бизнес пен патриотизмді ұштастырмасқа?» деген ой келді. Сол күні үйге оралған сәттен бастап «Qazaqstan watches» деген атпен онлайн сағаттар дүкенін ашуды ойластырдым, яғни осы идеяны жүзеге асыруға кірістім. Нәтижесінде 150-ге жуық сағат өз несіне жол тартты.

– Кәсібіңің өзіне тән қандай ерекшелігі бар?

– Кәсіп ашқаннан кейін нарықтағы бәсекелестікке төтеп беру үшін, міндетті түрде жобаның ерекшеліктері болу керек. Біздің сағаттардың басты артықшылығы – бағасының қалтага ауыр соқпайтындығы. Бастысы – тұтынушының көнілінен шықса болғаны.

– Ел болашагы – қазіргі жастарды қалай бағалар едің?

– Қазіргі жастар енбеккорлық пен әр саладағы білімдерінің арқасында шынымен де еліміздің дамуына зор үлес қосатыны сөзсіз. Бастысы – өмірлік мақсаттарын дұрыс қойып, жүрегі калаған жұмыспен немесе кәсіппен айналысса болғаны. Себебі ләzzat алатын жұмыс хоббиге айналады.

– Өз іс-тәжірибелі ен, тікіріңмен бөліскеніңе рақмет!

«Жастар үні» журналынан



5-тапсырма. «Әлемде стартап сөзі кең етек жайды» деген сөз қолданысын қалай түсіндің? Жұбына айтып бер.



6-тапсырма. Сұхбатта журналист қандай маселелерге көніл бөлді? Оның орнында болсан, қандай сұрақтар қояр едің?



7-тапсырма. «Жастар үні» журналымен танысып, айдарларына шолу жасандар.



8-тапсырма. «Шығу парагы» бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

- Сабактан қандай ой түйдін?
- Қандай жаңа ақпарат алдың?
- Қандай идея пайда болды?

11-12-сабак

Өмірің өз қолында

Ойтұрткі

- Сабак тақырыбынан қандай ой түйдің? Сабак не жайында болмақ?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Жанры, стилі және құрылымы түрғысынан талдандар.

Суретші, этнодизайнер, колөнерші шебер, зергер және кәсіпкер Мұстафа Алмас Серікұлы – бүгінде қазақтың ұлттық аспаптарын жаңғыртушы азамат. Жас кәсіпкердің еңбегі жайлы сыр сұхбатқа назар салыныз.

– *Бала арманың ақиқатқа айналуына ата-анаңыздың ықнатау қандай болды?*

– Өте зор, ата-анам бойымдағы қабілетімді кішкентай кезімнен байқап, өнерге шикемдей бастады. Мектеп табалдырығын аттамай жатып жазу-сызуға жакын едім. Көбіне анам маган сурет салуга кемектесіп, мен білмейтін бояуды, тастанды әкеліп беретін. Нәтижесінде суретке деген қызығушылығым артты. Мен 5 жасынан колөнермен айналыстым. Негізі бұл саланы арнайы окудың қажеті жок. Тек жақсы үстазды кезіктірсөн болғаны.

– *Мақсатқа жету ушін қандай белестерден астыңыз?*

– Оку бітіре салып, осындай шеберхана ашамын деген сәтте үстазымның өзі маган сенген жок. Себебі жасым жиырманың үшінде гана. Үстазым: «Сен окуды бітіре салып, бұл салада қалай жұмыс істейсің? Кішкене ысылыш, іс-тәжірибе жинауың керек», – деді. Бұл кәсіпті ашу барысында басқа салада жұмыс істеп, каржы жинау керек болды. «Ғаламат» құрылым компаниясында мүсіндеу ісімен айналыссам да, маган жат нәрсе болып көрінді.

– *Колөнер заттарын экспортқа шыгарасыздар ма? Еліміздегі сұраныс көрсеткіші қандай? Сіздер өндіретін заттардың бағасы қанша?*

– Осы уақытқа дейін біздің өнімнін 45 пайзызы Қытайға кетті. Яғни Қытайдағы казактарға сатылды. Ресей, Астрахань, Омбыға да ұлттық аспаптарға сұраныс бар. Елдегі сұраныс та жақсы. Бағасына келер болсақ, домбыра 35 мыннан басталып, 100 мынға дейін барады.

– *Қазақ қолөнерін әлемдік деңгейге шыгару ушін не істей қажет?*

– Бүгінде Казакстан Шеберлер одағы бар. Сол одақтың мүшелігіндеміз. Ал бұл одақ Дүниеж үзілік кенес одағының мүшелігінде. Демек, біз бүкіләлемдік шеберлер одағының ішіндеміз. Одакқа 80-

нен астам елдер қабылданған. Бұл үйымның аркасында дүниежүзінде болып жаткан жаналыктар мен жана жобаларға қатысып, көзбен көріп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік аламыз.

- *Кәсіп ашқысы келетін жастарға қандай кеңес бересіз?*
- Унемі өзіне сынни көзбен карап, осы салада кәсіп ашқан азаматтарға карап, жақсы жағын алып, енбек ету қажет. Жаналықта жаны құмар болуы шарт. Күн сайын бір жаналық үйренбесе, сол күні бос өтті деп есептегені абзал.
- *Табысқа жетудің сырты неде?*
- Табандылықта. Ешқашан еріншектікке салынбау қажет. Қашанда әрекет ету және ізденис деп білемін.

Ж. Серікова



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Мұстафа Алмас қолөнермен неше жасынан айналысқан?
2. Ол өз бизнес-жобасын жүзеге асыру үшін қандай жолдардан өтті?
3. Мұстафа Алмастың бизнесінің болашағы қандай?
4. Шебер өз ісіне қандай сынни көзқараспен караиды?
5. Қазақ колөнері нәдімке танытуда ол қандай енбек атқаруда?



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мұстафа Алмас шығаратын үлттық аспаптарды жарнамалау керек. Жарнама мәтінін жазындар.



4-тапсырма. Сұхбат үзіндісін оқып, тақырыбын қойындар. Қалай ойлайсың, мәтіннің мақсаты не? Жарнамалау ма, дәріптеу ме?

Шетелде өткен Халықаралық күккүк саласындағы сайыска (Джессоп кубогі) әлемнің 95 елінен 645 команда қатысты. Сайыста Казақстан намысын корғаған ҚазМЗУ студенттері әлемнің үздік 100 спикерінің катарына енді. Осыған байланысты студенттердің бірі Мадина Артуровамен сұхбаттасуды жөн көрдік.

- *Мамандық таңдауымызға өмірде белгілі бір нәрсенің әсер ететіні анық. Бұл салага келуінізге не себеп болды?*
- Зангер болуыма өмірде белгілі бір жағдай әсер еткен жок. Бала кезден теледиңдардан көрсететін бағдарламалар мен сериялдардағы зангерлер секілді болғым келді.
- *Джессоп кубогіне қатысу барысында алған әсеріңізден бөліс-сөңіз. Сайысқа дайындалу үшін қанша уақыт көтті?*
- Спикер ретінде бұл турнирге катарынан екінші жыл қатысып отырмын. Әрине, ойын алдында катты толқыздым, бірақ үдеріс басталған кезде толку басылып, өз клиентімнің әділдігін дәлелдеуге

деген ынтым оянды. Маган берілген бар-жогы 21 минутты текке кетірмей, пайдама жұмсауым керек болды.

— Турнир және оның талаптары туралы айтып отсаныз. Іріктеу қалай жүрді, финал қалай өтті? Қандай кейіс шешітініздер?

— Биыл бізге ядролық каруды колдану мен төрелік шешімнің жарамсыздығы туралы кейіс берілді. Соның ішінде клиентіміздің каруланған күштермен күресі заңды екенін және оның ақталып шығатынын дәлелдеу қын болды.

— Оқу барысында халықаралық құқық, заңгер мамандығына қатысты қандай сайттарды, ресурстарды жиі пайдаланасыз?

— Сайысқа дайындалған кезде бізге *Oxford Public International Law Library* ресурсын колдану мүмкіндігі берілген болатын. Заңды зерттеуде осы кітапхананың қызметін жиі пайдаланамыз.

— Әңгіменізге рақмет! Алға қойған мақсаттарыңыз орындалып, халықаралық құқық саласында биік жетістіктеге жетуінізге тілек тестін.

Н.Абібулла



5-тапсырма. Сұхбатты оқу барысында сендерге қандай ой келді? Өз ойларыңмен бөлісіндер.



6-тапсырма. Сұхбат кейіпкерлері сендерге несімен ұнады? Бір-біріңе олардың ұнамды істері туралы айттындар.



7-тапсырма. Тындалым және оқылым мәтіндерінен қашан? қашаннан? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып, сөйлем құрандар. Сөздерді сондай мағына беретін мекен үстеулерімен алмастырындар.



8-тапсырма. «Шығу парагын» толтырындар.

- Сабактан қандай ой түйдін?
- Өзінді қалай сезіндін?
- Сабактың пайдалы және киын түстарын айттындар.

13-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. «БББ» кестесі бойынша сабаққа өз ұсыныстарынды жазындар.

Білемін

Білдім

Білгім келеді



2-тапсырма. Топтық жұмыс. «Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары» тақырыбы бойынша пікірталас ұйымдастырындар.

Камтылатын ақпараттар:

- «бұқаралық ақпарат құралдары – төртінші билік» деген сөздің мағынасы;
- жастарға айтылған кеңестер;
- сұхбат берудегі этикет сөздердің қолданысы;
- пікірдің ашықтығы мен шынайылығы.



3-тапсырма. Мекен үстеулерін қатыстырып, сейлемдер қурандар.



4-тапсырма. «Табысқа жетудің сырЫ» деген тақырыпта эссе жазындар. Бір-бірінің жазған эсселеріндегі бағаландар.



5-тапсырма. «Қосу–алу–қызығамын» кестесі бойынша сабакта өз пікірлеріндегі айтындар.

| | |
|-----------------|---|
| «Қосу» (+) | Сабакта қызық болған, пайдалы болды деген мәселелер |
| «Алу» (-) | Сабакта сәтсіз шыккан, пайдасы жок немесе аз болды деп үйінгерілған мәселелер |
| «Қызығамын» (?) | <i>Не білгім кетеоді ? Бұл мен үшін қызық на?</i> деген сұралтарға жауап беру |

7-тақырып**ЭКСПО-2017 — ҚАЗАҚСТАН БЕЛЕСІ**

ЭКСПО бүкіл әлемнің интеллектуалдық және технологиялық әлеуетін көрсетуге зор мүмкіндік берді. Мұнда жанартылатын энергия көздері саласындағы 140-ка жуық ғылыми жаналық кепшілік назарына ұсынылды!

Н.Назарбаев

1-2-сабақ**ЭКСПО шежіресі****Ойтурукі**

- «ЭКСПО» дегенді қалай түсінесіндер?
- Көрмелер не үшін ұйымдастырылады?



1-тапсырма. Көрме атауына қатысты мына сұрақтарға жауап беріндер.

Қайда?

Бұл атауды бұрын
қайда және
қандай мағынада
кездестірдің?

Қалай?

Өз тәжірибенен
мысалдар көлтіре
аласың ба?

Қандай?

Осы сабакта бұл
атау қандай қолда-
ныста болады деп
ойлайсың?



2-тапсырма. Мәтінмен танысып, «ЭКСПО-2017» көрмесінің маңызы
жайында жұбынча сұрақтар қой.

«ЭКСПО» деген сөз «көрме» дегенді білдіреді. Бірак «ЭКСПО» – жай көрме емес, бүкіләлемдік көрме. Оның «World Expo» деп аталатыны да сондыктан. Ауқымы жағынан бұл шараны олимпиада ойындарымен салыстыруға болады. Әлем елдерінің ғылымдағы, өндірістің сан саласындағы жетістіктері осы көрмеге койылады. Жаңа ғасырдың көптеген көкейтесті мәселелері талқыланатын, ғаламшар экологиясын жақсартуға қатысты ұсыныстар айттылатын жер де – осы көрме.

Ен алғашкы бүкіләлемдік көрме 1851 жылы Лондон қаласында өтті. Оны ұйымдастыру идеясы ағылшын ханзадасы Альбертке тиесілі. Сол кезде Ұлыбритания астанасында көремет сұлу



Хрусталь сарайы – Гайд-парк. Лондон қаласы, 1851 ж.

Хрусталь сарайы тұрғызылды. Өкінішке орай, бұл ғимарат 1936 жылы өртеп кетеді. Дегенмен ең алғашқы ЭКСПО-ның өзі техникалық жетістіктер шеруіне айналады.

Көпжылдық тарихы бар «ЭКСПО» көрмесі жаңадан шықкан ғылыми-техникалық жетістіктерді, сондай-ак оған қатысушы елдердің тарихын, салтдәстүрін, мәдениетін көпшілікке көрсету үшін еткіз леді.

«Егемен Қазақстан» газетінен



3-тапсырма. «SWOT» талдау арқылы матіндегі ақпаратқа өз ойларынды білдіріндер.

| | |
|---------------|---------------|
| Күшті жақтары | Әлсіз тұстары |
| Мүмкіндіктері | Қауіптері |

Еске түсірейік!

ЫҢҒАЙЛАСТЫҚ ҚАТЫНАСТЫ БІЛДІРЕТИН ЖАЛҒАУЛЫҚТАР

Теңдережедегі сөздер мен сейлемдерді жалғастырып, олардың мағыналарының өзара ыңғайластығын білдіреді.

Жалғаулықтары: мен (бен, пен), және, әрі, да (де, та, те). Мысалы: *Байжан да, Жұмабек те мұндаи олжага кенелеміз деп ойлаған жоқ* (F.Мұстафин).

ҚАРСЫЛЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТЫ БІЛДІРЕТИН ЖАЛҒАУЛЫҚТАР

Қарама-қарсы мағынада айтылған сейлемдердің сыңарларын байланыстырады.

Жалғаулықтары: бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, әйткенмен, сонда да. Мысалы: *Біз қазақ мал бақсан елміз, бірақ ешкімге соқтықтай жай жатқан елміз* (Қазыбек би).



4-тапсырма. Жалғаулықтарды қатыстырып, тақырып бойынша сейлем құрандар.

Улғи: «ЭКСПО-2017» көрмесі маган да, Айжанга да ұнады.

| | |
|-------------------------|--------------------------|
| Ынгайлстық жалғаулықтар | Карсылықтық жалғаулықтар |
|-------------------------|--------------------------|



5-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (33-аудио). Тірек сөздер мен термин сөздерді дәптерлеріне жазындар. Өз жазғандарынды жұптарынның жазғанымен салыстырындар.



Бүкіләлемдік көрмелер немесе ЭКСПО бір жарым гасырдан аса уақыттан бері өткізіліп келеді. Өзінін жарты гасырдан астам тарихында ЭКСПО талай-талай ғажайып өнертабыстарды әлемге танытты. Мысалы, 1876 жылы АҚШ-тың Филадельфия қаласында өткен көрмеге Александр Белл ең алғашкы телефонды жүргішілік назарына ұсынады. 1893 жылы Чикагода көрмеге келушілер алғашкы газдалған сусынның дәмін татты. 1900 жылы Париж көрмесінде халық тұңғыш рет дыбысты киноны тамашалады. Ал 1936 жылы Нью-Йорктегі ЭКСПО кезінде халық түрлі түсті фото мен нейлонды алғаш рет көреді.

1889 жылғы Халыкаралық көрме Парижде өтеді. Элемге әйгілі Эйфель мұнарасы осы көрмеге ариалып салынған еken. Темірден өрілген мұнара көрме павильондары алдындағы салтанат какпасы міндеттін аткарды. Сонымен катар Венадағы әлемдегі ең үлкен мұнарасы бар Ротонда павильоны, Ёсудегі «Аспан мұнарасы» мен «Есу ЭКСПО» теміржол вокзалы – ғаламдық көрмeden қалған мұралар болып саналады.

Азияда ЭКСПО өткізген елдер саусакпен санағынан. Атап айтсак, әр жылдары Жапония мен Оңтүстік Кореяның қалаларында өткізілді.

Казакстан 1997 жылдан бері Халыкаралық көрмелер бюросының мүшесі болып табылады және 2005 жылдан бастап ЭКСПО-га катысып келеді.

«Егемен Қазақстан» газетінен



6-тапсырма. ЭКСПО өнертабыстар мен технологияның дамуына зор ықпал ететіні туралы пікірталас үйымдастырыңыңдар.

Талаптары:

- мәтінде көтерілген мәселенің қамтылуы;
- өзіндік ізденісті білдіретін дәлелдердің болуы;
- өзіндік баға беру.



7-тапсырма. Оқылым және тындалым мәтіндерінен ыңғайластық және қарсылықтық қатынасты білдіретін шылауларды табыңдар. Олардың қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтандар.



8-тапсырма. Ойтаразы: «Қосу–алу–қызығамын» кестесін толтырыңдар.

| | |
|-----------------|--|
| «Қосу» (+) | Сабакта қызық, пайдалы болған мәселелер |
| «Алу» (-) | Сабакта сәтсіз шықкан, пайдасы аз болғы деп үйгарылған мәселелер |
| «Қызығамын» (?) | <i>Не білгім келеді? Не қызық болды? сұраптарына жауап беру</i> |

Ойтұрткі

- Қазақстан үшін «ЭКСПО-2017» көрмесінің маңызы қандай?
- Ел экономикасының дамуына «ЭКСПО-2017» көрмесінің әсері бар ма?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінде не туралы айтылған? Негізгі ойды анықтандар.



«ЭКСПО-2017 » көрмесі

«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін Астанада өткізу Қазақстанның негізгі ірі жобаларының бірі болды. 2011 жылғы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Висенте Гонсалес Лоссерталеске ресми түрде Қазақстан Республикасының өтінімі тапсырылды. 2012 жылғы 22 наурызда Бюроға мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беруі барысында Астана женіске жетті. Астананың өтінімін 103 ел қолдады. Осылайша Астана Халықаралық мамандандырылған көрме өткізу орны болыш таңдалды.

Еліміз «ЭКСПО-2017» көрмесінің басты тақырыбы ретінде «Болашактың энергиясы» тақырыбын ұсынды. Себебі біздің елімізде гана емес, бүкіл дүниежүзінде энергияның тапшылығы айқын сезіліп жатыр. Сонымен бірге жасыл технологияны дамыту, баламалы қуат көздерін табу мәселесі өзектілігін жойған емес.

Көрменің тақырыбына сәйкес күрылыштарды салуда және іс-шараларды өткізуде алдынғы катарлы озық технологиялар қолданылды. Сонымен катар көрме Астананың инфрақұрылымына

улken өзгеріс әкелді. Жаңа қонақүйлер салынды, жаңа жұмыс орындары ашылды, сауда-саттық өркендейді. Шағын және орта бизнесті дамытуға мүмкіндік туды.

«ЭКСПО-2017» – ТМД елдерінде өткен алғашқы көрме. Астанада өткен бүкіләлемдік көрме 3 айға дейін жалғасты. Оған әлемнің 100-ге жуық елі және 10 халықаралық үйым қатысты.

«Егемен Қазақстан» газетінен



2-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар.

1. Астана қандай көрмені өткізу құрметіне не болды?
2. Астананы қанша ел қолдады?
3. Астана көрмеге қандай тақырып ұсынды? Неліктен?
4. Көрменің елімізге берген пайдасы қандай?
5. ТМД елдерінде «ЭКСПО» көрмесі болған ба?



3-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, «ЭКСПО-2017» ел дамуына үлкен үлес қосты» деген пікірге өз көзқарасында жаз.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үйінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



4-тапсырма. Мәтінді тында (34-аудио). Қандай сөздер есінде қалды?

«Астана ЭКСПО-2017» көрмесінің архитектуралық символы – «Нұр Әлем» сферасы. Бұл – әлемдегі ең үлкен сфералық гимарат. Оның диаметрі – 80 метр, ал биіктігі – 100 метр. Гимараттың 1-қабатында Қазақстан павильоны орналасты. Мұнда келушілер елдің тарихы, мәдениеті, дәстүрі және көрікті жерлерімен, сондай-ақ Қазақстанның соңғы жетістіктерімен танысты. Сфераның ішінде **Болашак мұражайы** орналасқан. «Нұр Әлем» көрмеден кейін **инновациялық хаб** және зерттеу әрі мәдени орталыққа айналуы тиіс. Болашак мұражайының 2–8-қабаттарындағы сандық, мультимедиалық және интерактивті технологиялар **экспозициялық кеңістікті** қабылдау мүмкіндіктерін кеңейттеп жағдай жасады. Мұнда энергияның негізгі түрлері: гарыш, күн, биомасса, жел, су және кинетика ұсынылды. Гимараттың жоғарғы белгіндегі шолу аланынан бүкіл ЭКСПО ауданының тамаша көрінісі ашылады. Ал кіреберіст е көрменің басты аланы орналасқан.

M.Oңгарова



5-тапсырма. Сандарды сейлет. Сан есімдерді қатыстырып, жұбыңа «Нұр әлем» сферасы туралы ақпарат бер.



6-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің ассоциативті қатарын тауып, «Қос жазба күнделігінде» мағынасын түсіндіріндер.



7-тапсырма. «ЭКСПО көрмесінде болған оқиға» деген тақырыпта шынайы жағдаят дайында. Жазбанда ыңғайластық және қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтарды орынды қолдан.



8-тапсырма. Бүтінгі сабакқа өз пікірлерінді білдіріп, сөйлемдерді толықтырындар.

- Бүтінгі сабакта мен түсіндім.
- кындық тудырды.
- Мен өзімді үшін мактар едім.
- Маған ерекше ұнаганы
- Сабактан соң маған ой келді.

5-6-сабак

Қазақстан – мүмкіндіктер елі

Ойтұрткі

- Этноауыл қалашығы не себепті үйымдастырылды?
- Мәдени құндылыктарға нелер жатады?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырыбын қойындар. Неліктен олай ата-ғандарынды түсіндіріндер.



Этноауыл қалашығы

«ЭКСПО-2017 » көрмесі аясында Астана қаласында Этноауыл қалашығы үйымдастырылды. Оның максаты көрмеге келушілер мен конактарға казақ халқының этнографиялық және рухани мәдениетін таныстыру болды. Этноауыл қалашығының жалпы аумағы 2500 шаршы метрді құрап, 30-дан астам сәнді қиіз үй бой көтерді. Көрмеге келген ше-

тедлік және отандық қонактар алдымен қалашықты коршаған көне шаһардың камалы іспеттес қабыргаларды тамашалап, ортадағы какпадан ішке енеді. Алғашкы 11 үйде ак күмісті кактаған нағыз шеберлер ер-тұрманды әшекейлеп, түрлі сәндік бүйымдарды әрлеу

ісімен айналысты. Сонымен катар мұнда теріден және ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар, түтілген жүннен бояп басылған шағын текеметтер де бар. Дәстүрлі аңшылық секторында саят құстары мен жүйрік тазылардың түрлерін, ал арнағы жасакталған орында жамбы ату мен асық ату өнерін тамашалады. Көрмеге келген қонақтар көркем безендірілген асханадан қазактың байырғы ұлттық тағамдарынан, кымыз, шұбат, кымыран, айран-шалап сиякты сусындарынан дәм татты.

Этноауыл орналаскан атшабарда ұлттық құндылыктармен катар ұлттық спорт түрлері: бәйге, кекпар, аударыспак, қыз куу сиякты ойындар өткізді.

«Ана тілі» газетінен



2-тапсырма. Мәтінді қайталап оқындар. Мәтін мазмұнын баяндама жазу арқылы жеткізіндер.

Талаптары:

- мәтін мазмұны бойынша сурет сал;
- оны жаңында отырған жұбына бер;
- жұбынның салған суреттерін колдана отырып, мәтін мазмұнын баянда;
- мәтін мазмұнын негұрлым кең ашып, оны жақсы корғап шықкан окушы женімпаз болады.



3-тапсырма. Шетелдік достарыңа Этноауыл қалашығы жайында таныстырылым жасандар. Онда қазактың қандай ұлттық құндылықтары насиҳатталған?



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (35-аудио). Мәтінде көтерілген мәселені анықтап, өз пікірлерінді білдіріндер.

Мемлекет басшысы көрме аясында өткен мәдени және халықаралық шараптарға тоқталыш өтті.

– Күн сайын елордамыз төрткіл дүниенің түкпір-түкпірінен жеткен түрлі мәдениеттің әуені мен нақышына беленіп тұрды. ЭКСПО шенберінде Астана экономикалық форумы, Шетел инвесторларының кеңесі, Ислам ынтымақтастығы үйімінің саммиті, Дүниежүзі қазактарының V құрылтайы сиякты бірқатар ірі халықаралық іс-шаралар өткізді. Мұндаш шараптар ғылымды дамытуға, экономикамызды өркендешуге септігін тигізетіні, ел тарихындағы манызды бетбұрыс болатыны сөзсіз. ЭКСПО бүкіл әлемнің интеллектуалдық және технологиялық әлеуетін көрсетуге зор мүмкіндік берді. Мұнда жаңартылған энергия көздері саласындағы 140-қа жуық ғылыми жаналық жүртшылық назарына ұзы-

нылды. «ЭКСПО» көрмесін өткізу арқылы біздің ел «жасыл» технологияларды дамыту идеясына берік екенін тағы да дәлелдеді.

Сонымен бірге Елбасы ЭКСПО инфракұрылымын көрмeden кейін пайдалану жоспары жөнінде ой бөлісті.

— «Нұр Әлем» және көрме тақырыбы көрініс тапкан басқа да біркатарапавильондар «ЭКСПО мұрасы» ретінде сакталады. Ең алдымен, мұнда «Астана» халықаралық каржы орталығы орналасады. Ол кар жы хабына, инвестиция тартатын орталыққа айналуы тиіс.

«Егемен Қазақстан» газетінен



5-тапсырма. Еліміздің астанасында өткен халықаралық деңгейдегі ішшаралар туралы жұбынмен диалог құр.

Үзіл.

| | |
|---------|--|
| Қандай? | Елордада халықаралық деңгейдегі қандай шаралар өтті? |
| Кімдер? | |
| Кашан? | |
| Қайда? | |
| Қалай? | |



6-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдік қатарын толықтыр.

- Елорда _____
 Төрткіл дүние _____
 Түкпір-түкпірінен _____
 Нақыш _____
 Септігін тигізу _____



7-тапсырма. «ЭКСПО-2017 көрмесі Қазақстанға не берді?» деген тақырыпта шолу мақаласын жаз.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріндер.



Бас бармақ – басты мәселе. Бүтінгі сабактың басты мәселесі не болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүтін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабак маган қандай әсер қалдырды?

Кішкентай бөбек – көніл күй ахуалы. Мен сабакта өзімді қалай сезіндім?

**Ойтұрткі**

- Абырои сөзімен тіркесетін сөздерді айтыңдар.
- Халқымыздың қонақжайлышының қалай суреттер едіндер?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтіндегі айтылған ойға баға беріндер.

«ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің жоғары деңгейде және зор табыспен өткениң мақтанышпен айтқым келеді. Көрме Қазақстанның абыроының асқақтатқан айрықша жетістіктердің бірі болды. Елорда үш ай бойы 115 ел мен 22 халықаралық үйымның басын кости. Көрмені 4 миллионға жуық адам тамашалады. Олардың үштен екі бөлігі – жастар мен окушылар. Бұл көрме Қазақстанның танымалдығын арттырды. Елімізге келген меймандарға халқымыздың қонақжайлышының көрсете алдық. Біз болашактың энергиясына қатысты бүкіл әлемнің тәжірибесін өз жерімізде тоғыстырудық. ЭКСПО-ның ең танымал орталығы – «Нұр әлем» сферасын күллі әлем білді. Осы көрме арқылы әлемдік қауымдастық елімізді тағы бір кырынан көрді. Дүниежүзі көз тіккен ЭКСПО беделімізді і биіктетті, рухымызды асқақтатты.

«Егemen Қазақстан» газетінен



2-тапсырма. Мәтіндегі ойды диаграммаға түсіріп, жұбына түсіндір. Құллі, абырай, жетістік, танымал, алғыс сөздерінің синонимдерін тап.



3-тапсырма. «Қазақтың абыроының асқақтатқан ЭКСПО» тақырыбына мақала жазындар.

| | | |
|---|-----------------|------------------|
| P | Рөл | ұйым мүшесі |
| A | Аудитория | мектеп окушылары |
| П | Пішін | мақала |
| T | Тақырып, мазмұн | көрменін манызы |



4-тапсырма. Өлеңді тындандар (36-аудио). Өлең жолдарынан ақынның қандай көңіл күйін байқадындар?

Жырсың ғалам,
Галамат нұрсың далам,
Етек-женін қаусырып
Кусырмаган.
...Қазақстан – бабамның ақ батасы,
Қазақстан – анамның ақ тілегі.

Заманың тербелсе шынар бағы,
 Ұлытаудың шуламай ұларлары...
 Қазақстан – қызымының қызғалдағы,
 Қазақстан – ұлымның ұлы арманы.
 Қазақстан!
 Қөнермес көктем елім,
 Өзіне аян,
 Көгеріп көктегенім...
 Қазақстан – жалғызым,
 «Жалғызыма» –
 Жар бола гөр, Жараткан », – деп келемін.
 Шомылатын шуакқа шок қарагай,
 Күннен қуат іздеген,
 Оттан арай.
 ...Қазақстан – жүргім,
 Жүргімнің –
 Мәңгілікке дұрсі лі токтамагай!

F.Жайлышбай



5-тапсырма. Осы үзіндіге қандай тақырып ұсынар едіңдер? Пікірлерінді дәлелдеп айтындар.



6-тапсырма. Өлеңде кездесетін сөздер мен сөз тіркестері бойынша ассоциативті қатар түзіндер.

| Сөздер мен сөз тіркестері | Ассоциативті қатары |
|---------------------------|---------------------|
| замана | |
| улар | |
| қызымының қызғалдағы | |
| ұлымның ұлы арманы | |



7-тапсырма. Өлеңнің мазмұны бойынша кластер құрып, негізгі ойды анықтандар.





8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парагын» пайдаланып, төмөндегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүтін не үйрәндіндер?
2. Сөздік қорларынды қанша сөзben толықтырдындар?
3. Сабак бойынша қандай сұрақтарын бар?
4. Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

9-10-сабак

Нұрсұлтан Назарбаев. «Тәуелсіздік толғауы»

Ойтұрткі

- Толғау дегенді қалай түсінесіндер?
- Тәуелсіздік бізге қалай келді?

1-тапсырма. Мәтінді тындандар (37-аудио). Автор не айтқысы келді? Дәйексөздер арқылы болжандар.

Халкымыздың қастерлі Тәуелсіздігі мен Мәнгілік еліміздің болашағы мені үнемі толғандырады. «Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы қандай болуы керек?» деген сауалды мен өзіме сөт сайын қойып отырамын. Осы жайындағы ой орамдарын қағазға түсіріп, «Тәуелсіздік толғауы» деп атағым келді. Ол азат еліміздің куллі азаматтарына, жалынды жастарға, бүтінгі буынның ерен істерін лайыкты жалғастыратын ертенгі үрпакқа арналады.

Заман ағымы бізді Қазақстан Республикасын тұнғыш рет тәуелсіз ел ретінде әлемге әйгілеген тарихи дата – 1991 жылдың 16 желтоқсанынан күн сайын, сағат сайын алыстасып барады. Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи тандаудың сарқылмас құдіретін жан-журегімізден түсінеміз. Ол – егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сұру тандауы. Ол – туган жеріміздің қазынасы мен қазба байлығына дербес иелік етіп, оны барша қоғамның игілігі, тұрактылығы үшін өз қалауымызден жұмсау тандауы. Ол – өз тағдырымызды өзіміз айқындау, болашағымызды өз колымызден жасау тандауы.

Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жүлдyz болып дүниеге келді. Баршамызды Тәуелсіздіктің Ұлы рухы жебейді, біріктіреді, бойымыздың қуат беріп, сенімізді нығайтады.

Н.Назарбаев



2-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар.

1. Авторды не толғандырады?
2. Мәтін кімдерге арналған?
3. Сенің ойынша, Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы қандай болуы керек?
4. «Біздің тарихи тандауымыз» деп нені айттың отыр?
5. «Жана Қазақстан жарық жүлдyz болып дүншеге келді» дегенді қалай тусі несіндер?



3-тапсырма. «Қоғамның бір мүшесі ретінде сендерді не толғандырады?» деген сұрақ бойынша пікірталас ұйымдастырындар.

Талаптары:

- өзіндік дәлелдердің болуы;
- баға беру;
- пікірін жүйелі әрі сенімді жеткізу.



4-тапсырма. Мәтіннен жалғаулықтарды тауып, олардың түрін анықтаңдар.



5-тапсырма. Елбасы мақаласының негізінде ашық және жабық сұрақтар құрастырындар.

Білімді, көзі ашық, кекірегі ояу болуға ұмтылу – біздің канымызда бар қасиет.

Біз бүтінгі жаңа атау ертең-ак ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін негұрлым қиналмай, женіл өзгертуе қабілетті, аса білімдар адамдарға табысқа жетеді.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің катарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

Н.Назарбаев



6-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріндегі дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. Менің ойынша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



7-тапсырма. Мәтіннен антонимдік және синонимдік сөздер қатарын тауып, олармен сейлемдер құрандар.



8-тапсырма. «Шығу парагы» бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

- Қандай жана сөздер мен сөз тіркестерін білдіңдер?
- Қандай тапсырма қындық келтірді?
- Оған не себеп болды?

11-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. ЭКСПО сөзі қандай мағына береді?
2. Қай уақыттан бері өткізіліп келеді?
3. Қай елдерде өткен?
4. Көрмеде қандай өнімдер ұсынылады?
5. Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді?
6. ЭКСПО-ның еліміз үшін маңызы неде?



2-тапсырма. Ізденуге арналған жұмыс. Елбасының пікірін сілтеме етіп алып, шағын мақала жазындар. Тақырыбын өздерін таңдаңдар. Мақалада ынғайластық және қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтарды орынды қолданындар.

Тәуелсіздіктің туын колда берік ұстау Қазакстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның ең басты борышы, биік максаты болуы керек.

Н.Назарбаев



3-тапсырма. Ойтаразы. Мақаланы талапқа сай жазған-жазбағандарынды бағаландар.

- Тақырыпқа қатысты сөздік корларын жетті ме?
- Тақырыпты кім жақсы ашты?

8-тақырып

БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**1-2-сабақ****Биотехнологияның маңызы****Ойтұрткі**

- Биотехнология деген не?
- Биотехнологияның күнделікті тіршілікпен қалай байланыстырадар едіндер?

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар. Мәтінде не туралы айтылған?

Кымыз

Биотехнология – ғылым мен өндірістің жаңа саласы. «Биотехнология» кез келген өнімді жасап шығаруда тірі ағзаны қолдану дегенді білдіреді. Мысалы, оған сүттің ашуын, айран, кымыз, шұбаттың дайындалуын жатқызамыз. Бұларды адамзат баласы ерте заманнан қолданып келе жатыр. Міне,

бул – ен карапайым биотехнология. Казіргі кезде биотехнология мағынасы әлдекайда күрделірек. Ол ғарыш, экология, медицина, ауылшаруашылық, өнеркәсіп салаларында кездеседі. Мысалы, медицинада биотехнологиялық жолмен биологиялық белсенді заттар мен дәрі-дәрмектер алу; ауылшаруашылықта топырак күнарлылығын арттыру, малдың асылтұқымды сұрыптарын алу; экологияда өндірістік және тұрмыстық калдықтарды, ағын судар, топырак пен ауаны тазарту; өнеркәсіпте сүт өнімдерін, тамак кышқылдарын алу, энергияның өзге көздерін табу, жасанды қоспалар, көмірсулар мен кейбір металдарды жаңа технология мен өндеу.

«Егемен Қазақстан» газетінен

**2-тапсырма.** Берілген сұрақтар бойынша жұбынмен диалог құр.

1. Биотехнологияның қалай түсіндін?
2. Биотехнология қандай салаларда қолданылады?

3. Оның маңызы неде?

4. Биотехнологиянын дамуын немен байланыстырасын?



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Топқа бөлініп, әр сала бойынша «Биотехнологияның адамдар үшін маңызы» тақырыбында пікірталас өткізіндер.

1-топ. Медицина саласы

2-топ. Экология саласы

3-топ. Ауылшаруашылық саласы

4-топ. Тамак өнеркәсібі саласы



4-тапсырма. Берілген ойды дамытып жазындар.

- Биотехнологияғылым мен өндірістің жаңа саласы, себебі
- Қазіргі кезде биотехнология мағынасы әлдекайда күрделі, ейткені
- Соңғы жылдары биотехнологияның жаңа ғылыми бағыттары дамып келеді, соңдықтан



5-тапсырма. Мәтінді мұқияттында (38-аудио). Термин сөздерді дәптерлеріне түртіп алындар. Не тустанданды?

Казіргі биотехнологияның микробиологиялық өндіріс, жасушалық және гендік инженерия сияқты негізгі бағыттары бар. Биотехнологияда өте бағалы биологиялық белсенді заттар, ферменттер, дәрумендер, антибиотиктер, органикалық қышқылдар – сірке, лимон, сүт және кейбір дәрі-дәрмектер алғынады.

Биотехнологияның биологиялық әдістерін қоршаған ортанды ластанудан тазарту үшін колданады. Ал ластанған суларды микроорганизмдердің көмегімен тазартады. Үлкен қалалардағы өндіріс орындары шығарған зиянды калдықтарды тазарту кейбір бактериялардың катысуымен жүреді. Металл калдықтарымен ластанған суларды тазарту үшін оларды өз жасушаларына жинаип бактерия түрлерін пайдаланады. Сонымен катар биотехнологияғылымы экологиялық мәселелерді шешуге де катысады. Мәселең, Үндістанда, Қытайда, Филиппинде үйлерді жылтытуға және тамак дайындауға биогазды – метан мен көмірқышқыл газдарының коспасын пайдаланады. Ол үшін ариналы контейнерлерге малдың кыны, кант өндірісінің ауылшаруашылық заттарының калдықтарын жинап, оларға бактерияның арнағы себіндісін қосады. Осы қоспадан биогаз алады.

A. Сартаев



6-тапсырма. Төмөндегі тұжырымдардың дұрыс не бұрыс екенін анықтаңдар.

| Тұжырымдар | Дұрыс | Бұрыс |
|--|-------|-------|
| Жасушалық және гендік инженерия – биологияның бағыттары. | | |
| Биотехнологияны дамыту арқылы өндірістік-технологиялық, экологиялық мәселелерді шешүте болады. | | |
| Жасушаның көмегімен өндірістік зиянды калдықтарды тазартуға болады. | | |
| Үндістанда, Қытайда үйді газбен жылтырады. | | |
| Биогаз малдың күннан, ауылшаруашылық калдықтарынан жасалады. | | |



7-тапсырма. «Кос жазба күнделігі» арқылы мәтіндегі термин сөздердің мағынасын ашып жазып, олардың қай салаға жататынын анықтаңдар.

| Сөздер | Түсіндірмесі |
|---------------------|--------------|
| жасушалық инженерия | |
| микроорганизмдер | |
| ферменттер | |
| антибиотиктер | |
| бактерия | |



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парагын» пайдаланып, төмөндегі сұраптарға жазбаша жауап беріндер.

- Бүтін не үйрендін?
- Сөздік корынды қанша сөзben толықтырдың?
- Сабак бойынша қандай сұраптарын бар?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

3-4-сабак

Қазақстандағы биотехнологияның дамуы

Ойтұртқі

- Еліміздегі биотехнология саласындағы жетістіктерден хабарын бар ма?
- Биотехнология саласына қатысты қандай мамандықтар бар?



1-тапсырма. Мәтінмен танысындар. Қай стилде жазылған? Тілдік ерекшеліктері арқылы стиль түрін анықтаңдар.

Биотехнологияны дамыту Қазақстан үшін де өте маңызды. Елімізде ауылшаруашылық өндірісінде 2,4 миллион адам, тамақ өнеркәсібінде

1,2 миллион адам жұмыс істейді екен. Адамдардың сырқаттану денгейі артқанда, жүрек, тамыр, көтерлі ісік және т.б. аурулар кең тараиды. Көптеген өнеркәсіп аймактарында экологиялық жағдай орнағанда қауіп ұлғаяды. Сондықтан биотехнологияның дамуы болашақ жас дәрігерлер үшін ете маңызды.

Қазіргі кезде халық санының күрт өсуіне байланысты туындаған азық-түлік тапшылығы, энергия көздері мен табиги байлыктардың азаюы, әртүрлі аурулардың көбеюі, қоршаған органдың ластануы сиякты мәселелерді биотехнологияғының ұсынған әдістер арқылы шешу мүмкін болып отыр.

Биотехнологияның тез дамуы азық-түліктердің жана түрлерін, әртүрлі дертерге қарсы медициналық дәрі-дәрмектерді, баламалы энергия көздерін алуға көмектеседі. Сонымен катар ауылшаруашылығында өсімдік зиянкестерімен құресу, мал өнімдерін арттыру және экологиялық апат салдарымен тиімді құресу әдістеріне кол жеткізу ге мүмкіндік тудырады .

«Астана хабары» газетінен

Сабактас құрмалас сөйлем шартты бағыныңқылы, қимыл-сын бағыныңқылы, мезгіл бағыныңқылы, қарсылықты бағыныңқылы, себеп бағыныңқылы, мақсат бағыныңқылы сабактас болып алты түрге бөлінеді.

Шартты бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басынқы сөйлемдегі ойдың болу шартын білдіретін сабактастың түрі. Шартты бағыныңқы сөйлем қайтсе? не етсе? қайткенде? не еткенде? қайтпей? не етпей? қайтпейінше? не етпейінше? деген сұрақтарға жауап береді.

Шартты бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) етістіктің шартты рай (-са, -се) түрінен болады: Қайрат пен тәзім жетсе, адамның жеңбейтіні жоқ. Егер білімді болың келсе, кітап оқы.

ә) болымсыз етістіктің -й, -ынша, -інше тұлғалы көсемше түрінен болады: Қуанышым қойныма сыймай, үйден шыға жүгірдім. Ауылшаруашылықта өсімдіктердің зиянкестерімен құреспейінше, мол өнім ала алмаймыз.

б) жатыс септік тұлғасындағы (-да, -де) есімшеден болады: Биотехнология қарқынды түрде дамығанда, азық-түліктердің сапасы жақсарады. Жас-кәрі спортпен шұғылданғандағанда, аурудың түрі азаяды.



Зертхана





2-тапсырма. «Биотехнологияны дамыту не үшін қажет?» деген сұрақ бойынша пікірлерінді шартты бағыныңқы сабактастың баяндауыштарын пайдалана отырып дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



3-тапсырма. Мәтіннен шартты бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндір.



4-тапсырма. «Кім жылдам?» Топтық жұмыс. Берілген сызба бойынша шартты бағыныңқы сөйлемдер құрастырындар.

басыңқы сейлем

да, де

-ынша, -інше

-са, -се

бағыныңқы сейлем

-й



5-тапсырма. Мәтінді тыңдал (39-аудио), негізгі ойды анықтаңдар.

Астанада өткен «Регенерациялық медицина мен сапалы ұзак өмір сұру» атты екінші халықаралық конференцияда адамның денсаулығын жаксарту аркылы өмірін ұзартатын «Нәр» биоенімі таныстырылды.

— Бұтін көптеген сауалдар «Нәр» биоеніміне қатысты туындасты. Нә, осындағы биоенім бізде жасалды. Ол зертханалық сынақтан етті. Казіргі уақытта клиникалық сынаудан өтсе де, мен бір ғана биоенім ұзак өмір сұру мәселесінің шешімі болып табылмайтындығын баса айтқым келеді. Бұл, біріншіден, денсаулық сапасын жаксартуға бағытталса, ал денсаулық – ұзак өмір сұру кепілі, – деді Өмір туралы ғылымдар орталығының директоры.

Бұл орталықтың мақсаты – жасанды жүректің көлемін кішірейту, адам ағзасының қартаюындағы қабыну мен инфекциялардың рөлі жөніндегі зерттеулерге қатысу, сонымен катар аурулардың алдын алу және оларды емдеу үшін, көтерлі ісік пен діндік жасушаларды зерттеу үшін генетикалық тестілеу өткізу.

Ж.Жұмаділов



6-тапсырма. Берілген сұрақтарға шартты бағыныңқылы сабактас құрмалас сөйлемдердің көмегімен жауап жаз.

- Халыкаралық ғылыми конференцияда кандай жаңалық айтылды?
- Өнім кайда әзірленген?
- Бұл енімді жасауга не себеп болды?
- Биоөнім туралы ғалымның пікірі кандай?
- Ғылыми орталықтың мақсаты не?



7-тапсырма. «Биотехнология – болашақтың ғылымы» деген тақырыпта постер дайындаңдар.



8-тапсырма. Сабакта алған ақпараттар бойынша ойларынды тұжырымдандар.

- Қосатыным –
- Өзгертер едім –
- Дамытамын –
- Құрделен діремін –

5-6-сабак

Ұлттық өнімдер

Ойтурукі

- Қазақстанда өндірілетін өнімдерді білесіндер ме?
- Қазақстандағы өнеркәсіптер туралы ой бөлісіндер?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Автор қандай мәселе көтеріп отыр?

Казіргі күні жер-жаһан АИ-95 маркалы бензинді колдануға көшті. Бұл бензиннің 10 пайзының мұнайдан алынбайтын биоэтанол құрайды. Ол ауаны ластайтын зиянды заттардан барынша таза әрі мұнай өнімдеріне тәуелділікті азайтады. Биоэтанол – өсімдік тектес шикізаттан алынатын спирт. Спирттің басым көпшілігін құрамында канты (мысалы, қызылша) және крахмалы жогары өнімдер мен бидайдан алады. Бірақ қазір әлем ғалымдары бұдан бас тартуда. Тағамды отынга, жанар-жагармайға колдану дұрыс емес. Сондыктан биоэтанолды құрамында целлюлозасы көп өнімдерден алуға ауысу керек. Оған кажетке жарамайтын, лактырылатын сабан, ағаштардың діні секілді материалдар жатады. Болашақта оларды жинап, олардан алынатын целлюлоза арқылы еліміздің жанар-жагармайға деген кажеттілігін толық жабуга болады.

«Егемен Қазақстан» газетінен



2-тапсырма. Автордың ойымен көлісесіндер ме? Мәтін бойынша дәлелдер көлтіріп, автордың ойын дамытындар.

| Тұжырым | 1-дәлел | 2-дәлел | 3-дәлел |
|--|---------|---------|---------|
| Биэтанолды целлюлозасы кеп өнімдерден алу керек. | | | |



3-тапсырма. Мәтіндегі тірек сөздерді пайдаланып, шартты бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемдер құрандар.



4-тапсырма. Мәтінді оқып шығындар. Әр азатжолда не айтылғанын жүптарыңа тусіндіріндер.

Ұлттық тағам



Академик Төрекелді Шарманов

Ұлттың рухани саулығын сактау үшін ана тіліміз қалай кажет болса, ұлттымыздың тән саулығын сактау үшін ұлттық тағамды пайдалану соншалықты кажет. Егер ұлттық тіл рухани азық болса, тағам – биологиялық азық. Ұлттық тағам – сол ұлттың өзін қоршаған ортага бейімдеуінін негізгі жолы.

Казір тамактың түрлері көп. Әсіреле жастар жағы пайдасы аз, зияны мол «ішіп-жемге» құмар. Неден жасалғаны белгісіз шұжыктар, майлыш тағамдар, курамында кауіпті қышқылдары бар газдалған сусындар сұраныска ие болып алды. Түрлі атаудағы энергетикалық сусындар адам ағзасындағы кальцийдің азаюына жол ашады. Сүйектер қуатын жоғалтып, денсаулық нашарлайды. Сейтіл адам 4 жылда ауру болады. 1 бетелке сусын 40 түрлі ауруды қоздыратынын біле бермейтіндер көп. Оның орнына ұлттық тағамдарды тұтынсак ше??!

Денсаулықты нығайтуға, іш-құрылыштарының козғалысын реттеуге, сүйекті қатайтуға негізделген өте пайдалы сүттен дайындалған тағамдарды балаларға көбірек беруіміз керек. Халқымызды мұндай тағамдар өте көп.

Т.Шарманов



5-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпаратқа өз пікірлерінді білдіріндер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыға н байланысты мен ... деген түйін жасадым.



6-тапсырма. Мәтіннен шартты бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.



7-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін қандай сөздермен аудиостыруға болады?

| Сөз тіркестері | Мағынасы |
|----------------------|----------|
| ұлттық рух | |
| рухани азық | |
| жалаң сөз | |
| пәрменді жұмыс жасау | |
| табыска кенеду | |



8-тапсырма. «Аяқталмаған сейлемдер» арқылы сабак бойынша ойынды қорытып жаз.

- қызықты болды.
- қын болды.
- тапсырманы орындағым.
- екенін түсіндім.

7-8-сабақ

Жұніс Сахиев. «Уақыт қайтарымы»

Ойтурткі

- Такырыпты қалай түсіндің?
- Уақытты қайтаруга бола ма?



1-тапсырма. Мәтін үзіндісін тыңда (40-аудио). Мәтін кейіпкері кім? Автор не айтқысы келді?

Нығмет Дүйсенұлының Геронтология институтында қызмет етіп келе жатқанына екі жыл болды. Бұл уақыт ішінде ол біраз гылыми жұмыстарды тыңдырып таstadtы.

...Нығмет балконға шығып, әлдебір нәрселер туралы ойлап түрді. «Қандай екен? – деді өзіне өзі. – Маған тартты ма екен?» Тұнғыш перзентін көргенше жүрегі алып-ұшты. Ол «Тұған сон

тоңазытқышта өсіремін» деуші еді. Бұл сөзінің жансақ айтылғанын енді білді.

Кезінде Нығмет курсас күрбесі Бакытгүлге «Мен бұл жалғанда үйленбеймін» деп те айтқан еді. Ал енді үйленбек түгілі балалы болды. Мұның бәрі әкелік махаббат оянбай тұрған кезде болған жайлар екен. Енді өзін аса сабырлымын, ғылымға берілгенмін десе де, бойын ерекше әкелік сезім билеп алған еді. Тіпті перзент дүниеге келгелі танымдық көзқарасы да күрт өзгерген сиякты. Отбасының басты тірегі де осы перзент екенін алғаш рет түсінді. Бұған дейін тек ғылым жайын ойласа, енді ұлының болашағын ойлауга мәжбүр болды.

Ж.Сахиев. «Уақыт қайтармы» кітабынан



2-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріндер.

- Геронтология институтында кандай ғылыми жұмыстар жүргізіледі?
- Кейіпкердің кандай көніл күйін байқадындар (көнілді, сенімсіздік, реніш, аландau)?
- Ол неліктен ұлының болашағын ойлайды?
- «Тұган соң тоңазытқышта өсіремін» дегенді қалай түсіндіндер?



3-тапсырма. Мәтіннің стильдік ерекшелігіне, мәтіндеңі негізгі ойға сипаттама жазындар.

| Стильді анықтап тұрған ақпарат | Мәтін мазмұнын ашып тұрған негізгі сейлем | Мәтіннен кандай ой түйдін? Бага бер. |
|--------------------------------|---|--------------------------------------|
| | | |



4-тапсырма. Мәтінді алдыңғы мәтінмен байланыстырып, ортақ ойды анықтандар.

Геронтология институтында адам өмірін ұзартумен жүздеген адам шұғылданады. Институт іші қашан да абыр-сабыр болып жатады. Нығмет дәліздеған Секен Елгезекұлымен кездесіп қалды. Секен – аккөніл кісі. Адамның жан дүниесін жақсы түсінеді. Ол әріптесімен амандастып, үй ішінің амандығын сурады.

- Нығмет Дүйсенұлы, сіз қалай ойлайсыз, болашакта адам бойшан бола ма, әлде керісінше ме?
- Бойшан бола коймас.
- Мұныңыз ақылға конады. Нығмет Дүйсенұлы, сіз балалы болғанда қалай куандыңыз?
- Оны сезбен айтып жеткізе алмаймын.
- Иә, перзент адам баласының өлшеусіз куанышы той.

Секен осыны айтып кала берді. Нығмет біраз лабораторияларды аралап, кабинетіне келді. Бөлме іші тап-таза екен. Еден жуушы робот жана гана бөлмені тазалап шықкан болу керек. Нығмет біраз уакытқа шейін ойдан арыла алмады. Егер алға қойған мақсатын жүзеге асыра алса, бұл дүниеден армансыз өтер еді. Нығмет алдағы уакытта ұлы жататын тоңазытқыш жәшігіне өзгерістер енгізуі өйлады.

Ж.Сахиев. «Уақыт қайтарымы» кітабынан



5-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Үзіндіде не туралы айтылған?
2. Диалог кімдердің арасында өтті?
3. Фалымның мақсаты не?
4. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін не себепті кателесуге болмайды ?



6-тапсырма. Тыңдалым және оқылым мәтіндерінен бас әріппен жазылатын күрделі және құрама атауларды тауып, сейлемдер құрандар.



7-тапсырма. «Шығу парагын» толтырындар.

- Бұгінгі сабактан не білдіңдер?
- Қанша жаңа сез үйрәндіңдер?
- Тапсырмаларды қалай орындаңдар?
- Сұрақтарға кателеспей дұрыс жауап бердіңдер ме?

9-10-сабақ

Үміт үзгім келмейді

Ойтұрткі

- Адам өмірін қалай ұзартуға болады?
- Осы мәселеге қатысты ғалымдардың ізденісі жайында не біле сіндер?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (41-аудио). Үзіндінің шындыққа қатысы бар ма? Топта талқыланыңдар.

Күллі тіршілік күбылыстары өтіп жататын биосфера жағдайына да көніл аудар. Тірі организмдердің биомассасы осында. Оянған соң күрліктегі, судагы есімдіктер мен жануарларды бір-бірімен салыстыра қара. Сәметжан, болашактағы өмір тек биосферамен шектелмейді, жер астында да, су астында да, су бетінде де, әуеде қалықтаң тұратын қалаларда да жалғасады. Қалаған ортаңа

баарсын. Су астындағы қалага бару үшін саған ерекше дайындықтан өту керек болады. Өйткені ол кездің адамдары судағы еріген оттекпен тыныс ала алатын дәрежеге жетеді.

Әуеде қалықтап тұратын қалаларға барғын келсе, ондағы атмосфералық қысымның жер бетіндегіден әлдеқайда аз болатынын есте сакта. Ал жер бетіндегі температуралының шектен тыс ыстықсұғы, ауа райының басқадай құбылыстары жалықтырган жағдайда, жер астындағы қалаларға барып тұрарсын. Онда жанга жайлыш тұракты климат сақталады...

Ж.Сахиев. «Ұақыт қайтарымы» кітабынан



2-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріндер.

1. Ұзіндіден не түсіндін?
2. Сәметжанға қандай сынақ жасалды?
3. Ғалым мундай қадамға неліктен барды?



3-тапсырма. Мәтінде берілген шартты құрмалас сейлемдерді тауып, жасалу жолын түсіндір.



4-тапсырма. Биология пәнінен алған білімінді пайдаланып, биосфера қандай кеңістікті құрайтыны жөнінде жұбына әңгімелеп.



5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Кейіпкердің көніл күйі қандай? Әңгіме қалай басталып еді? Қалай аяқталды?

Ұлына деген климastyғын үзіп жіберген автомат жүйеге өкінішті көзбен бір қарап алған Нығмет амалсыздан сыртқа бетtedі. Кіреберіс белмеде оны көмекшілері күтіп тұрған-ды. Аппак қудай болған Нығметтің жүзін көргенде, олар таңғалды. Ол ешкімге көніл аударған жоқ, ашық тұрған үлкен терезе алдына барып, далаға ұзак қарады. Көмекшілері тілдесуге бата алмады. Ол біраздан соң кабинетіне қарай бұрылып, тұрғандардың қасына келгенде тоқтап:

— Тоңазытқыш жәшіктің жұмысын тексеріп, балама ине арқылы тамақ беруге кажетті заттарды дайындаңыздар, — деп ілгері жүріп кетті.

Өң мен түстің арасында өз кабинетіне келді. Оның төргі қабырғасында Сәметжанның үлкейтілген суреті ілулі тұр еді. Нығметтің көзі соған түсті. Өзін кінәлідей сезініп, іштей толқып ұзак тұрды. «Жаза бассам, кешір мені, ұлым, — деді содан соң күбірлеп. — Фылым талабы осы болды. Есің кіргелі ұзак жасауды

армандадын. Ендігі сін, балам, оянған соң көре жатарсын. Тек кашан да қайрыымды казагын алдыннан шыксы н. Кош, ұлым!»

Ж.Сахиев. «Уақыт қайтарымы» кітабынан



6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Автордың көтерген маселесінің астарында қандай түсінік жатыр? Өз пікірлерінде білдіріңдер.

- **Пікір**. Оқыған мәтін бойынша өз пікірін бір сейлеммен айту.
- **Дәлел**. Өз пікірін бір сейлеммен дәлелдеу.
- **Мысал**. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіру.
- **Корытынды**. Такырып бойынша түйін жасау.



7-тапсырма. Әкенің ішкі жан дүниесін талдап, «Бала – бауыр етің» деген тақырыпта ойтолғау жаз. Ойтолғауда шартты бағыныңқы сейлемдер болсын.



8-тапсырма. «Шығу парагын» толтырындар.

- Шығарма мазмұнын кім жақсы түсінді?
- Қай тұсы ерекше әсер етті?
- Кімнің жазған ойтолғауы ұнады? Неліктен?

11-сабақ

Нәтиже сабақ



1-тапсырма. Алдыңғы сабақтағы оқылым және тыңдалым мәтіндерінен шартты бағыныңқы сабақтас сейлемдерді тауып, олардың қалай жасалып түрғанын түсіндір.



2-тапсырма. Мына бөлікті кіріспе етіп алып, эссе жазындар.

Ұзақ жасап, бала-шагасының қызығын көру – кім-кімнің де арманы. Бірақ кеп жасаудың сырын әркім әртүрлі айтады.

Талаптары:

- нақты айқындалған кіріспеден, негізгі бөлім мен корытынды бөлімнен тұруы;
- тақырыптан ауытқымау;
- өмірмен байланыстыру;
- өзіндік пікірлер келтіру;
- шартты бағыныңқы сейлемдерді колдану.



3-тапсырма. Эссені талапқа сай жазған-жазбағандарынды бағаландар.

9-тақырып

БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Көмірсүтек шикізатының нарығында ірі ойыншы болып қала отырып, біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамытуға, күн мен желін энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге шілдесіз.

Н.Назарбаев

1-2-сабак

Болашақтың энергиясы

Ойтұрткі

- Қалай ойлайсындар, болашақ энергиясына қандай энергия көздері жатады?
- Неліктен бүкіл әлем баламалы энергия көздерін колдануды максат етіп отыр?



1-тапсырма. Елбасы сезінен қандай ой түйдіндер? Өз ойларынды білдіріңдер.



2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен танысындар. Қандай мәселе көтерілген? Ғаламдық мәселелермен байланыстырып айтыңдар.

Жерді мекендейтін жеті миллиард адамның күннен-күнге өсіп бара жатқан энергетикалық сұранысын канагаттандыру үлкен мәселеге айналып отыр. Барлық энергия түрлерін пайдаланатын өндіріс үздіксіз артуда. Соңғы көздері отын коры жер астынан гөрі үлкен терендіктең теніз тубінен алынуда. Баламалы энергия көздерін іздеудегі басты максат – дүниежүзі бойынша құрлықтарғы температуралың артуы. Зиянды қалдықтардың әсерінен ауаның температурасы бірнеше градуска жылышып, әлемдік мұхиттардың денгейі 58 сантиметрге көтерілген. Нәтижесінде табиғатта түрлі апаттар болып жатыр. Соңықтан әлем сарапшылары энергетикалық қуат шикізаттарына балама табу мәселесін максат етіп отыр.

Баламалы энергия көздеріне жел, күн энергиясы, геотермиялық энергия, биомасса, су ағынының энергиясы, мұхиттардағы тасу мен кайту кезіндегі судың козғалысынан болатын энергия жатады .

«Айқын» газетінен



3-тапсырма. Сызба бойынша «Баламалы энергия көздерін іздеудің себептері» деген тақырыпта өз жұбынмен ақылдасып, ойларынды топқа ұсынындар.



4-тапсырма. Мәтіннен энергия сезін анықтайтын сөздерді тауып жазындар. Олардың мағынасын сөйлем құрау арқылы түсіндіріндер.



Қарсылықты бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем – басыңқы сөйлем білдіретін ой бағыныңқыда айтылған ойға немесе бағыныңқыдағы ой басыңқыдағы ойға қарсы қойылатын сабактастың түрі. Қайтсе де? не етсе де? қайткенмен? не еткенмен? қайтпесе? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Мен саған айтпасам да, сен оны білесің. Білек бір болғанмен, саусақ басқа.*



5-тапсырма. Мәтінді тыңданадар (42-аудио). Қандай ақпарат естерінде қалды?

Жалпы баламалы энергия көзін табу, ен алдымен, әлемдегі экологиялық апат қаупін азайтуға бағытталған іс. Елімізде баламалы энергия көздерін өндіру бағытында зерттеулер де, іс-шаралар да өткізіліп жатыр. Мамандар алдағы 20–30 жылда Қазақстанда жаһандық климаттың өзгерісі қатты сезілетінін болжайды. Сондыктан Елбасымыз да бұл мәселені жаһандық денгейде көтеріп, баламалы энергия көздерін дамытуға үндеп келеді. Бүтінде ауаны ластайтын, экологияға көп залал келтіретін мұнай-газ бен көмір жағу арқылы энергия өндіріп отырган елдердің көбі – дамушы мемлекеттер. Көмірқышқыл газын көп шығаратын Қытай, Үндістан т.б. ірі елдердің экологиялық таза энергия көздеріне көшүі манызды болып отыр.



«ЭКСПО-2017» көрмесінің эмблемасы

Астанада өткен «ЭКСПО-2017» көрмесі болашакта күн, жел, су тәрізді баламалы энергия көздерін пайдалану идеясын басшылықта ала отырып, бул саланың дамуына септігін тигізді.

«Егемен Қазақстан» газетінен



6-тапсырма. Берілген тірек сөздерді пайдалана отырып, мәтіндегі негізгі ақпараттарды ретімен баяндандар.

Баламалы энергия көзі, экологиялық апат, климаттың езгеруі, мұнай-газ, көмір жағы, «ЭКСПО-2017» көрмесі.



7-тапсырма. Сызба бойынша қарсылықты бағыныңқы сейлемдер құрастырып, тыныс белгілерін қойындар.

басынқы

-са, -се (да, де)

-ғанмен, -гемен (да, де)

бала тұра (бала тұрса да)

бағыныңқы сейлем



8-тапсырма. Кесте бойынша ойларынды қорытындыландар.

Берілген такырып бойынша маган не белгілі? Мен не білемін?

Мәтіннен кандай жаңалық туралы білдім?

3-4-сабақ

Энергия көздері

Ойтұрткі

- Суреттерден нені көріп тұрсың? Олардың кай жерде көздестірдін? Қазақстанда баламалы энергия көздерін колданудың болашағы қандай?



Жел турбиналары



Энергия стансылары



Сығылған отын белшектері



1-тапсырма. Мәтінді тында (43-аудио). Мәтінде не туралы айтылған? Термин сөздерді анықта.

Жел энергиясының коры бүкіл планетадағы өзендер гидроэнергиясынан 100 есе асып түседі. Жел энергетикасын колдануда Балқаштың климаттық жағдайы қолайлы болып табылады. Балқаш өнірінде Сарыарканың анызак желі үздіксіз соғып тұрады. Осыған байланысты көлде үнемі күшті толқын болады.

Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондыргыны «фотоэлектрлік» немесе «фотовольттық» деп, ал күн энергиясын жылу энергиясына айналдыратын аспапты «термиялық» деп атайды. Бұл аспаптарды «гелиожүйелер» дейді.

Биогаз – қалпына келетін ресурс. Мұны кез келген органикалық қалдықтан алуға болады. Мысалы, тамак пен мал қалдығы, тұрмыстық қалдық, ағын сулардың тұнбасы, қосылыстардың ыдырауы нәтижесі және т.б. Тек бір ғана ауылшаруашылық өнімдерінің қалдықтарынан пайда болған биогаздың коры жылына 1–1,3 миллиард тонна жанғыш шикізат береді. Бұл пайдаланылатын дүниежүзілік энергия ресурстарының оннан бір бөлігі болып сана лады.

Хаттық: энциклопедиядан



2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын тірексызба арқылы жұбыңа түсіндір. Баламалы энергия көздерінің дәстүрлі энергия көздерінен айырмашылығы неде? Кестені толтыр.

| Дәстүрлі энергия көздері | Баламалы энергия көздері |
|---|--------------------------|
| Мұнай, газ, көмір. | |
| Сарқылтуы мүмкін, қайта қалпына келмейді. | |
| Қоршаган ортага зияны орасан. | |



3-тапсырма. Берілген етістіктерді қатыстырып, қарсылықты сабактас құрмалас сейлемдер құрастырындар.

Үйдірау, біріктіру, байланыстыру.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, алдыңғы мәтінмен салыстыр. Ол жөнінде не білесін? Білеңін қосымша ақпаратынмен бөліс.

Баламалы энергия өндіруге кажетті құралдың тағы бір түрі – вертикальды желі кроторлық турбина. Осындағы қондырғылардың бір нұсқасын отандасымыз Альберт Болотов ойлап тапқан. Бүгінде оның бұл еңбегі Ресей, Қырғыз және Корей елдерінде де колданылып келеді. Алыс аймактарға электр қуатын жеткізуде

бұл құрылғының пайдасты зор. Қытайдың қазіргі және келешектегі сұранысы Қазақстанның барлық энергия ендірісінің тен жартысын ғана қамтиды.

Сонғы он жыл ішінде елімізде баламалы энергия көздерінен қуат өндіру даму үстінде. Күн, жел, су электр стансылары пайдалануга беріліп, олардың жалпы қуаттылығы 114 мегаватта жетті. Бұл – Жамбыл облысында өндірілетін жалпы энергияның 9,3 пайзы. Оның үстіне су, күн энергияларын өндірүте облыстың климаты да колайлы. Жуалы ауданында іске косылған «Бурное Солар-1» ірі күн электр стансысын ерекше атап өту керек. Стансының жылдық қуатын 100 мегаватта дейін арттыру жоспарланған. Бұл – 30 мын үйді энергиямен қамтамасы з етүге жетеді.

«Егемен Қазақстан» газетінен



5-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар.

1. Жел ді кроторлық турбинаны ойлаң тапкан кім?
2. Құрылғы қандай елдерде колданылады?
3. Оның пайдасты туралы не білесіндер?
4. Қытай жылына қанша энергияға мұқтаж?
5. Ирі күн электр стансысы еліміздің кай жерінде орналасқан?
6. Қанша үйді энергиямен қамтамасыз етеді?



6-тапсырма. Қазақстанда күн энергиясы мәселелерімен айналысадының ғалымға сұрақтар қойындар. Сұрақтарды өздерің дайындаңдар.

| | | |
|---|-----------------|---------------------------|
| P | Рел | Ғалым |
| A | Аудитория | 9-сынып оқушылары |
| P | Пішін | Сұхбат |
| T | Такырып, мазмұн | Күн энергиясының пайдасты |



7-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабак бойынша әріптестеріңмен ой бөлісіндер.

- жаңа 3 факті;
- жеңіл ақпарат;
- қын ақпарат;
- оқығым кел етін ақпарат.

5-6-сабак



Медеу Сәрсеке. «Жетінші толқын»

Ойтұрткі

- «Жетінші толқын» дегенді қалай түсіндіндер? Авторы туралы не білесіндер? Қандай шығармаларымен таныссындар?



1-тапсырма. Түсініп оқып, мәтінге тақырып қойындар.

Жолбасшың білікті кісі болса, жол күніндығын сезінбейсін, ерте ме, кеш пе, аман-есен жеткізетініне сеніп, сонынан ере бересің. Ақыр аяғында «жүрген аяқка жөргем ілінедінін» кері болады да шығады...

Вацлав атайға кездескелі біз де сейттік. Қарт Балқанда неше алуан ағаш түрі мәуелеп өскен. Жан бағута жараптан күттү коныс, жер жаннаты осындаі-ак болар. Студент жастар коғамының жолдамасымен күндердің күнінде сол жерге біз де тап болғанбыз. Біз деп отырғаным – кыста жарияланған шығармашылық 10 студентке сыйақымен коса, осы лагерьге жолдама берген. Бақыттылардың ортасында менің де есімім аталып, жаз ортасында «Ту **кияндағы** Балқан тауы, қайдасын?» деп сапарға аттандым. Жолаушыға үйінен күншілік жер ұзау бейнет деседі. Мен болсам, Азия құрлығының түкпірінен алыстағы Еуропаның шеткергі төріне келген спрек өкілдерінің бірімін.

«Ендеше, – деп, осы жакка табаным тиғен сағатта-ак шексіз киялға берілейін, – кәрі Балқанның құланжонданған сілеміне **бойлай кіріп**, бейта ныс өнірді емін-е ркін аралап, неге жер танымасқа?!»

М.Сәрсеке. «Жетінші толқын» кітабынан



2-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріндер.

1. Энгіме кейіпкері кім?
2. Энгіме қай жерде өтеді? (Кездесетін жер атауын картадан тауып көрсетіндер.)
3. «Жүрген аяқка жөргем ілінеді» дегенді қалай түсінесіндер?
4. Автор лагерьді қалай суреттейді?

Түсіндірмे сөздік

- жүрген аяқта жөргем іліну** – бұл жерде: барған жерінен ғибрат алдым (қарап жатпаған адамға бірдене кез болар)
мәуелеп өсу – жайқалып өсу
сыңсыған – қалың өскен
ірге тепкен – орналасқан
жан бағу – бұл жерде: өмір сүру





3-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген тұрақты тіркестердің мағынасын қалай түсінесіндер? Ассоциативті қатар құрып, түсіндіріңдер.



4-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы. Не түсіндің?

— Қырық төртінші жылдың кысы еді, жылдың бас кезі. Үскірік аязымен, дүлей боранымен, табиғаттың долы құбылысымен де есімде қалған сол мезет... Сол уақытта мен егде тартқан шамадамын, пә-пә, елудің төріне шығып, «Батя» атанған көрімін. Өз катарымнан, әлде мінезім асып, пә шаруаны білетіндігімнен партизан отрядының командирімін...

Вацлав атаймен серуенге шыкканымызға бүгін үшінші тәулік.

— Қысқасы, уш тәулікке созылған күгін-сурғіннен соң, шегінешегіне келіп, бой тасалаған жеріміз – анау шатқалдың төрі болды. Бірақ ол да қорған бола алмады. Ақыры, босқа берілмеуді ойладап, тау үнгіріне бекінуге мәжбүр болдық. Соның бір бұрышы бізге қорған болар деп ойлағанбыз. Онбай алданғанымызды, қайтейік, кеш, тым кеш білдік.

Әлден уақытта топ жетекшісі үнгірдің түкпірінен металл сыңғырын естіді. Сірә, әрекетсіз бос жатудан жалыққан жауынгер серігі өзінің ісіне нешиші мәрте кайыра кіріскең.

Вацлав дыбыс естіген түкпірге жақындаш келіп:

— Немене, достым, бірдене шыға ма? – деді ақырын гана.
— Не деуге болады? Куат кезі тым кашыкта, ал онсыз қайран жок, Батя!

M.Сәрсеке. «Жетінши толқын» кітабынан



5-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Вацлав атай кім?
2. Ол қандай оқиғаны есіне алады?
3. Ол жөнінде не білесіндер?
4. Олар қандай жағдайға тап болды?
5. Топ жетекшісі нені естіді?




6-тапсырма. Сөздікті пайдаланып, берілген сөздердің синонимдік қатарын түзіңдер.

Егде, күш-куатым қайтпаған, сайыпқыран, бой тасалау, мәжбүр болдық.



7-тапсырма. Жазушының сипаттауы бойынша Вацлав атайға мінездеме бер. Ол қандай адам?



8-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдеп жазыңдар.



Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Сонғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым .

7-8-сабак

Толқын энергиясы

Ойтұрткі

- Толқын сөзімен тіркесетін қандай сездерді білесіндер?
- Радиотолқындар қандай салаларда қолданылады? Физика пәнінен алған білімдерінді пайдаланып, өз ойларынды білшіріндер.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Автор не айтқысы келді? Болжам жа-сандар.

Казіргі заман жастары әр нәрседен хабардар болуы керек, өйтпейінше көп нәрседен қалып коясын. Кәдімгі радиокабылдағышты алайық. Жер шарының кез келген жерінде отырып, қуатты радиокабылдағышын болса, эфирдегі толқындарды таңдау үстап, ән тыңдайсын, әр сезінді алыстағы досына каз-калпында жеткізесін. Бұл да энергияны сымсыз тасымалдаудың айқын дәлелі, яғни әлсіз дегенмен, радиотолқын – энергияның дыбыска, тербеліске айналған түрі... Немесе теледидардан бейне көрсетуді алайық: электрондар толқыны ешқандай сымсыз шартарапка тарап, диктор үнін, козғалысын, колындағы сурет кескінін қас-қағым сәтте үйіндегі экранда кайыра бейнелеп береді, тәжірап емес пе?

Міне, табиғатта да, адам ақылы соңшама жетілдірген техника әлемінде де энергия қуатын ешқандай өткізгішсіз алысқа

жеткізудің үлгісі... Былайша айтканда, адам баласы энергияны алыска тасымалдау күпиясын аздағ болса да менге ріп келеді.

M.Сәрсеке. «Жетінші толқын» кітабынан



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша радиотолқынның қолданылатын салаларын тірексызба арқылы көрсетіп, маңызын түсіндіріңдер.



3-тапсырма. Берілген қарсылықты салалас сөйлемдердегі ойды жалғастырыңдар.

- Қай жерде жүрсөн де,
- Электромагнит тогі әуеде ұшакқа соғылса да,
- Су сұйық болғанымен,



4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қай оқиғаның жалғасы? Жұбынмен анықта.

Түсіндірме сөздік

сом жартас – биік қатты тас
қойны-қонышын тілгілеу –
тау қойындағы жынысты
үнгү

жеті қабат құрыш сауыт –
бұл жерде: берік, мықты

Әуелі көргенім – караңғы түкпірде жалт-жұлт ойнақтаған жалын жарқылы болатын. Көз қаратпайтын күшті жарқыл, темірді электрмен пісіру ше? Нә, нә, соның тап өзі! Тек темір пісіргендей от шашпай, бір-ак жерге, бір ғана нүктеге шанышла қадалып, сом жартастың койны-қонышын тілгілеп жатканын алыстан болса

да, ойша сезіп тұрмын. Қауіп ойлас, үнгір аузына да жалтақтай қараймын. Кондырғы калыпты түрде жұмыс істеп тұр. Ертөлікеш занғар жартасты үнғудан жаңылмасын тіпті! Тек анау электр қуатын күйіп тұрған дизелин тоқтатпаса екен?! Оның неге керек болғанын сездіндер ме? Немістер әлдекайдан жанталаса сүйретіп, дизель двигательін, тұрлі құралдар жеткізеді. Соларды жедел құрастырып ток өндіре бастайды. Тас түкпірде от шашып, жеті қабат құрыш сауыт дерлік сом жартасты олай-былай тілгілеуге кіріседі. Бұл енді біздің шерменде топты тас камаудан кең дүниеге алып шығар бірден-бір амал!

M.Сәрсеке. «Жетінші толқын» кітабынан



5-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша «ПОПС» формуласын қолданып, өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін ассоциациялық қатар түзіп, түсіндіріңдер.

Темірді электрмен пісіру, электр қуатын күйіп тұрған, күпия әбзел, сом жартас.



7-тапсырма. «Үнгір ішінде» деген тақырыпта шағын мәтін құрандар. Кейіпкердің ішкі сезімін суреттендер. Жазбаларында қарсылықты сабактас сөйлемдер болсын.



8-тапсырма. Ойтаразы. 3–2–1 критерийі бойынша анықтандар.

- 3 маңызды ақпарат;
- киындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаган 1 мәселе.

9-10-сабак

«Жетінші толқын» құпиясы

Ойтұрткі

- Тау-кен жұмыстары туралы не білесіндер?
- Елімізде өндіріс орындары орналасқан қандай калаларды атай аласындар?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінде не туралы айтылған?

Балқан тубегінен саяхаттан оралған соң-ақ әрі-сәрі ойланып, Шыңғыстың іздеп, жен-жосығын қайткен күнде білмекке бел байлаған едім. Шынын айтқанда, тірілер қатарына оны о бастан қоспағанмын. Тірі болса, осы күнге дейін ол туралы қандай да бір әнгіме естір едік. Тасты нанша тілген жойқын құрал туралы да білу керек. Тау-кен жұмыстары жайындағы аз-маз түсінігім бойынша, адамзат колына мұндай құрал әзірше тиғен емес. Шахтадағы кен өндіру жұмысын бүрғылау қондырғылары аткарады. Шахтерлер колынан ауа қысымымен жұмыс істейтін перфораторлар әзірше түсे қойған жок. Ал әсем ғимараттарды көркемдейтін гранит не мәрмәр текталарды бәз-баяғыдай колмен өндійтін күн сайын Алматының жаңа құрылыштарынан көріп журміз. Егер Шыңғыс қолданған құрал адамзат ка белгілі болса, тау-кен жұмыстарында тәңкерең туар еді.

М.Сәрсеке. «Жетінші толқын» кітабынан



2-тапсырма. Тау-кен жұмысшылары қандай жұмыстар атқарады? Өз жұмыстарында қандай аспаптарды қолданады?



3-тапсырма. Мәтіннен термин сөздерді тауып, олардың қай салада қолданылатынын анықтаңдар.



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Оқиға қалай өрбіді? Хикаяттың композициялық құрылымын анықтаңдар (оқиғаның басталуы, оқиғаның өрбүі, оқиғаның аяқталуы).

Түсіндірмे сөздік

гравитация – физикалық термин. Кез келген денелер арасындағы тартылыс күш әсері

Фылым өрістеп, білім деңгейі ескен сайын адамның табигаттан алатын несібесі кебейе бермек. Кеше ғана ол менгерген толқын саны бесеу еді. Бүгін алтауға жетіп отыр. Алтыншы толқын – гравитация. Аспанға лактырылған тас шырқай кетеріліп

барып жерге түседі. Немесе адам баласының жерде нық басып жүруін, анын жүгіруі мен құстың ұшуын алайық. Болмаса өмір кіндігі – Күнді айналған тоғыз планетаның, нә кәдімгі Жердің ешқандай тіреу, сүйеусіз әлемнің түпсіз бір кеңістігіне құлап кетпей Күн өрісінде шыр айналуын қалай түсінеміз? Осыларды ұстап тұрған қандай күш? Ол – гравитация, тартылыс әсері.

– Мине, бұл дүниедегі алтыншы толқын, – дейді де, Сырым Болатұлы «түсіндін бе?» дегендег бетіме тесіле қарайды.

– Ал сонда? – деймін мен де оған үміттене қарап.

– Мен білсем, адамзат қауымы жетінші толқынның құпиясын ашып отыр. Анығын айтқанда, жетінші толқынды колдан жасап отыр. Ол дүниеге электртолқын атты жана термин әкеліп отыр. Сонымен сымсыз электр қуатын қалай тасымалдауга болады? Тек ауа арқылы. Толқын қызметін пайдаланып. Демек, Шыңғыс әнерпаз электр қуатын толқынға айналдырып, ауага таратудың онтайлы жолын тапкан, оның орасан күшті кескіш каруының құпиясы осын да.

M.Сәрсеке. «Жетінші толқын» кітабынан



5-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Фылым дамыған сайын адамның табигаттан алатын үлесі қандай болады?
2. Несібе дегенді қалай түсінесіндер?
3. Күнді айналған тоғыз планетаны ұстап тұрған қандай күш?
4. Ол жөнінде не білесіндер?
5. Шыңғыс нешінші толқынның құпиясын ашты?
6. Қазіргі кезде Күн жүйесінде планеталар қалай жіктеледі?



6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша және физикадан алған білімдерінді пайдаланып, толқын түрлерін санамалап айтыңдар. Олардың әрқайсысына түсінік беріңдер.



7-тапсырма. Берілген жай сейлемдерді қарсылықты сабактас құрмаласқа айналдырып жаз.

1. Кеше ғана ол менгерген толқын саны бесеу еді.
2. Мен білсем, адамзат қауымы жетінші толқын күпиясын ашып отыр.
3. Ол дүни еге электртолқын атты жаңа термин әкеліп отыр.



8-тапсырма. «Шығу парагын» толтырындар.

- Шығарма неліктен «Жетінші толқын» деп аталған?
- Шығарма мазмұнын кім жақсы түсінді?
- Термин сөздердің мағынасын білдіндер ме?

11-12-сабақ

Нәтиже сабақ




1-тапсырма. «Баламалы энергия көздері – адамзат ақыл-ойының жемісі» деген тақырыпта пікірталас үйымдастырындар.

Талаптары:

- тақырыптан ауыткымау;
- регламент сактау;
- сез әдебін сактау;
- өз ойын жүй елі жеткізу.



2-тапсырма. Тақырып бойынша көтерілген негізгі маселені анықтап, тәмендеңі кесте бойынша өз ойларынды айтындар.



3-тапсырма. Әдеби шығармадағы ақпараттар бойынша сыйбаны толтырындар.



4-тапсырма. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңдар.

Шығарма бойынша үш факті:

1. _____
2. _____
3. _____

Авторға арналған екі сұрак:

4. _____
5. _____

Қызығушылық танытқан бір нәрсе:

6. _____



5-тапсырма. Тақырып басында берілген Елбасының сезін тірек етіп, эссе жазыңдар. Эсседе қарсылықты сабактас құрмалас сөйлемдер болсын.



6-тапсырма. «Шығу парағы» бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Пікірталасқа түсे алдыңдар ма?
2. Кімнің жазған эсесі үнады?
3. Эссе талапка сай жазылған ба? Бағаландар.

10-тақырып

АЛАШ ИДЕЯСЫ МЕН ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Алаш идеясы – біртұтас қазақ идеясы!

1-2-сабак

Дидахмет Әшімханов. «Бес арыс»

Ойтұрткі

- Алаш қайраткерлері туралы не білесіндер? Олар азаттық үшін күресте қандай істер аткарды?



Алаш қайраткерлері



1-тапсырма. Мәтінді зерделеп оқы. Қандай әсер қалдырды? Алған әсерлерінді сыныптастарыңа айтып бер.

Патшалық Ресейдің отарлық езгісінде өмір сүрген қазақ халқының әлеуметтік түрмиси XX ғасырдың басында тіпті қындала кетті.

XX ғасырдың басында отаршылдықка, зорлық-зомбылыққа қарсы шықкан ел азаматтарын катты ойландырган үш мәселе болды. Осы үш мәселе шешілмей, қазақ халқы караңғылық пен надан дықтан құтылмасы айқын еді.

Мұның алғашкысы – жер мәселесі. Өйткені ғасыр басында Ресейден казак жеріне шаруаларды қоныстандыру үдегей түскен еді.

Екінші курделі мәселе – оку-ағарту ісі болды. XX ғасыр басында казакта оку аз болған жок. Бұган мұсылмандық мектептер туралы деректер күә (Жетісу мен Сырдария облыстарында 1913 мектеп, 56 медресе болған).

Ушінші мәселе – казак еліндегі адамдық құқықты, ұлттық мұддені табанға таптаған отаршылдардың басқару жүйесі.

Міне, осы мәселелер қазак азаматтарын бірігуте, саяси курес жолына шығуга жұмылдырыды. Алаш идеясы, алаш мұраты өз алдына дербес ел болу, казакты еркіндікке, тәуелсіздікке апару, қазактың құқығын қорғау еді.

1917 жылы казак халқының өмірін дүр сілкіндірген бірнеше ірі окиға болып өтті. Олар: ұлт тарихындағы тұнғыш саяси үйым – Алаш партиясының өмірge келуі; Ресей империясы құрамында Алаш автономиясын құру туралы ұсыныстың жария етілуі; Алаш автономиясының Ұлттық Кенесі – Алашорда үкіметінің құрылуды еді. Алашорда терағасы Ә.Бекейхан болды, құрамына М.Дулатов, Е.Омарұлы, М.Шокай, М.Тынышбайұлы т.б. кірді. Оку комиссиясына А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Т.Шонанұлы т.б. сайланды.

Алайда осынау қын-қыстау кезеңде «Алашорда» үкіметі үзак өмір сүре алмады.

Д. Әшімханов. «Бес арыс» кітабынан



2-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар.

1. XX ғасырдың бас кезінде қандай қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар орын алды?
2. Қазақ зиялыштарын қандай мәселелер толғандырыды?
3. Қандай оқиғалар қазак халқын дүр сілкіндірді?
4. Алаш идеясын колдаған қайраткерлер кімдер?
5. Алаш арыстарының көксеген мақсаты не болды?



3-тапсырма. Терминдер кестесі бойынша берілген тіркестердің мағынасын ашып түсіндіріндер.

| Алаш идеясы | Алаш автономиясы | Алаш партиясы |
|-------------|------------------|---------------|
| | | |



4-тапсырма. Мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтандар. Алдыңғы мәтінмен ортақ ойды табындар.



XX ғасырдың бас кезінде Ресейдегі саяси-әлеуметтік өзгерістердің қазак жеріне жаңғырып жетуі әлеуметтік ойды кенейтті. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев бастаған алаш қайраткерлері үлттық сана-сезімді оятар бағыт-бағдар іздеді. Осы кезеңдегі әдебиетке тән басты ерекшелік – жері талан-таражта түскен, бірлігі кеткен елінің жағдайы, халықтың үлттық сана-сезімін ояту, жас үрпакты білімге шакыру сиякты сан-салалы тақырыптар еді. Олар ақын-жазушылар шығармашылығының ортақ тақырыбы ретінде көрініс тапты. XX ғасырдың басында мектептер көптеп ашылып, әдебиет сүйер қауым көбейді. Сонымен катар осы тұстағы әдебиеттің қанатын кең жайып, өркендеуіне қазак баспасөзінің дамуы ең басты козғауши күш болды. «Айқап», «Казак», «Казакстан» т.б. баспасөз беттерінде әдебиет өкілдері өз шығармаларын жарияладап отырды. Бұл басылымдар кезінде жаңа шығармаларға сын айтып, бағыт-бағдар берді, қоғамдық ой-пікірдің өрістеуіне әсер етті.

Алаш қайраткерлері халықты оятудың жолын өз көзқарасы арқылы айқындады. Мәселен, бірі оны тек ағартушылықта, әлеуметтік теңсіздікті жоюда, екіншісі үлт болып бостандықка ұмтылуда, соған кол жеткізуде деп білді. Ал үшіншілері адамгершілік тәрбиесінің негізі діни-рухани бостандыкты насиҳаттауда деп ұкты. Алашордалықт ар осы жолда үлтты суюдің, елге қызмет ету дің үлгісін көрсетті, осы жолда өмірлерін құрбан етті.

Ә.Әбдіманұты



5-тапсырма. «Кубизм» әдісін пайдаланып, тапсырмаларды орында.

- Баянда.** Алаш идеясы туралы ойынды айт.
- Қолдан.** Құрмалас сейлемдердің түрлерін пайдаланып сейле.
- Салыстыр.** Алаш қайраткерлері туралы қандай қосымша мәліметтер білесін, еске түсір.
- Топтастыр.** Алаш қайраткерлерінің идеяларын топтастыр.
- Зертте.** Алаш қайраткерлері туралы зерттеулер жаса.
- Корытындыла.** Алаш қайраткерлері туралы корытынды жаса.



6-тапсырма. Тақырып бойынша сейлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін орынды қолданып, шағын мәтін жаз.



7-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтандар.

- 3 манызды акпарат;
- қыындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаган 1 мәселе.

3-4-сабак

Қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы

Ойтұрткі

- А.Байтұрсынұлының кандай шығармаларын білесіндер?
- Неліктен оны қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы дейді?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар, Мазмұнын тезис түрінде жазындар.



А.Байтұрсынұлы

Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1938) – қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш әліппесін сыйлаған үлтжанды ғалым, тұңғыш «Қазақ» (1913–1918 жж.) газетінің редакторы. Абайдан кейінгі саяси-әлеуметтік тақырыпты көтерген көрнекті ақын, аудармашы, публицист-журналист, ірі қоғам кайраткері, агаартушы-ұстаз, этнограф, фольклорист болған.

Қалың қазақ жүртіның алғашкы естіген тенкеріс рухындағы сезі «Қырық мысал» болатын. Орыстың атақты мысалшысы И.А.Крыловтың шығармаларын аударды, ондағы өзекті

мәселені өзінше еркін жырлауға, қазақ өмірімен байланыстырып ой айтуга ұмтылды. Бірақ сол кезде үлтжанды азаматтардың бәрі де үкіметтің қырын қабағына ілініп, құғын-сүргінге ұшырап, абактыға түсे бастады. Кейін Орынборда тұрған жылдарында «Маса» өлеңдер жинағын жазды. Ақын өз өлеңдерінде надандық пен кемшілікті көріп қана қоймай, ашы шындықты сыртқа шығарып, синап та алады.

Ахаң – шығармашылық еңбектің кай саласында болмасын мол мұра қалдырып, қоғамдық өмірдегі өз орнын айқындалп кеткен тұлға.

Д. Әшімханов. «Бес арыс» кітабынан



2-тапсырма. А.Байтұрсынұлының қызметін сызба арқылы дәлелдей айтындар.





3-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін қандай сөздермен ауыстыруға болады?

| Сөздер | Мәғынасы |
|-------------------------|----------|
| төңкеріс рухындағы сөзі | |
| кырын қабагына іліну | |
| әуелгі бетінен тайынбау | |



4-тапсырма. Өлеңді тыңдандар (44-аудио). Өлеңде не туралы айтылған?



Адамдық диқаншысы

Адамдық диқаншысы кырга шықтым,
Көлі жок, көгалы жок күрга шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көнілін көтеруге күл халықтын...

Жаратқан малды Құдай не керекке –
Мінуге, сою, соғу, жұндемекке.
Жорта бер қамыт киіп, қамшынды жеп,
Бүйрек жок ұрасын деп үндемекке.

Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,
Кек есек қозғала ма түрткенге айдал?
Есептен алданғандай болғандар көп,
Жасықты асыл ма деп білмей қайрап.

Түсіндірме сөздік

адамдықтың тұқымын шашу – бұл жерде: ізгілікті, адамгершілікті үтіттеу, насхаттау
жұндеу – бұл жерде: басыну
қамыт – бұл жерде: ауыр азап, қындық



5-тапсырма. Топтық жұмыс. Кесте бойынша өлеңдегі негізгі ойды анықтандар.

Улgi.

| Өлең шумактары | Тірек сөздер | Негізгі ой |
|----------------|--------------|------------|
| 1-шумак | | |



6-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдерін тауып, ез сөздеріңмен түсіндіріңдер.

Диқаншы, адамдық, күр, бейнет, зейнет, асыл.



7-тапсырма. «А.Байтұрсынұлы шығармаларының тақырыбы қандай?», «И.Крылов мысалдары негізінде жазған мысал өлеңдерін өзінің төл туындысы деуге бола ма?» деген сұрақтар бойынша пікірталас үйимдастырындар. Пікірталаста сейлеу этикетін сақтандар.



8-тапсырма. «БББ» кестесі бойынша сабакта алған мәліметтерінді қорытындыландар.

| Білемін | Білдім | Білгім келеді |
|---------|--------|---------------|
| | | |

5-6-сабақ

Әлихан Бекейхан – ұлт көсемі

Ойтурткі

- Сабактың тақырыбынан не түсіндіндер?
- Ә.Бекейханның XX ғасырдағы казак зиялышарының ішінде ерекше аталу себебі неде деп ойлайсындар?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құрындар. Қандай әсер қалдырды?



Ә.Бекейхан

Әлихан Бекейхан (1886–1937) – аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш козғалысының көсемі әрі жетекшісі. Қазіргі Караганды облысы, Ақтогай ауданында туған. Әлиханның барша ғұмыры ұлтының азаттығы мен тендігі жолына арналды.

Отаршылдық жүйеге карсы саяси курсін XX ғасырдың алғашкы жылдарынан-ақ бастаған Әлихан Бекейхан бұл курсін Алаш партиясын, Алашорда үкіметін, Алаш автономиясын құрута дейін жалғастырып келді. Ол Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов және тағы да басқа ұлт-азаттық козғалыс қайраткерлерімен бірге казак тарихының жана кезеңін қалыптастырды.

Сан-салалы мамандықты итерген, ұшан-теңіз білім иесі Әлихан Бекейхан бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған. Қоғам қайраткері, экономист, әдебиетші, публицист, аудармашы ретінде ол бар күш-жігерін сол мақсат жолына бағыттады. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресей I мемлекеттік Думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты болған.

Саяси көзқарасы мен іс-әрекеті шындалған кезде . үлтжанды Элиханды зиялы қауым өкілдері тұнғыш Қазак автономиялық республикасының тегерасы етіп сайлайды. Элихан Бекейханнын барша өмірі – үлттына қызмет етудің асқан үлгісі, тамаша дәстүрі.

E.Tilesov



2-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен ар азатжолды немесе сөйлемдерді белгіле.

| «V» | «—» | «+» | «?» |
|------------------|-------------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымың қайшы, керегар | Мен үшін жана ақпарат | Келісе алмаймын, білтім келеді |



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша жұбына сұрақтар қойып, өз көзқарасындағы білдір.

Мезгіл бағыныңқы сабактас құрмалас сейлем – бағыныңқы сейлем басынқы сейлемдегі ойдың болу мезгілін білдіретін құрмаластың түрі. Сұрақтары: қашан? қашаннан бері? қашанға шейін? Мысалы: Екеудің кешкеп үйден шыққанда, қонақтар әлі тарамаған екен. Құн ұясына төніп келген кезде, Амангелдіге тағы он шақты адам кездесті.



4-тапсырма. Берілген сұзба бойынша мезгіл бағыныңқы сабактас құрмалас сейлем құрастырындар. Мезгіл бағыныңқыдан кейін қолданылатын тыныс белгісін түсіндіріндер.

| | | |
|----------------|--------------------------|------------------|
| басынқы сейлем | да, де | багыныңқы сейлем |
| | кезде, шакта | |
| | -ға, -ге (дейін, шейін) | |
| | -нан, -нен (соң, кейін) | |
| | -ша, -ше | |
| | -калы, -келі, -ғалы, | |
| | -тілі | |
| | -са, -се (жіктік жалғау) | |



5-тапсырма. Элихан Бекейханның нақыл сөздерін тындандар (45-аудио). Қандай ой айттылған?

- Мен тұған елімнің ауыр жүтін аркалап өмір сүремін және мен үшін Отанымның жарқын болашағынан асқан бакыт жок... Оны ойлағанда түн үйкем төрт бөлінеді.

- Үлтүна, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.
- Өз күшіне сенбеген халық та, адам да ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды.
- Өзгеге жамандық тілеу – өзіне жамандық жасау, себебі баска-лармен қосылып барлығымыз бір адамзат баласымыз.



6-тапсырма. Тиісті тыныс белгілерін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Әлихан оқыдым деп басына пайда қылмаған мал жимаған үй тігіп бие байлап казакша дәурен сүрмелген Қазагым елім деп кеткен Пара алмаған казактың елін жерін аралап өмірін қазакты ел қыламын деп сарп еткен (*Смахан төре*).



7-тапсырма. Ә.Бекейханның қызметін сараптап, өз тараптарынан баға беріңдер.



8-тапсырма. Әлихан Бекейханның бір нақыл сезін таңдап алып, шолу мәтінін жаз. Мәтінде мезгіл бағыныңқылы сөйлемдер болсын.



9-тапсырма. «Шығу парағы» бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

- Ә.Бекейханның шығармашылығын оку саған не берді?
- Сен не білдін? Оны оқымаған досыңа қандай сез айттар едін?

7-8-сабақ

«Оян, қазақ!»

Ойтұрткі

- Міржакып Дулатов туралы не білесіндер?
- Оның қандай шығармасымен таныссындар?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Эр азатжолда не айтылған? Ретімен баяндаң беріңдер.

Міржакып Дулатов (1885–1935) «Қазақ» газеті мен «Айқап» сияқты журналға белсене катысып, өткір мақалаларын жазып тұрған. Азаматтық тұлға әрі кесемсөзші (публицист) ретінде қалыптасуына сол тұстағы казак басылымдарының әсері зор болды.

Міржакып Дулатов – Ахмет Байтұрсынұлы сияқты жастарды тәрбиелеу ісінде де көп енбектенген, халықты әдет-ғүрпін сактауга, елін, жерін суюге шақырган көғам қайраткері. Ол дінді де, ілімді де түсінбей оқытатын қазақ молдаларын қатты сынаған. Оны біз өлеңдері мен «Бакытсыз Жамал» шығармасынан көреміз.

1909 жылы «Оян, казак!» жинағы жарық көргеннен соң, патша үкіметінің құғын-сүргініне ұшырап, тұтқындалады. 1,5 жылдай Семей түрмесіне қамалады. Кейін казак зиялыштарының көмегі аркасында еркіндікке шығады.

Қазак әдебиетіндегі тұнғыш романының авторы, қоғам кайраткері, көсемсөз шебері М.Дулатовтың шығармалары үзак жылдардан соң халқымен қайта қауышты.

Д.Әшімханов, «Бес арыс» кітабынан



М.Дулатов

2-тапсырма. М.Дулатов туралы билетін ақпараттарыңмен бөлісө отырып, төмөндегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. М.Дулатов кім?

2. Оның қалыптасуына ненің әсері тиңі?

3. Мақалалары қандай басылымдарға шығып тұрды?

4. «Оян, казак!» жинағының такырыбы қандай?

5. Отаршыл шенеуніктердің шүйлігүйінің сыры нede деп ойлайсың дар?

3-тапсырма. Мәтіндегі құрмалас сейлемдерді қарсылықты бағының-қы сейлемдерге айналдырыңдар. Олардың жасалу жолдарын түсіндіріндер.

4-тапсырма. Берілген мезгіл бағыныңқы сейлемдердегі ойды екінші бағандагы сейлеммен сәйкестендіріп жазыңдар. Тыныс белгілерін дұрыс қойыңдар.

| | |
|---|---|
| М.Дулатов екі сыныптық орыс-казак училищесін бітіргеннен кейін... | алдымен Әлихан, Ахмет, Міржакып есімдері келеді. |
| Өткен ғасырдың 80-жылшары аяғында, жағдай езгергеннен соң... | окытушылар курсында оқиши. |
| Марат тауда демалып жургенде... | Алаш кайраткерлері актала бастады. |
| Алаш зиялыштарын айтқан кездे... | біз алашордалиқтар туралы түсірген «Тар заман» киносына бардық. |

5-тапсырма. Өлеңді мәндерлеп оқындар. Не түсіндіндер?

Көзінді аш, оян казак, кетер басты,
Өткізбей караңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Казағым, енді жату жарамас-ты.



6-тапсырма. Топтық жұмыс. «Ақын осы өлеңі арқылы қазақ халқын, жастарды қандай жолға шақырған?», «Ақынның жанайқайы қалай суреттеген?» деген сұрақтар бойынша пікірталас үйымдастырындар.



7-тапсырма. «М.Дулатов – қазақтың азатшыл әдебиетінің қарлығашы» деген пікірді кеңейтіп, шолу мәтінін жазындар.



8-тапсырма. Бүгінгі сабакта өз пікірлерінді білдіріп, сөйлемдерді толықтырындар.

- Бұт інгі сабакта мен түсіндім.
- киындық тудырды.
- Мен өзімді үшін мақтар едім.
- Маған ерекше ұнағаны
- Сабактан соң маған ой келді.

9-10-сабақ

Алаш ардақтысы

Ойтұрткі

- Ж.Аймауытов кім?
- Қандай шығармаларын білесіндер?



1-тапсырма. Г.Дулатованың естелігін оқындар. Естелікте кім туралы айтылған? Бір-біріңе сұрақ қойып, ой бөлісіндер.

Бейтаныс жан



Ж.Аймауытов

Жаз айның жайма-шуақ күндерінің бірінде Дулатовтардың үйіне бұрын мен білмейтін өте сымбатты жас жігіт кіріп келді. Қолындағы кендір жіппен буылған кітаптарын есік жактағы орындықка койды да: «Мен Жұсіпек Аймауытов боламын», – деп, колын созып сәлемдесті. Келген конакты қарсы алғып, төрге шығардым. Жұсіпек: «Қане, енді өзініздің аты-жөнінізді айтыңыз, қандай туыс боласыз?» – деп сұрады. Бетіне тесіле қарамауга тырысып, әдең сактап өзімді таныстырған болдым. Сейттім де конакқа шай

даярлауға кірістім. Осы арада жаңағы кітабының бірін маған арнап жазып, қолыма үстітті, «Мына кітабым осындағы баспадан шығып еді, соны алдымен Жакаң мен Гая женгеме тартуға әкеліп едім» деп, шайға қарамай кетуге ынғайланды. Қарасам, бергені «Картқожа» романы екен.. .

Мен көрнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытовпен осылай таныстым. Ол отыздын ішіне кірген, көрмекке өте келбетті, орта бойлы, ак сары, кошқар мұрынды, бір шекім, қысқа мұрт койған, толқындалған кою шашын артқа қайырган, түрі еврейге ұксастау жігіт керінді маған. Киген киімі сәнді, сол заманның үлгісімен тігілген қымбат костюм, ак жаға, түсті галстук.

Д.Әшімханов. «Бес арыс» кітабынан



2-тапсырма. Мәтіннің стильдік ерекшелігіне, мәтіндегі негізгі ойға сипаттама беріңдер.

| Стильді аныктап тұрған ақпарат | Мәтін мазмұнын ашып тұрған негізгі сөйлем | Мәтіннен қандай ой түйлін? Бага бер. |
|--------------------------------|---|--------------------------------------|
| | | |



3-тапсырма. Мәтін негізінде Ж.Аймауытовқа портреттік сипаттама беріңдер.



4-тапсырма. Мәтін үзіндісін тыңдаپ (46-аудио), тақырыбын қойындар. Сендерге қандай әсер қалдырды?

Тұған жердің қадірін туталы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін!?

Тұған жердің қадірін алыс жерге ұзаткан, ұзатқанына әлде талай жыл өткен кыз білмесе, кім білсін?

Тұған жердің қымбатын ғылым іздел, шет жайлап, кітап қарап сарылып, қозінің майын тауысқан, көшениң шаңын көп жүткан шекірт білмесе, кім білсін?

Тұған жердің артығын, жазатаіым іс етіп, күштілерге күш етіп, еріксіз елден айырылған, шеттеп дәмі бұйырган, жаттан сыйлау көрмеген ер білмесе кім білсін?

Тұған жердің асылын қарангы үйге қамалып, есіл елін сағынған, бір көруге зар болған тұтқын білмесе, кім білсін?


Үстік кой, шіркін, тұған жер! Тұған жерге жеткенше қайтып дәтің шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе, сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз...

Ж. Аймауытов



5-тапсырма. Мәтіндегі автордың ойын тірексызба арқылы жұбына түсіндір. Мақалмен қалай түйіндер едін?

Тұтан жердің қадірін...



6-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөз тіркестерінің мағынасын «Қос жазба күнделігінде» ашып түсіндіріңдер.

| Сөз тіркесі | Түсіндірмесі |
|-------------|--------------|
| | |



7-тапсырма. «Тұган жердің күні де ыстық» деген тақырыпта ойтолғау жазындар.



8-тапсырма. «Шығу парағын» толтырындар.

- Тakyrypka катысты сөздік корларын жетті ме?
- Тakyryptы кім жақсы ашты?
- Кімнің келтірген деректері ұнады?

11-12-сабак

Мен жастарға сенемін

Ойтұртқи

- Елімізде алаш азаматтарының есімі берілген оку орындарын білесіндер ме?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (47-аудио). Мазмұнын тезис түрінде дәптерлеріне жазып алындар.

Адам ретінде, акын ретінде Мағжан Жұмабаев қандай болған? Ол – ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты, біртума, ұлтжанды акын. Оның өзіне ғана тән үні, таңгажайып әуенде жыры бар. Оның қайнар көзі – халық поэзиясының тұнғызы теренінде. М.Горькийдің С.Есенин туралы: «ол... адамнан гөрі, табиғат тек поэзия үшін жаратқан органға ұқсайтын...» деген сөзін Мағжан Жұмабаевка да арнап айтуға болады. Өзінің қайталанбайтын ерекшелігімен Мағжан Жұмабаев поэзиясы А.Ахматова, Б.Пастернак, А.Блок шығармашылығын еске салады. Кейде одарға еліктеген де.

Өзінің аса ауыр, катыгез өмірі сарқылғанша Мағжан Жұмабаев аяибай енбек етті. Од Мәскеудегі Орталық Шығыс баспасында редактор болып істейді. Кейін Жоғары әдебиет институтында оқиды, тіпті профессорлардың біреуі оны «казактың Пушкині» деп те атайды.

Орыс халқының бай мәдени казынасын шеру үшін, М.Жұмабаев Уфадағы «Фалия» медресесіндегі оқуын тастан, Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түседі. М.Горький мен М.Лермонтовты және тағы басқаларды ана тіліне бірінші болып аударады. Орыс халқының ұлы өкілдері – Пушкинмен, Лермонтовпен, Горькиймен және олардың шығармашылығымен болған, оларға арнап өлеңдер жазға и.




М.Жұмабаев

Кольцовпен,
сырлас дос

Д. Эшімханов. «Бес арыс» кітабынан



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып, диалог құрындар.



3-тапсырма. Мәтіннен мезгіл бағыныңқы сабактас сейлемді тауып, олардың жасалу жолын түсіндір.



4-тапсырма. Мәтінді ынтамен оқындар. Қандай ақпарат алдындар? Қаншалықты құнды? Пікірлерінді білдіріндер.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) – әрі акын, әрі тарихшы, философ, өз заманының үлкен ойшылы. Қазақ әдебиетін жана белеске көтерген, қазақ халқының көркемдік ойынын үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңін түрлендіре түсken бірегей қаламгер. Ол – қазақ әдебиетінің көшбасшысы Абайдың ізбасар інісі.



Ш.Кұдайбердіұлы

Шәкәрім 1858 жылы Шынғыстауда дүниеге келеді. Ұлы ақын Абайдың жеті ағайынды болғаны белгілі. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді – сол жетеудің ең үлкені еді. Парасатты, мейірбан, көңпейіл ағаны Абай айрықша сыйлаған көрінеді. Құдайберді Шәкәрімнің алты жасында кайтыс болды. Жетімдік, жокшылық көрмесе де, әке бауырынан айырылған, жас кезінен ерекше зеректігін ангарткан Шәкәрімді Абай өз қамқорлығына алады. Тұған әulet дәстүрі, ескен ортасы, ақын аға тәрбиесі Шәкәрімнің азамат ретінде қалыптасуына ғана емес, ақын ретінде танылуына да ерекше әсер етті. Арнайы оку орындарын бітірмесе де, Шәкәрім сол заманда қазак арасындағы ғана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады. Түрік, араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілін де жетік біледі. Классикалық шығыс поэзиясын, орыс және Еуропа әдебиетінің озық ұлгілерін терең түсіне окумен шектелмей, философия мен дін тарихына қатысты енбектерімен де таныс болған.

Д. Эшімханов. «Бес арыс» кітабынан



5-тапсырма. Топтық жұмыс. Абай туралы сыныптастарыңа әңгімелендер. Таныстырылым жасандар.



6-тапсырма. Берілген сөйлемдердің дұрыс не бұрыс екенін анықтандар.

| Сөйлемдер | Дұрыс | Бұрыс |
|---|-------|-------|
| Ш.Кұдайбердіұлы – Абайдың замандағы інісі әрі ізбасары. | | |
| Ол Түркістан аймағында өмірге келген. | | |
| Ш.Кұдайбердіұлы – сол замандағы дана адамдардың бірі. | | |
| Түрік, ағылшын, орыс тілдерін жаксы менгерген. | | |
| Еуропа әдебиетін оқып кана қоймай, саяси енбектерді де қараган. | | |



7-тапсырма. Косямша ақпарат көздерін пайдаланып, М.Жұмабаев пен Ш.Кұдайбердіұлы (шығармашылығы) туралы таныстырылым жасандар.



8-тапсырма. Берілген сөйлемдерді мезгіл бағыныңқы сабактас құрмалас сейлемге айналдыр.

- Шәкәрім 1858 жылы Шынғыстауда дүниеге келеді. Ұлы ақын Абайдың жеті ағайынды болғаны белгілі.

- Арнайы оку орындарын бітірмесе де, Шәкәрім сол заманда казак арасындағы ғана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парагы» бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

- Бүт інгі сабактан не білдің? Бұрын не білетін едің?
- Сейлемде күрмалас сейлемнің түрлерін дұрыс қолдана алдың ба?
- Қандай тапсырма киындық келтірді?



13-14-сабак

Нәтиже сабак



1-тапсырма. Суреттен не көріп тұрсың? XX ғасырдың бас кезінде қандай тарихи оқиғалар болды? Қалай ойлайсың, Алаш қайраткерлері көтерген ұлттық идеялар жүзеге асты ма? Жұбынмен диалог құр.



XX ғасырдың бас кезіндегі оқиғалардан



2-тапсырма. Топтық жұмыс. Алаш қайраткерлері, олардың көзқарасы мен шығармаларындағы негізгі тақырыптар туралы пікірталас үйимдастырындар.

1-топ

А.Байтұрсынұлы

2-топ

Ә.Бекейхан

3-топ

М.Дулатов



3-тапсырма. Тиісті тыныс белгілерін қойып, мәтінді көшіріп жаз. Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндір. Алаш идеясы мен «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының қандай ортақ белгілері бар?

ХХ ғасырда қазак тарихындағы ең ұлы идея қайсы десе Алаш идеясы деп жауап берер едік Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы жарқын болашағымыздың бағдары «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы да осы идеямен үндес Бұл дегеніміз бабалар арманы бір арнаға түйісп жаңашылдық пен дәстүр жалғастығының көрінісін айқындал отыр деген сөз сондықтан «Мәңгілік ел» идеясы туралы сөз еткенде біртұтас Алаш идеясы туралы айткан орынды Алаш идеясы қазак идеясы Демек «ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазак идеологиясының темірказығы болып келді бола береді де

Д.Әшімханов. «Бес арыс» кітабынан



4-тапсырма. Мәтіннен мезгіл бағыныңқы сөйлемдерді тауып, жасалу жолын еске түсіріңдер.



5-тапсырма. Топтық жұмыс. Мезгіл бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемге мысалдар келтіріңдер.



6-тапсырма. «Алаш ардақтыларының үміті ақталды» деген тақырыпта ойтолғау жазындар. Бір-бірінді бағаландар.

Талаптары:

- өз көзқарасын білдіру;
- дәлелдердің шынайылығы;
- мезгіл бағыныңқы сөйлемдердің болуы.



7-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, сабак бойынша пікірлерінді білдіріңдер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

11-таксырып**ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕ: ДЕМОГРАФИЯ**

Ғасырлар бойы ержүрек бабаларымыз корғап келген кең-байтақ қазак жерін айелдеріміз даркан да дана, «елім» деп емренетін текті ұрпакпен толтырса екен деп тілеймін.

М.Тәтімов

1-2-сабақ**Демография деген не?****Ойтурукті**

- *Демография* дегенді қалай түсінесіндер?
- Элемдегі халық саны туралы не білесіндер ?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтандар. Тірек сөздер арқылы мәтіндегі ойды жеткізіндер.

Адам – біздің ғаламшарымыздың басты байлығы. Адамзат факторының қоғам өмірінің барлық саласындағы алатын орны аса маңызды. Сол себепті оны зерттеп білудің де маңызы зор.

Халық – қоғамның негізгі өндіргіш күші және барлық иліктің басты тұтынушысы. Халықтың өсуі – биологиялық процесстер (туу, өлу, табиғи өсу) жиынтығы. Адамзаттың үздіксіз жаңарап, ауысып отыруын қамтамасыз ететін тuu мен өлу және табиғи көрсеткіштерінің жиынтығын халықтың ұдайы өсуі деп атайды. Халықтың құрамын, оның ұдайы өсуін, олардың арасындағы айырмашылықтарды білу өте маңызды. Оны қоғамдық және жаратылыстаниюғындағы зерттейді. Осылардың ішінде демография ерекше орын алады. Демография гректін «*demos* » – халық, «*gzofo* » – жазу, сипаттау деген сөздерінен шыккан.



Адам – басты байлық

Ы.Өмірбекұлы



2-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар.

1. Ғаламшарымыздың басты байлығы не?
2. Оны зерттеудің маңызы неде?
3. Демография сезінің мағынасын қалай түсіндің?
4. Бұл ғылым қаншалықты маңызды деп ойлайсың?



3-тапсырма. Берілген сөздерді сәйкестендіріп, сөз тіркестерін жасандар. Олардың мағынасын түсіндіріңдер.

табиғи
өндіргіш
ішіліктің
үздіксіз
ұдайы

тұтынушысы
жанаңу
куші
есу
көрсеткіш



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Қандай тақырып қояр едіңдер? Неліктен? Өз көзқарастарынды білдіріңдер.

Демографиялық саясат – халық санын реттеуге бағытталған мемлекеттің ішкі саясатының бір саласы. Халық саны – кез келген елдің дамуының аса маңызды факторы. Сондыктан мемлекет бұл саладағы мәселелерді елемей қоя алмайды. Ол не халық санының есуіне жағдай тудырады, не оны қандай да бір жолдармен шектейді, не болмаса бұл мәселеге нақты араласпай, оның табиғи жолмен реттелуін бакылайды. Демографиялық саясат жүргізу үшін халық санағы жүргізіліп тұрады. Соның шенберінде халық құрамы мен құрылымы, өсімі мен өлімі, оның жұмысбастылығы, көші-кон мәселелері шешіледі. Мысалы, көптеген дамушы елдерде адамның табиғи өсімін шектеу, ал дамыған елдерде, көрісінше, бала тууга ынталандыру шара лары жүзеге асырыла ды.

М.Тәтімов



5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырындар. Автордың ойы мен көтерілген мәселеге қатысты өз пікірлерінді білдіріңдер.





6-тапсырма. Ойтаразы. Берілген сөздердің синонимдерін жазыңдар.

Шектеу, ынталандыру, көз жұму, тоқырау.



7-тапсырма. INSERT оқыту стратегиясы бойынша мәтінге байланысты өз ойынды қорытындыласап жаз.

| «V» | «-» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымда қайшы, керегар | Мен үшін жана ақпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |



8-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парагын» пайдаланып, темендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бүтін не үйрениңдер?
2. Сабак бойынша қандай сұрақтарын бар?
3. Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

3-4-сабак

Әлемдегі демографиялық жағдай

Ойтұрткі

- Демография неліктен жаһандық мәселеге айналып отыр?
- Қауіптенуге себеп бар ма?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қандай ой түйдіңдер? Өз пікірлерінді білдіріңдер.

Азық-түлік пен су тапшылдығы, жер ресурстарына, жанармайға деген қажеттіліктердің өсуі, климаттың өзгеруі – осылардың барлығы біздің ғаламшарымыздағы халық санының күрт өсуіне байланысты орын алыш отыр. Бүтінде біздің ғаламшарымызда 7,520 миллиард адам тұрады екен.

Б.з.б. 1000 жылы археологтер ғаламшардағы адамдар саны небәрі 10 миллион гана болғанын есептеген екен. Мындаған жыл өтіп, 1800 жылы өндірістің дамуы есебінен жердегі адам саны 1 миллиардқа жеткен. Ал 1960 жылдары әлемдегі халық саны бірден 3 миллиардқа, ал 1990 жылы 6 миллиардқа жеткен. 2011 жылды халық саны 7 миллиардқа жетті. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы халық санының мұншалыкты жылдам өсуі адамзат тарихында бұрын-сонды болмаған.

2010 жылғы есеп бойынша әлемдегі халықтың 60 пайызы Азияда, 15,5 пайызы Африкада, 10,4 пайызы Еуропада өмір сүрген. Әлем

бойынша халық саны жөнінен көш бастап тұрған елдердің катарына Қытай, Үндістан, АҚШ, Индонезия, Бразилия, Ресей, Мексика, Жапония кіреді. Демографияның өсуі мен оның жер шарының әр нүктесінде бірқалыпты болмауының салдарынан үлкен мәселелер туындалған отыр. Мәселен, коршаған ортаға салмак түсү, босқындар мәселесі, көші-кон мәселесі және т.б.

H.Мұса




2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын диаграммаға салып айтындар. Қай жүп мәтін мазмұнын толық айтса, сол жүп жөніп шығады.



3-тапсырма. Рөлдік ойын (бірің – ғалым, бірің – тілші). Демограф ғалымнан «Біздің Жер ғаламшарымыз осындай шектен тыс салмақты кетере ала ма? Мемлекеттер мен миллиард халқы бар елдер өз тұрғындарын қалай асырамақ? Ол үшін не істеу керек?» деген сұрақтар бойынша сұхбат ал.



4-тапсырма. Сызба бойынша өз ойларынды дәлелдей жазындар.



5-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (48-аудио). Мәтіндегі ақпаратты тезис түрінде жазып алындар.

Ғалымдардың болжауынша, алдағы уақытта Үндістан халқының саны қытайлықтардан да асып, ал Африкада халықтың саны 1,5 миллиардка дейін жетуі мүмкін. Халқы тез өсіп жатқан дамушы елдердегі өндіргіш күштер, ауылшаруашылық өнімділігі, тұрғындардың жалпы мәдени деңгейі, білім беру саласы – бәрі де өте төмен жағдайда. Мұндай жағдай бұрыннан келе жатқан өмір салтын ұстану, бала тууга шек коймау әдетімен байланысты.

Африкада адамдар азық-түлік ташшылығынан зардал шегіп, аштық-ка ұшырап отыр.

Ал «демографиялық дағдарыс» ұғымы Батыстың көптеген дамыған елдеріне тән болып отыр. Бұл елдерде халықтың есуі емес, керісінше, оның кемуі байқалады. Қазіргі таңда Еуропа елдерінің көпшілігі бала түу көрсеткішінің азаюынан зардал шегіп отыр. Мұның салдары енбекке жарамды халық санының қыскаруы, адам капитальының төмендеуі, деңсаулық сақтау саласының шығындануы сиякты мәселелерге алыш келуі мүмкін.

Еуропада халық 25 пайызға көбейсе, Азияда 114 пайызға, Африкада 211 пайызға, Солтүстік Америкада 147 пайызға көбейді. Осылайша Еуропа елдері «кәрі құрлық» атанып жатса, жер шарының Азия құрлығында адам саны толассыз өсіп жатыр.

«Сен білесің бе?» әнциклопедиясынан



6-тапсырма. Топтық жұмыс. Топқа бөлініп, әр азатжолда айтылған мәселелерге пікірлерінді білдіріндер.

1-топ. Дамушы елдердің демографиялық мәселесі.

2-топ. Дамыған елдердің демографиялық мәселесі.

3-топ. Оларды шешу жолдары.

Себеп бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемде айтылған ойдың себебін білдіретін сабактастың түрі. Сұрақтары: *неліктен? не себепті? неге? не деп?*

Себеп бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) -дықтан, -діктен қосымшасы үстелген есімшеден жасалады: *Үйдің іші қараңғы болғандықтан, Зәмзәгүл есікті айқара ашып қойды;*

ә) есімше тұлғалы етістікке соң шылауы тіркесінен жасалады: *Балуан аяңға көшикен соң, қалғандары да тақым сұыта бастады;*

б) болымсыз етістік көсемше тұлғасынан болады: *Ол өзін-өзі тоқтата алмай, мәуені тағы да жеуге кірісті.*



7-тапсырма. Сызба бойынша себеп бағыныңқы құрмалас сөйлемдер құрастырындар. Тыныс белгілерін дұрыс қойындар.

| | | |
|---------|------------------------------|-----------|
| басыңкы | -дықтан, -діктен | бағыныңқы |
| | -кан, -кен, -ған, -ген (соң) | |
| | -и | |

**8-тапсырма.** Сейлемдерді толықтырындар.

- Маған қын болды.
- Мен тапсырмаларын орындағым.
- Мен екендігін түсіндім.
- Мен үйрендім.
- Мені таңғалдырды.

5-6-сабак**Қазақстандағы демографиялық жағдай****Ойтұрткі**

- Еліміздегі демографиялық жағдай туралы не білесіндер?
- Қалай ойлайсындар, қазір мемлекеткүрушы халық – қазак халқының саны киңіш?



1-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен танысындар. Елбасы қандай мәселені көтеріп отыр? Бұл жөнінде сөндер не айтар едіндер?

Жаһандық демографиялық тенсіздік күн өткен сайын күшіне түсуде. Жалпыәлемдік тренд – адамзаттың картауы. Енді 40 жылдан кейін алпыс жастан асқан адамдардың саны 15-ке толмағандардан асып түседі. Туудың азаюы және адамзаттың картауы көптеген елдерде еңбек нарығындағы мәселелерге, атап айтканда, еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне әкеледі.

Шиеленісе түскен демографиялық тенсіздік жана кеші-қон толқындарын тұтызып, күллі әлемде саяси-әлеуметтік шиеленісті ұлғайта түседі.

Біз жас ұлттыз. Еліміздегі орташа жас – 35 жас. Бұл біздің адамдық әлеуетімізді сактауға, әлемде өзіміздің дұрыс орныгуымызға зор мүмкіндік береді. Бүтінгі күні алға жылжуга бізде жаксы негіз бар.

Н.Назарбаев



2-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтін мазмұнындағы ақпараттар бойынша өз пікірлерінді білдіріндер.

Бірінші сөйлем. Мениң ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



3-тапсырма. Елбасының «Біз жас ұлттыз. Еліміздегі орташа жас – 35 жас. Бізде алға жылжуга жақсы негіз бар» деген сөзін өрістеп, шағын мақала жазындар. Бір-бірінің жазған мақалаларында бағаландар.



4-тапсырма. Матінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Казак елінің басынан өткен талай нәубет қазактың демографиялық тарихында айқын із калдырды. Өткен ғасырдың басындағы Ресей патшалығының саясаты, одан бергі 30-жылдардағы ашаршылық, 37-38-жылдардағы репрессия, оның артын ала келген Екінші дүниежүзілік соғыс қазак халқының табиги өсімінің тамырына балта шабумен болды. Осы нәубеттердің салдарынан бір кезде Қазақстандағы қазак ұлтының саны 30 пайызға дейін азайшып кетті.

Тәуелсіздік алған алғашкы жылдары еліміздің аумағынан 3 миллионға жуық өзге ұлт өкілі кешіп кетті. Кешкен өзге ұлт өкілдерінің орын тарихи Отанына алыс-жакын шетелдерден оралған қандастарымыз толықтырды. Олардың тарихи Отанына оралуына жол ашкан – Тәуелсіздік. Өткен ғасырдағы 80-жылдардың сонында демографиялық ахуал біршама оналғаны байқалады. Бірақ 1999 жылғы көрсеткіш бойынша қазак әйелдерінен туган бала саны біршама азайғанын көреміз. Ал соңғы 10 жыл ішінде 127 мынга көбейген. Яғни қазак ұлтының саны қарқынды өсіп келе жатыр. Бір кезде 40 пайызға жетпей қалған қазак халқының үлесі бұл күнде 65 пайызға жетті.

M.Tәтімов



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Мәтінде баяндалған оқиғалар туралы не білесіндер?
- Осы оқиғалардың зардабы қандай болды?
- Нәубет, тамырына балта шабу дегенді калай түсінесіндер?
- Тәуелсіздік алғаннан кейін қандай жағдайлар орын алды?
- Кай жылдардан бастап демографиялық жағдай түзеле бастады?



6-тапсырма. Берілген тұжырымдарға «Қос жазба күнделігі» арқылы өз пікірлерінді жазындар.

| Тұжырымдар | Пікірім |
|--|---------|
| Кейбір тарихи оқиғалар қазак халқының демографиясына үлкен соккы тигізші. | |
| Тәуелсіздік алған алғашкы жылдары еліміздің аумағынан 3 миллионға жуық өзге ұлт өкілі кешіп кетті. | |
| Бұл күнде қазак халқының үлесі 65 пайызға жетті. | |



7-тапсырма. Мәтіннен өздерің 2-3 сейлемді таңдал, оларды себеп бағыныңқы құрмалас сейлемдерге айналдырындар.



8-тапсырма. «Соңғы сөзді мен айтайын...» тәсілі арқылы тақырып бойынша өз пікірлерінді бір сейлеммен аяқтаңдар.

7-8-сабак

Қоғам отбасынан басталады

Ойтүрткі

- Халық санының өсуіне қандай факторлар көрі әсер етеді?
- Елім ізде жүргізіліп жатқан демографиялық саясатқа көнілін тола ма?



1-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен танысындар. Автор қандай мәселе көтеріп отыр? Жұптарыңмен талқыландар.

Бүгінде дәстүрлі отбасы түсінігі (әке, ана, бала), отбасы құндылығы бірте-бірте жойылып бара жатыр. Қазақ халқында тарихи салт-дәстүрге сай ажырасулар мүлдем болмайтын. Кенес Одағы кезінде де ажырасулар көп болмаған. Қазіргі жаһандану үдерісінде батыстық өмір сүру құндылығы енгеннен кейін, ажырасу калыпты бола бастады. Статистикалық көрсеткіш бойынша, Қазақстанда некеге тұрған әр үш отбасының біреуі ажырасады екен. Сонымен бірге елімізде жасы жынырмада бестен асқан бойдақтардың саны артпаса, кемімей отыр. «Өзін үшін өмір сүру» түсінігі көпшіліктің өмірлік ұранына айналып бара жатқанын байқаймыз. Отбасы құндылығы нашарлаған сайын ұрпак калдыру белсенделігі де азая түседі. Бұл демографияның төмендеуіне, атап айтқанда, қоғамда жастардың, балалардың азаюына әсерін тигізуде.

Сонымен бірге ауылдан қалаға кешу үдерісі де демография көрсеткішінің өсуіне кедергі болды. Қалаға шоғырлану қаншалық көп болса, табиги есім де соншалық төмен болып отыр.

М.Тәтімов



2-тапсырма. INSERT оқыту стратегиясы бойынша өз ойынды қорытындылап айт.

| «V» | «↔» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлаганымда қайшы, керегар | Мен үшін жаңа акпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |



3-тапсырма. Мақал-мәтелдерді толықтырып жазындар. Мазмұны бойынша сурет салындар. Кімнің салған суреті мақал-мәтелдердің мазмұнына сай келді? Дәлелдеп айтындар.

1. Балалы үй – ... , баласыз үй – ку 2. ... бардың жағасы бар, ... бардың тынысы бар. 3. Мал екеу ... , бас екеу

Керекті сөздер: мазар, болмай, базар, інісі, ағасы, болмайды.



4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Автордың оймен келісесіндер ме? Өз ойларынды білдіріндер.

Елімізде Үкімет тарапынан отбасыға, әйелдерге, жетім балаларға камқорлық жасалып жатыр. Жәрдемакы мөлшері жыл сайын өсіп келеді. Казір ауылда алты-жеті баланың өзі сиреп кетті. Осыны ескерген Үкімет алты-жеті балалы аналарды «Күміс алқа», «Алтын алқа» тәсбелгілерімен марапаттан жатыр. Бірак батыр аналарға беріліп отырган жәрдемакы көніл көншітпейді. Қалада тұратын әйелдердің төрт-бес бала былай тұрсын, екі-үш бала тууы екіталай. Сондыктan қала әйелдерін ынталандыруды колға алу керек. Ол үшін төртінші, бесінші баланы тұған аналарға да марапат беруді ойластырынмыз жөн болар.

Сонымен бірге әлеуметтік женілдіктер қарастырылуы тиіс. Ал он баладан артық тұған аналарды екінші рет «Алтын алқа» тәсбелгісімен марапаттан, арнайы мәртебе беру керек. Тіпті кезексіз тегін үймен камтамасыз етсек те артық болма с.

M.Tәтімов



5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін не істеу керек? Қандай ұсыныстар айттар едіндер? Жұптарыңмен талқылап, топқа ұсынындар.

Халықтың әлеуметтік жағдайын
жақсарту үшін...



6-тапсырма. Мына сұрақтардың жауабы болатын себеп бағыныңды сабактас сейлемдер құрастырындар.

| | |
|-------------|--|
| Неліктен? | |
| Неге? | |
| Не себепті? | |



7-тапсырма. «Отбасы – басты құндылық» тақырыбына шағын мәтін жазындар.



8-тапсырма. Ойтаразы. 3–2–1 критерийі бойынша анықтандар.

- 3 маңызды ақпарат;
- қындық көлтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаган 1 мәселе.

9-10-сабак

18 МИЛЛИОНЫНШЫ ТҮРФЫН

Ойтұрткі

- Қалай ойлайсындар, халықтың өсімі еліміздің қай аймақтарында айқын байқалады?
- Оның себебі неде?



1-тапсырма. Матінді тындандар (49-аудио). Қандай ақпарат естерінде қалды?

Бала тууды алеуметтік жағдайға тікелей байлаپ қою дұрыс емес. Эр бала дүниеге өз несібесімен келеді. Қазақ «бір қозы туса, бір жусан артық шығады» дейді. Міне, осы сөзді ескеріп отырғандар – Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл және Мангистау облыстарының тұрғындары. Аталмыш өнірлерде әрбір әйелге шакқанда бала саны үшеуден асып, төртеуге жетіп отыр. Керісінше, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында халық саны азайған.

М.Тәтімов



2-тапсырма. «Бір қозы туса, бір жусан артық шығады» деген мақалдың мағынасын бір-біріне түсіндіріңдер.



3-тапсырма. «Дербес пікір» әдісі арқылы мәтін бойынша ой түйіндел, бағалау жаса.

Өзіндік пікір (шдея) – 1 сейлем.

Дәлел – 2 сейлем.

Өз пікірін айгақтайтын мысал – 2 сейлем.

Карсы пікір – 1 сөйлем.

Карсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 2 сөйлем.

Корыт ынды – 2 сөйлем.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтаңдар. Тірек сөздер арқылы мәтіндегі ойды жеткізіндер.

Сонғы жылдары еліміздің демографиясында өсу байқалады. Статистикага сүйенсек, 2016 жылы екі мыңға жуық егіз сәби мен 26 үшем дүниеге келген. Айта кетейік, дүниеге келген егіздер мен үшемдердің саны жөнінен Онтүстік Kazakhstan облысы кеш бастап тұр. Сонымен китар 2017 жылғы мамыр айында Kazakhstan халкының саны 18 миллион адамға жетті. Ал 18 миллионыныш тұрғын 2017 жылдың 11 мамырында дүниеге келді.

18 миллионыныш тұрғынның туған күнін айқындау барлық демографиялық оқиғаларды: халық санының өсімін (туу және иммиграция) және төмендеуін (елім және эмиграция) ескере отырып жасалды. Комитет 18 миллионыныш тұрғынды АХАТ органдары туған күндер базасына 2017 жылғы 11 мамырда тіркеген балаларды іздеу жолымен анықтады. Кандидатура олардың аналарының тұрғылықты жеріне (қалалық/ауылдық жер), олардың білім деңгейі мен кәсіп түріне, сондай-ақ жаңа туған нәрестелердің жынысы, салмагы мен бойына қарамастан, тұтастай алғанда республика бойынша анықталды. Осылайша Алматы облысы Талдыкорған қаласында туған Муслима Саматқызы 18 миллионыныш тұрғын ретінде тіркелгені анықталды.



Облыс әкімінің 18 миллионыныш тұрғынды күттүктай сәті



5-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Соңғы жылдары елімізде кандай жағдай байқалады?
2. Егіз, үшем деген сөздердің мағынасын түсіндіндер ме?
3. 18 миллионыныш тұрғын қашан және кайда дүниеге келді?
4. Ол қалай анықталды?

«Егемен Kazakhstan» газетінен

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша тапсырмаларды орындаңдар.

- Мәтіндегі негізгі ойды аныктандар.
- Мәтіндегі сөздерді табыңдар.
- Мәтін мазмұнын нактылайтын сөйлемдерді табыңдар.
- Авторд ың пікірін білдіретін сөйлемдерді көрсетіңдер.



7-тапсырма. Ізденуге арналған жұмыс. Ақпарат көздерін пайдаланып, өздерің тұратын жердің демографиялық жағдайы туралы ақпараттар жинап, зерттендер. Жинаған мәліметтерің бойынша таныстырылым жасандар.

**8-тапсырма.** «Менің сабактан алған әсерім» кестесін толтыр.

| Қандай ой пайда болды? | Нені сезіндім? | Не үнады? |
|------------------------|----------------|-----------|
| | | |

11-12-сабак**Абай Құнанбайұлы.
«Адамның кейбір кездері»****Ойтұрткі**

- Такырыпты калай түсіндіңдер? Сабак такырыбына көпшілік ассоциативті қатар түзіңдер (ассоциация тудыратын сөздерді бір қатарға жазыңдар).



1-тапсырма. Өлең үзіндісін тыңдаңдар (50-аудио). Автордың идеясына болжам жасандар. Ақын не айтқысы келді?

Адамның кейбір кездері

Адамның кейбір кездері,
Көнілде алаң басылса.
Тәнірінің берген өнері,
Кек бүлттан ашылса.

Сылдырлап өнкей келісім,
Тас бұлактың суындаї.
Кірлеген жүрек өз ішін,
Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәнірінің күні жарқырап,
Үйқыдан көніл ашар көз.
Куатты ойдан бас күрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда акын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар...

А.Кұнанбайұлы



2-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін қандай сөздермен аудиостыруға болады? Сайкестендіріңдер.

| | |
|-------------------------|--------------------------|
| тәнірдін берген өнері | бір нәрсеге ишет ету |
| сылдырлап өңкей келісім | іштегі ойцың сыртқа шыгы |
| куатты ойсан бас құрау | дарын, кабілет, шабыт |
| белін буу | бар келісімі жараскан |



3-тапсырма. Топтық жұмыс. Өлең шумақтарын жай сезге айналдырып жазып көріндер.

Улғ. 1-шумак: Адамның көніл күйіндегі аланы басылған кезде көктен шабыт келеді.



4-тапсырма. Өлеңнің жалғасын сыныптастарыңың оқуынан тыңдаңдар. Қандай әсер қалдырыды? Дауыс ырғағын сақтап оқыды ма? Бағаландар.

...Кыранша қарап Қырымға,
Мұн мен зарды колға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға,
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірсе алыс, жакынға,
Солардың сейле дегенін.

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ашы тіл.
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсөндер, өзің біл.


А.Кұнанбайұлы



5-тапсырма. Өлең жолдарындағы сөздерден синонимдік және антонимдік қатар түзіндер. Сөйлем құрау арқылы мағынасын түсіндіріңдер.



6-тапсырма. Ақын бұлғынып шыққан сөзді қалай суреттейді? Өлең жолдарынан 2-3 аргумент келтіріп, кластер құрып айтыңдар.



7-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңдар.

- Сабактан қандай әсер алдың?
- Шабыттың адамның көңіл күйіне катысы бар ма?
- Қандай тапсырма киындық келтірді? Неліктен?

13-сабак

Нәтиже сабак



1-тапсырма. Топқа белініп, «Жаһандық демография мәселесі» тақырыбына пікірталас ұйымдастырыңдар.

Камтылат ын ақпараттар:

- демографиялық мәселелер;
- оның зардабы;
- шешу жолдары .



2-тапсырма. Абай Құнанбайұлының шығармасы туралы сыйбаны толтырыңдар.





3-тапсырма. Кестені толтырындар.

| Себеп бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем | Анықтамасы | Сұраптары | Мысал |
|--|------------|-----------|-------|
| | | | |



4-тапсырма. Танысқан жалпы ақпараттарың бойынша «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтындар.

Пікір. Жаһандық мәселе: демография мәселесі бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен айт.

Далал. Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Корытынды. Такырып бойынша корытынды жаса.



5-тапсырма. Ізденуге арналған жұмыс. «Қазақстандағы демография мәселесі» тақырыбына шағын мақала жазындар. Мақалада себеп-бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемдер болсын.

12-тақырып

РОБОТТАР МЕН КИБОРГТАР ӘЛЕМІ

1-2-сабак

Роботтар мен киборгтардың адам еміріндегі маңызы

Ойтұрткі

- Роботтар мен киборгтар туралы не білесіндер?
- Олар жөнінде қандай фильмдер көрдіндер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып шығындар. Мәтінде не туралы айтылған?

Тірек сөздер

- робот
- киборг
- интеллектуалдық
- автоматтық құрылғылар, механизмдер

Робот – адам тәрізді іс-қимылдар жасайтын мәшине. Алғашқы ұғымында «жұмыска шебер адам» мағынасында колданылды. Робот коршаған әлеммен әрекеттесе отырып, адамның (жануарлардың) қызметтері мен іс-әрекеттерін ішінara немесе толық аткарады. Алғашқы роботтар адамның қозғалысы мен сырт пішінін

кайталап, ойын-сауық максаттарында пайдаланылды. Казіргі кезде роботтар мен киборгтар түрмистағы көптеген қызметтерді аткарады. Олар – мүгедектер мен сәбілдердің көмекшісі. Казір интеллектуалдық роботтар да пайда бола бастады.

Техниканың дамуы барысында робот адамдарды ауыр жұмыстардан (жоғары радиациялы, жоғары немесе төмен температура жағдайларындағы және су астындағы, ғарыштағы) босататын автоматтық құрылғылар мен механизмдер түрінде жасалды. Кейін олар жетілдіріле түсті. Мұндай құрылғылар мен механизмдер өнеркәсіптік роботтар деп аталады. Өнеркәсіптік роботтар – өндіріс үдерісінде адамның қозғалу және басқару сияқты іс-әрекеттерін (өндіріс заттарының орнын ауыстыру) және технологиялық құралдардың қызметтерін орындағын автоматтық мәшине.

Киборгтар – кең көлемде дамып келе жатқан технологияның бір бөлшегі. Киборгтардың пайдасы – жарымжан адамдарға үміт сыйлан, адамды техникамен байланыстыратын және медицинаға көмек беретін дамыған технологиялар. Мысалы, көлдүн, аяктың, ішкі органдардың техник алық имплантаты, протездері.

Балалар энциклопедиясынан



2-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар

1. «Робот» ұғымы қандай мағынаны білдіреді?
2. Ол адамның қызметін аткара ала ма?
3. Алғашқы кезде роботтар қандай мақсатта пайдаланылды?
4. Қазір қандай қызметтерді аткарады?
5. Роботтың қандай түрлері бар?
6. Неліктен робот ауыр жұмыстарда колданылады?



3-тапсырма. Роботтар мен киборгтар туралы қандай фильмдер көрдің? Алған әсерінді сыныптастарыңа айтып бер.



4-тапсырма. Роботтарды қолданудың маңызын кластер арқылы көрсетіп жазындар. Топта дұрыс-бұрыстығын тексеріндер.



5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тірек сөздерді тауып, негізгі ойды анықтандар.

«Мен роботпын» кітабының авторы Айзек Азимов роботтардың пайдасы мен зиянын катар болжайды. Фантаст-жазушы ақылды роботтардан пайда көру немесе зиян шегу адамдардың езіне байланысты екенин ескертеңді.

Ал Пирсон робототехниканың болашағы зор екенин айтады:

«Оларға жасанды ақыл-ой орнатуға, роботтардың аяқ-колдарын епті етіп жасауға мүмкіндік беретін материалдар жетіліп келеді». Оның ойынша, болашактың роботы өте күрделі механизм болмак және футуристік фильмдерден керетін металл мәшинелерге ұксамайды. Олардың тетіктері мен деңгелектері, сымдары көп болмайды, керісінше, пластик канқаға полимер гельмен бекітілуі ықтимал.



Роботтар

Сондықтан ғылыми-фантастикалық адамға көбірек ұқсауы мүмкін.

кинодагы роботтардай емес,

Д.Әлімжан



6-тапсырма. А.Азимов пен Пирсонның ойларын салыстырып, баға беріндер. Олардың ойларымен келесеңдер ме?

А.Азимов
роботтардың пайдасы
мен зияны жайында
не дейді?



Пирсон не дейді?



Екеуіне тән ортақ ой
бар ма?



7-тапсырма. «Мен робот құрастырап болсам...» деген тақырыпта 5-6 сейлем жаз. Оның пайдасы қандай? Қай жерде қолдануға болады?



8-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша кестені толтырыңдар.

| Қызық | Құнды | Қыны |
|-------|-------|------|
| | | |

3-4-сабак

Әлемді жайлаған роботтар

Ойтұрткі

- Роботтардың пайдасы көп пе, әлде зияны көп пе?
- Қалай ойлайсындар, болашакта әлемді роботтардың басуы мүмкін бе?



1-тапсырма. Әр азатжолда не жөнінде айтылғанын жұбын екеуін анықтаңдар.

Сіз әлеуметтік желіде өзіңіз іздеген бір дүниенің жарнамасы мен соған ұқсас ұсыныстар көз алдыныздан шыға беретінін байқаған боларсыз. Марк Цукербергтің айтуынша, адамдардың калаулары мен қызығушылықтарын зерттейтін жасанды интеллект Facebook қызметінің сапасын арттыруға үлес қосады. Британдық «Қара айна» ғылыми-фантастикалық сериалында күйеуі кайтыс болған әйел оның қазасына кайғырып, арналы роботка тапсырыс береді. Компьютерлік бағдарлама маркүм жігіттің Facebook, Twitter әлеуметтік желілеріндегі бүкіл хабарламаларын, бейнежазбалары мен фотосуреттерін зерттеп, оның іс-әрекет дағдыларын үйренеді және соны кайталауға тырысады.

Лондон империялық колледжінің профессоры Мюррей Шанахан жасанды интеллектіге адамдық этиканы үйретуді колға алған. Онын пікірінше, роботтардың болашақта адамзат баласына зияны келмес үшін, оларға аяушылық, адамгершілік сияқты жақсы қасиеттерді сініру керек. Зерттеуші Марк Ридл роботтарға жақсы мен жаманды ажыратуды үйрету үшін өртегі айту үлгісін ұсынады. Роботты әлі оны мен солын танымайтын балаға тенейтін ол адамдарды темір достарынан күтқарудың жалғыз жолы осы екеніне сенімді.

«Айқын» газетінен



2-тапсырма. Мәтіндегі компьютерлік бағдарлама, алеуметтік жөлі, жасанды интеллект сөздерін қатыстырып, сөйлем құрастырындар.



3-тапсырма. INSERT оқыту стратегиясы бойынша мәтінді зерделеп, өз ойынды қорытындылап айт.

| «V» | «—» | «+» | «?» |
|------------------|-----------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менін обілағанымда қайши, керегар | Мен үшін жана акпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |

Қимыл-сын бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басынқы сөйлемдегі ойдың қалай орындалғанын білдіретін сабактастын түрі.

Сұрақтары: қалай? қайтіп? нетіп?

Қимыл-сын бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) -а, -е, -й және -ып, -іп, -п тұлғалы кесемшеден болады. Осынша қуанышылыққа қарамай, жылан биыл да түлеген.

ә) есімше тұлғасына -дай, -дей жүрнағы жалғанып жасалады. Балалар бір андан туғандай, түрлері бір келбетте.



4-тапсырма. Берілген сызба бойынша қимыл-сын бағыныңқы сөйлем құрастырындар. Тыныс белгілерін дұрыс қойындар.

басынқы сөйлем

-а, -е
-ып, -іп
-дай, -дей

бағыныңқы сөйлем



5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Қай стилде жазылған? Тілдік ерекшеліктері арқылы анықтаңдар.

2015 жылы Hanson Robotics компаниясы іске қосқан София есімді робот қойылған сұрақтарға еркін жауап беріп, адамның эмоцияларын қайталай алады. Әлемнің әртүрлі бөлігінде қаншама



София есімді робот

сұхбатқа қонақ болған киборг 2017 жылы Сауд Арабиясының азаматтығын алды. Бұл елде азаматтық беру үдерісі қатаң әрі үзак екенін ескерсек, темірден жасалған «әйелдің» осындай құқықты иеленгені жасанды интеллектінің болашагы барын көрсетсе керек. Осыдан көп жыл бұрын Сауд Арабиясы шөл далада NEOM деп аталатын ақылды қала салатынын мәлімдеген еді.

Араб мемлекеті ханзадасының энергиясы есебінен электр қуатын өндіретін, өзін-өзі басқарушы интеллектуалды көлік жүйесі бар қалада тірі адамнан роботтың саны басым болады. Ақпарат көздері әлі құрылышы аяқталмаған қаланы қазірдің өзінде «Роботтардың Меккесі» деп атайды.

Новосібірлік ғалымдардың көмегімен орыс тілін менгерген Софияның қабілеті күн сайын жетілдіріліп отыр. Роботтың сыртқы пішіні актриса Одри Хепберннің сыртқы сұлбасына ұқсап құрастырылған.

«Айқын» газетінен



6-тапсырма. «Роботтардың адам сияқты сана-сезімге ие болғанын, олардың қалада адамдармен бірге тұрғанын қалайсындар ма?», «Олардан қауіптенуге бола ма?» деген сұрақтар бойынша пікірлесіндер.



7-тапсырма. Мәтіннен қимыл-сын бағыныңқы құрмалас сейлемді тауып, жасалу жолын түсіндір.



8-тапсырма. Қиялға кезек берейік! «Роботтардың қаласы» деген тақырыпта шағын мәтін жаз. Берілген тірек сөздерді пайдалан.

Жанды адамша, мінсіз, бүйрек, өздігінен, бұрылу, иелену.



9-тапсырма. Кесте бойынша ойынды қорытындыла.

| | |
|--|--|
| Берілген тақырып бойынша маган не белгілі? Мен не білемін? | Мәтіннен кандай жаңалық туралы білдім? |
| | |

5-6-сабак



Айзек Азимов. «Мен – роботын»

Ойтурткі

- Қандай фантаст жазушыларды білесіндер?
- Фантикалық шығармалар каншалыкты шындықка жакын?



1-тапсырма. Мәтінді тыңда (51-аудио). Қалай ойлайсың, оқиғаның шындыққа қатысы бар ма? Дәлелде.

Джордж Вестон өзін керемет сезінді. Ол өзін демалыс күндері түстен кейін жайлы да керемет сезінетін әдеті бар. Үйдің дамді тамағы, жата-жастана кететін жайлы да жұмсақ ескі диван, «Таймстің» жаңа нөмірі. Үстінде көйлектің орнына пижама, аяғында үй тәпішкесі – қандай тамаша, мұндайда өзінді қалай жайлы сезінбейсін!

Сондыктан ол кіріп келген әйеліне жактырмай қарады. Демалыс – ол үшін ең қасиетті күн; екі-үш сағат жападан-жалғыз қалу – ең бір таптырмас жайлы кезең. Ол өзінің бар назарын Лефебра-Пошиданың Марска жасаған экспедициясы туралы хабарға аудар ды да, әйелін байқамаған сыңай танытты...

А.Азимов. «Мен роботын» кітабынан



2-тапсырма. Мәтіннің стильдік ерекшелігіне, мәтіндегі негізгі ойға сипаттама бер.

| Стильді анықтаң тұрган ақпарат | Мәтін мазмұнын ашып тұрган негізгі сөйлем | Мәтіннен қандай ой түйдің? Бага бер. |
|--------------------------------|---|--------------------------------------|
| | | |
| | | |



3-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, Айзек Азимовтың «Ақылды роботтардан пайда көру немесе зиян шегу адамдардың өзіне байланысты» деген пікіріне өз ойларынды жазындар.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осылан байланысты мен ... деген түйін жасадым.



4-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқындар. Автор не айтқысы келді? Негізгі ойы мен идеясына болжам жасандар.

Вестон ханым бір-екі минуттай күтіп тұрды және тағы екі минуттай кідіріп барып, өзін-өзі ұстай алмай:

— Джорж!

— Иә...

— Джордж, тыңдашы! Газетінді коя тұрып, маган карашы!

... Вестон әйеліне шаршанкы жүзбен карады да:

— Не болды, кымбаттым? — деді.

— Білесің бе, Джордж? Әнгіме Глория мен мына есі ауысқан мәшине жайында...

— Есі ауысқан, қандай мәшинені айтасың?

— Әнгіме Глория баламыз Робби деп атайдын робот туралы, ол оның қасынан бір елі қалмайды.

— Ол неліктен калуы керек, керісінше, сол үшін кажет емес пе? Ол ешқандай есі ауысқан мәшине емес. Бұл — колымыз әрен жеткен ең мықты робот. Оны жартыжылдық жалақыма сатып алғанымды еш уакытта ұмытпаспсын. Және ол менің жарты кызметкерлерімнен әлдекайда ақылды.

Ол газетіне қол соза беріп еді, әйелі тез кимылданап көтеріп алды.

— Тыңдашы мені, Джордж! Ол ақылды ма, ақылсыз ба, маган бәрібір. Мен өз баламды мәшинеге сеніп тапсыра алмаймын. Оның жаны жоқ және оның не істейтінін болжау қын. Балаларды кайдағы бір металсымактар караиды деген не сөз. Жоқ, болмайды!

— Тыңдашы! Күтушіге қарағанда, роботқа әбден сенуге болады. Себебі Роббиді құрастырганда бір ғана мақсат болды, ол кішкентай баланы багу болатын. Оның барлық «ойы» арнайы соган есептелген. Оның мейірімді, қамкор, сенімді болмауы мүмкін емес. Ол солай құрастырылған. Ал кейбір адамдар жайында олай айта алмайсын.

Вестон кідіріп қалды: өйткені ол роботтың не ойлайтынан хабарсыз еді.

А.Азимов. «Мен роботтың» кітабынан



5-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Үзінді кейіпкерлері кімдер?
2. Әнгіме не туралы болды?
3. Вестон әйелінің сезін калай қабылдады?
4. Ол неліктен ойланып қалды?
5. Калай ойлайсындар, кішкентай баланы роботка сеніп тапсыруға бола ма?



6-тапсырма. Берілген тұжырымдарға келісетін-келіспейтіндерінді білдіріп, алдымен өз жұбынмен, кейін топта талқыландар.

| Тұжырымдар | Келісемін | Келіспеймін |
|--|-----------|-------------|
| Роботтың адамға зияны жок. | | |
| Олар мейірімді, сенімді. | | |
| Кейбір адамдар жайында олай айта алмайсын. | | |



7-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптестер». Сабактағы тапсырмалар бойынша әріптестеріңмен ой бөлісіндер.

- жаңа 3 факті;
- женіл акпарат;
- киын акпарат;
- алдағы уақытта білгім келетін акпарат.

7-8-сабақ

Тони робот

Ойтүрткі

- А.Азимовтың шығармасын қандай жанр түріне жатқызып едіндер?
- Тақырып қаншалықты қызық? Неліктен?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдандар (52-аудио). Тақырыбын қойып, неліктен олай атағандарынды түсіндіріндер.

Ертеңіне танертен Клер жатын бөлменің есігін ақырын қаккан дыбысташ оянып кетті. Алдымен шошып кетіп, **сілейіп катты да қалды**. Алғашкы кездері ол Тонимен кездесуден кашқактап, кездесіп калса, бірауыз сез айтпастан жымнып кана касынан етіп кетіп жүрген-ді.

- Бұл сіз бе?
– Нә, Бельмон ханым, кіруге бола ма?

Көзді ашып-жұмғанша Тони кіріп келді. Клердің көзі оның колындағы Тамактың иісі мұрынды жарып, тәбетін **ашып жұмғанша**.

- Таңғы ас па? – деп сұрады ол.
– Мархабат!

Клер карсылық білдірmedі, төсегіне отырды да, подности алды. Екі жұмыртка, бір кесе кофе...

– Мениң кофеге сүт қюоға баптым бармады, қантты да өзіңіз салуға тұра келеді, – деді Тони...
– Сіз таңғы асты жалғыз ішкенді қалайсыз ба?

Түсіндірме сөздік

сілейіп қатып қалу – қозғалмай тұрып қалу
көзді ашып-жұмғанша – жылдам, тез
тәбеті ашылу – тамақ ішкісі келу
сылқ ете түсу – бұл жерде жата кету

подноска түсіп кетті.
Клер көзді ашып жұмғанша.

- Иә, егер сіз қарсы болмасаныз.
- Сізге киінуге көмектесейін бе?
- Жо-жок!

Клер жамылғыны өзіне тартып ала қойды, сәл болғанда кофені төгіп ала жаздады. Жиырылып отыра қалды, ол шығып кеткеннен кейін, жастықка шалқасынан **сылқ ете түсті**. Сәлден соң киіндіде, асбөлмеге қарай жүрді. Қалай десе де, өз үйі емес пе? Клер ұсак-түйекке көніл аудармайтын, асбөлменің таза, тап-түйнақтай болғанын жақсы көретін.

Ол асбөлмені шолып шықканша, Тониге күтүге тура келді...

А.Азимов. «Мен роботтың» кітабынан



2-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріндер.

1. Диалог кімдердің арасында өтті?
2. Тони деген кім?
3. Ол қандай жұмыс атқарады?
4. Клердің одан қашқақташ жүруінің себебі неде?
5. Қалай ойлайсындар, ақылды роботтардың болуы мүмкін бе?



3-тапсырма. Кестеде берілген сез тіркестерінің мағынасын ашып, «Қос жазба күнделігінде» түсіндіріндер.

| Сөз тіркесі | Түсініктемесі |
|-------------|---------------|
| танғы ас | |
| жатынбелме | |
| асбөлме | |



4-тапсырма. Мәтінді рөлге беліп оқындар. Тірек сездер арқылы алдыңғы мәтінмен идеялық сабактастырындар.

Клер асбөлмеге кіріп келгенде, ондағы нәрсенің бәрі жарқырап тұрганын көрді, құдды дүкеннен жана әкелгендей. Ол сәл кідіріп, айналага танырқай қарады да, енді бұрыла бергенде Тонимен соктығысып қала жаздады. Бұны күтпеген ол айқайлап жіберді.

- Сізге көмектесейін бе? – деп сұрады ол.
- Тони, – деді ол өзінің корыкканын білдірмеуге тырысып, – сіз дыбыссыз журуінізді тоқтатыныз, мен корқамын... Сіз таңғы асты осы жерде дайындаңыңыз ба?
- Иә, Бельмон ханым.
- Сізді байқамай қалдым.
- Мен тазалап койдым. Бұным дұрыс емес пе?

Клер көзі алақандай болып, не айтарын білмей, сілейіп тұрып калды. Ол ыдыстар тұрған шкафты ашып, жалтырап тұрған ыдыстарды көріп:

— Өте жақсы. Қанагаттанып тұрмын.

Егер осы сәтте Тони жымынып, ең болмаса ернінің үші сәлғана дір еткенде, ол оған жақындаі түсер ме еді?! Бірақ ол ағылшын лордтары сиякты сабырлы, салқынқанды.

— Бельмон ханым, ракмет. Конакбөлмеге қарай өтпейміз бе? — деді. Конакбөлме одан бетер таңгалдырыды.

— Сіз немене, жіназды да жалтыратып қойғанбысыз?

— Бельмон ханым, менің жұмысымның сапасына қанагаттана-сыз ба?

— Бұның бәріне қалай үлгеріп жүрсіз? Кеше сіз ештеңе істеген жоксыз ғой!

— Эрине, түнде. Менің бойымда ультракүлгін сәуленің көзі бар. Ал үйкynын маган түк те қажеті жок.

Мәшине кілем тазалайды, ыдыс жуады, жіназды жылтыратады, тағы не істей алатынын бір Құдай біледі. Иә, жақындаған зауыт конвейері нен шыккан мәшине...

А.Азимов. «Мен роботтын» китабынан



5-тапсырма. Шығарма мазмұны бойынша Тони роботқа мінездеме беріндер.



6-тапсырма. Шығармадағы басты кейіпкердің көніл күйін төмендегі график-сызыбаға салындар.

• Шығарманың соны

• Шығарманың ортасы

• Шығарманың басы

сенімсіздік корқыныш ренжү таңгалу көнілділік ризашылық



7-тапсырма. Берілген сейлемдерді қимыл-сын бағыныңқы сейлемдерге айналдырып жаң.

1. Азимов 2014 жылы автокөліктер жер бетінен бір метр биіктікте қалки үшіп жүреді, «бір-біріне соғылмайды» деп болжаған.
2. Қазіргі уақытта дүниежүзінде 1 миллионнан астам роботтар колданылады екен.
3. Өнеркәсіптік роботтар өндіріс үдерісінде адамдарды аудыстыру үшін пайдаланылады.
4. Жылдың соына дейін

ендеріс орындарында роботтар жүйесі енгізілмекші, 5. Жакын арада біз кәсіпорында роботтар мен дрондарды пайдаланатын боламыз.



8-тапсырма. Әңгімелесетін әріптер. Сабак бойынша жұптарыңмен талқыланадар.

- Жана 3 факті;
- женіл аппарат;
- қын аппарат;
- алдағы уақытта оқығым келетін аппарат.

9-10-сабак

Нәтиже сабак



1-тапсырма. «Роботтар «тартып ала алмайтын» мамандықтар» тақырыбына пікірталас өткізіндер.



2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен таныс. Қандай ой түйдін?

Әлемге әйгілі жапондық ғалым Митио Какудын айтудынша, жакын келешекте роботтардан автоматикада жұмыс істейтін орта таптағы адамдар «зардап шегеді». Бірақ роботтар зияткерлік капитал мен инновациялық-шығармашылық жұмыстарды атқара алмайды.

Роботтар көптеген қарапайым дүниелерді білмейді. Әлі күнге дейін 5 жасар баланың интеллектісін алмастыратын бағдарлама жок. Олар қарапайым төртбұрыш пен үшбұрышты сзып, аумақты өлшей алмайды. Ауыр жұмыстарды алмастыруы мүмкін, бірақ оған көптеген онжылдықтар керек. Ғалымның айтудынша, роботтар адамдармен карым-қатынасты талаң ететін полиция, сот, оқытушы, инновациялық мамандықтарда қаукарсыз. Сондықтан роботтар — адам өміріндегі көмекші құрал ғана.

«Сен білесің бе?» әнциклопедиясынан



3-тапсырма. Автордың ойымен көлісесіндер ме? Баға беріндер.





4-тапсырма. Айзек Азимовтің «Мен роботтын» шығармасы бойынша «екі жақты күнделік» жасандар.

| | |
|-----------------------------------|---------|
| Шығарманың ерекше әсер еткен тұсы | Пікірім |
| | |



5-тапсырма. Тақырыбын өздерің таңдал, Бауыржан Момышұлының «Техника қаншама дамып жетілгенмен, ойлайтын, парасатты адамның орнын ауыстыра алмайды» деген пікірін тарқатып, әссе жазындар. Эсседе қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер болсын.



6-тапсырма. Тақырып бойынша өз пікірлерінді білдіріп, сөйлемдерді толықтырындар.

- Тақырып бойынша мен түсіндім.
- киындық тудырды.
- Мен өзімді үшін мактар едім.
- Маған ерекше ұнағаны
- Маған мынадай ой келді.

13-тақырып

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМ

Тек шикізатка бағдарланған ел болып калмау үшін, туризмді, оның ішінде экологиялық туризмді бұрыннан да ілгері карқынмен дамытуға тиіспіз.

Н.Назарбаев

1-2-сабак

Қазақстандағы туризм

Ойтұрткі

- Суреттен нені көріп тұрсындар? «Елімізде туризмнің қандай түрлері бар?», «Отандық туризмді дамытудың болашағы қандай?», «Туризмнің ел экономикасына әсері бар ма?» деген сұрақтар бойынша пікір талас өткізіндер.



Қазақстандағы туризм түрлері



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Қай стилде жазылған? Тілдік ерекшеліктерін анықтаңдар.

Тірек сөздер

- туристік ресурстар
- сауықтыру нысандары
- табиги-географиялық нысан
- әлеуметтік-мәдени нысан

Казақстандағы туристік ресурстарға туристік қызмет көрсету нысандарын қамтитын табиги-географиялық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандырып, сергітүте жәрдем-десетін өзге де нысандар жатады. Олар

мәдени-тәнімдық, экологиялық, спорттық, әлеуметтік туризм түрлеріне бөлінеді.

Табиғи-рекреациялық нысандарға Солтүстік Қазақстан аймағындағы Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау; Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай; Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары, Жетісу алабы; Батыс Қазақстандағы Устірт, Мұғалжар, Каспий ойысы, Жайық өнірі; Орталық Қазақстандағы Қаркаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау т.б. табиғи нысандар жатады. Сонымен бірге Алматы облысындағы үлттық саябактар мен корықтардың туризмді дамытуда маңызы зор. Оларға Іле-Алатаяуы үлттық саябағы, Түрген-Шамалған өзендері аралығындағы шатқалдар, Түрген, Есік, Талғар, Алматы, Қаскелен, Шамалған елді мекендері жатады. Алтынемел, Көкшетау, Бурабай үлттық саябактарында туризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау тауып, дамыш келеді. Қазақстан аумағындағы мемлекеттік корықтардағы ғылыми-экологиялық туризмді дамыту жолға койылған.

Түсіндірме сөздік

шатқал – таулы аймақтарда кездесетін терен және тік жартасты жерлер. Шатқалдар көп жағдайда жердің жарылуынан, опырылуынан пайда болады

Қазақстан әнциклопедиясынан



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазақстандағы туристік нысандарға қандай нысандар жатады?
2. Қандай туризм түрлері бар?
3. *Рекреация* ұйымын калай түсіндіндер?
4. Рекреациялық нысандарға қандай нысандар кіреді?
5. Еліміздегі қандай үлттық саябактардың білесіндер?



3-тапсырма. Курделі-құрама атауларды қатыстырып, мәтін мазмұны бойынша қысқаша аннотация жаз.



4-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен танысындар. Мәтінде не туралы айтылған?

Тәуелсіздік алған Қазақстанда 1991 жылдан бастап туризм саласы дамудың жана сатысына көшті. 1993 жылы Қазақстан Дүниежүзілік туризм үйіміна мүше болды. Осы жылы туризм индустриясын дамытуға арналған үлттық бағдарлама қабылданды. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Ұлы Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта ерлету, түркітілдес мемлекеттердің мәдени мұралар сабактастығын дамыту тұжырымдамасы, жалпы туризм дамуының стратегиясы жасалды.

2001 жылы 13 маусымда «Казакстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Зан қабылданды. Онда республикадағы туристік саланы дамытудың бірінші кезектегі шаралары – туристік қызметті лицензиялау т.б. мәселелер тұжырымдалды. Қазақстанның табиғи, тарихи, геосаяси орны туристік нысандарды тиімді пайдалануға мүмкіншілік бергендеңден, экономиканың басты тармактарының бірі ретінде дамытуды кажет етеді. 2002 жылы республикада 430 туристік үйім, фирмалар мен әргүрлі бюrolар жұмыс істеді. Оларда 6 мың адам, оның ішінде 1500 кәсіптік экскурсия жүргізушілер (гидтер) қызмет көрсетеді. Қазақстанның туристік фирмалары дүниежүзінің 80-ге жуық елімен қарым-қатынас жасайды. Алматы қаласының 25 фирмасы және 5 облыс орталығы Үндістанға, Түркияға, Біріккен Араб Әмірлігіне, Пәкстанға, Корея Республикасына, Грекияға, Польшаға т.б. елдерге чартерлік әуе рейстерін жолға қойған.

Қазақстан энциклопедиясынан



5-тапсырма. Сен отандық туристік фирмаларының жол көрсетуші маманы болып жұмыс істейсің. Шетелдерден келген қонақтарға (саяхатшыларға, жинаңгерлерге) Қазақстанның қандай көркіті жерлерін көруді ұсынасын? Өзің жақсы билетін жерді насхаттап таныстыр.



6-тапсырма. Кестені толтыр. Мәтіннің стильдік ерекшелігіне, ондағы негізгі ойға сипаттама жаз.

| | | |
|--------------------------------|---|--------------------------------------|
| Стильді анықтап тұрған ақпарат | Мәтін мазмұнын ашып тұрған негізгі сейлем | Мәтіннен қандай ой түйдін? Баға бер. |
| | | |



7-тапсырма. Ойтаразы. «Шығу парагын» толтырындар.

- Бүтінгі сабактан не білдіңдер? Бұрын иені билетін едіндер?
- Мәтіндердегі мағынасы таныс емес сөздердің мағынасын кімнің көмегімен түсіндіндер?
- Алған ақпараттардың күндылығы неде?

3-4-сабак

Туризмдегі қызмет түрлері

Ойтұрткі

- Туризмді дамытудың ел экономикасына қандай әсері бар?
- Елдегі демалыс орындарының қызмет көрсету сапасына көнілдерін тола ма?



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінді диалог немесе сұхбат түріне аудионыңда.

Елімізде кейінгі жылдары туризм көшшілікті қамтитын ең дамыған демалыстың бір түріне айналып отыр. Ол – тек демалу тәсілі емес, адамдарды мәдени және рухани жағынан көтеретін, денсаулығын жақсартатын маңызды істің бірі. Туристер саяхатта жүргендеге табигаттың жаңа көркімен, кайталанбас сұлу жерлерімен танысады. Тұған өлкеде саяхат жасау адамдардың табигатка деген сүйіспеншілігін арттырады, олардың ой-өрісін кенектеді. Туристер өз жорықтарында жаналықтар ашып, қоғамға белгілі бір дәрежеде пайда келтірсе, екінші жағынан, денсаулығын шынықтырады.

Республикамызда сауыктыру, демалыс орындары жылдан-жылға артып келеді. Бұл – куанышты жағдай. Эр жылы еліміздің түкпір-түкпірінен келген 800 мындан аса туристерді кабылдаپ, қызмет ету көзде ліп отыр.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясынан



2-тапсырма. Қазақстанда туризмнің дамып келе жатқанына дәлелдер көтіріп айтыңдар.



3-тапсырма. Еліміздің басқа қалаларына бір күндік саяхаттың жоспарын күрүңдар.

Мақсат бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың мақсатын білдіретін сабактастың түрі. Сұрақтары: *не мақсатпен? не етпек болып? не үшін? неге?* Мысалы: *Ол білім алу үшін, біраз қалаларды аралады.*

Мақсат бағыныңқы сабактас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары:

а) -мақ, -мек, -бақ, -бек, -лақ, -пек етістікке жалғанады. Мысалы: *Марат оқымақшы болып, қалаға кетті;*

ә) түйық етістік пен үшін шылауының тіркесуінен жасалады. Мысалы: *Аттың дүбірі естілмеуі үшін, біз ауылдың шетіне қарай бұрылдық;*

б) шартты, бүйрық және қалау рай тұлғалы етістік пен деп көмекші етістік тіркесінен болады. Мысалы: *Оның оқығысы келіп, ел аралап кетті.*



Қайынды көлі





4-тапсырма. Мақсат бағыныңқы сөйлемдердің жасалу жолдары бойынша сейлемдер құрастырындар. Тыныс белгілерін дұрыс қойындар.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, тірек сөздерді дәптерлеріне жазындар. Тірек сөздер арқылы мәтіндегі ойды жеткізіндер.

Кез келген шетелдік сапар үшін туристік компаниядан сатып алынатын ең қарапайым туристік өнімнің ішіне визаны рәсімдеу және демалу орнына дейін жеткізіп салу қызметтері, жайлы конакүйде тұру, тамактану, көніл көтеру бағдарламалары мен түрлі қауіптерге карсы сақтандырулар кіреді.

Туристің алатын әсері сапардың қауіпсіз болуына, қажетті қызметтерге колжетімділікке, көрсетілетін әр қызметтің сапасына және баға мен сапаның үйлесімдігіне байланысты болады. Осы тұрғыдан біздің қазақстандық мүмкіндіктерге қарап көрейікші, онда тиісті талаптарға сай емес сапасыз жолдарды, ғаламтордың әлі де жоғары тарифтерін және көптеген осы сияқты кемшіліктерді көреміз. Сонымен қатар конактарды күту үшін арнайы жабдықталған үйлердің қызметін құқықтық реттеу әлі де жолға қойылмаған. Оларға кейде ірі конакүйтерге арналған талаптар койылып жатады. Кейде экотуризм бизнесіне машықтанған жергілікті тұрғындар өздерінің шағын бизнесін занды тіркеудің және маркетингтің маңызын түсінбей жатады. Бізге бір-бірімен әкімшілік тұрғыда байланысы жок салаларды жетілдіру кажет. Атап айтсак, визаны рәсімдеуді женилдету және оның бағасын реттеу, теміржол және автокөлік жолдары, қонакүй бизнесін жолға қою және қызмет көрсету сапасын жақсарту керек.

Республика аумағында орналасқан мол табиги және тарихи көрнекті жерлер сырттан туристерді тарту және ішкі туризм салаларын дамытуда бізге үлкен мүмкіндіктер ашады.

P.Temіrbekov



6-тапсырма. Автордың көзқарасына келісетін-келіспейтіндерінді жұпта талқылап, сынып алдында айтындар.

| Сейлемдер | Келісемін | Келіспеймін |
|--|-----------|-------------|
| Бізге визаны рәсімдеуді женилдету, автокөлік жолшары, конакүй бизнесі салаларын жетілдіру кажет. | | |
| Демалыс орындарында қызмет көрсету сапасы әлі де төмен. | | |
| Туристің алатын әсері кеп жағдайда сапардың қауіпсіз өтуіне байланысты. | | |



7-тапсырма. «Елімізде туризм мәселесі қаншалықты жолға қойылған?» деген сұрақ бойынша талдау жасандар.



8-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

| | |
|--|--|
| Берілген тақырып бойынша маган не белгілі? Мен не білемін? | Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім? |
|--|--|

5-6-сабақ



Қазақстандағы экотуризм мәселесі

Ойтұрткі

- Туризм мен экотуризмнің айырмашылығы неде?
- Экотуризмді дамытуға болатын қандай жерлерді білесіндер ?



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қандай тақырып қояр едіндер? Неліктен?

«Экологиялық туризм» ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Казіргі уақытта бул ұғым көң ауқымды қамтиды. Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады. Экологиялық туризмнің пайда болу себептері көп. Оның ең бастысы, жалпы экологиялық жағдайдың күннен-күнге нашарлауы, яғни бүлінуі, сондай-ақ техникалық прогресс пен лас ауадан шаршаған адам баласының табигатка шығып, таза ауамен демалуға



Көлсай көлі

ұмтылуы. Сонымен катар жануарлар әлемін корғау мәселесі туындаиды. Осы мәселелерді шешу жолдарын біріктіретін – экологиялық туризм.

Қазақстандағы экологиялық туризмді дамытуда ерекше коргалатын табиғи аймактардың, оның ішінде ұлттық саябактардың рөлі ете зор. Әсіресе ондағы рекреациялық ресурстардың манызын ерекше атап өтуге болады. Мәселен, ерекше коргалатын табиғи аймактарда орналасқан табиғи ескерткіштер, су айдындары – өзен-көлдер, олардың жағалауы, орман-тогайлар және де басқа нысандар. Осындай ұлттық саябактардың бірі – Келсай көлдері. Қазақстанның экологиялық туризмін дамыту үшін аса қолайлы аумактың бірі екені анық. Атап айтқанда, балық, ан аулау, табиғатта демалу, жаяу және атпен сапар шегу, альпинизм және т.б.

Ұлттық энциклопедиядан



2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын тірексызба арқылы жұбына түсіндір. Сұрақтар қой.



3-тапсырма. Достарыңмен бірге таудың баурайына немесе өзен-көлдің жағалауына демалуға бардыңдар. Жандарында өздерің сияқты демалушы жастар тамақ қалдықтары мен судың ыдыстарын тастанап, жан-жағын ластанады. Оларға не айтар едіңдер? Нұсқаулық түрінде жазындар.

Улгі . Табиғатты таза ұстаута өз үлесінізді косу үшін, тамақ қалдықтарын арнайы жәшіктерге тастаныз.



4-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен таныс. Қандай мәселе көтерілген? Өз көзқарасынды білдір.

Дүниежүзілік туристік үйім сарашыларының деректері бойынша, соңғы он жылда экологиялық туризм негұрлым танымал және кез келген мемлекеттің тұракты даму қуралы болып табылады. Германия, Ұлыбритания, Франция, Онтүстік Корея мен Жапон елдерінде жүргізген зерттеу мен сауалнамалар бойынша, шетелдік азаматтар арасында қазақстанның экологиялық турларға жоғары кызығушылық білдіргені анықталған. Қазақстанның экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктері бар. Оның негізін Еуразия орталығындағы бірегей табиғи жағдайлар мен ландшафттылар, көптеген табиғи, тарихи ескерткіштер құрайды.

Қазақстандағы экологиялық туризмнің жағдайы тұракталып келеді. Алайда экологиялық туризмнің басқа туризм түрлеріне карағанда, табиғи ортаға әлсіз әсеріне және кең дамыған инфрақұрылымды қажет етпейтініне қарамастан, осы бағыттың дамуы күрделі

кын дыктар келтіруде. Ол рекреациялық-туристік инфрақұрылымның көп бөлігінің алғыншысы кезеңінде болуына байланысты.

Дүниежүзілік туристік үйымның мәліметтеріне қарағанда, осы саламен айналысатын мемлекеттер қазынасына сырттан түсетін инвестицияның 10 пайызға жуығы тек біз сөз етіп отырған табыс көзінің еншісіне тиесілі екен. Сондыктан да туризмнен түскен кіріс дүниежүзі бойынша алғыншы күнге дейін мұнай экспортты мен көлік сатудан кейінгі үшінші орынды пеленіп келеді.

Елтық әнциклопедиядан



5-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтін мазмұны бойынша өз пікірлерінді білдіріндер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.



6-тапсырма. Кім жылдам? Табиғат туралы мақал-мәтелдер, нақыл сездер айтып жарысындар.



7-тапсырма. Берілген етістіктерді қатыстырып, мақсат бағыныңқы сабактас сезлемдер құрастырындар.

Сауыктыру, сактандыру, ынталандыру, ерекшелендіру.



8-тапсырма. «Соңғы сезді мен айтайын...» тәсілі арқылы пікірлерінді бір сезлеммен аяқтандар.

7-8-сабақ

Көрікті демалыс орындары

Ойтурткі

- Қазақстанда туризмді дамытуға қандай көлдерді пайдалануға болады?
- Сұы шипаты дегенді калай түсінесіндер?



1-тапсырма. Мәтінді оқы. Ол жөнінде қосымша тағы қандай мәліметтер білесін?

Бурабай – Кекшетаудағы әдемі көл. Суы түші әрі мөлдір. Тұныктыны сондай – көлдің ең терен жеріндегі жәндіктер мен балықтар айқын көрінеді. Көлдің айналасы – сыңсыған қарағайлы, қайынды орман. Кекшениң әйгілі шоқылары – Жұмбақ-

Түсіндірме сездік

Қазақстанның жауһары, інжуі – керемет, әдемі, көрікті жерлер деген мағынаны білдіреді



Бурабай көлі

тас, Оқжетпес келді ерекше етіп тұрады. Сол себепті де жүрт оны «Қазақстан Швейцариясы» деп те атайды. Бурабай көлінің айналасында сауыктыру шипажайлары, демалыс орындары орналаскан. Олар 1920 жылдан бері мемлекеттік манзызы бар демалыс орына айналды. Онда Қазақстанның және ТМД елдерінің түкпір-түкпірінен денсаулыктарын жаксарту, табиғатпен

танысу, демалу үшін ондаған мың адам келеді. Бурабайда тыныс алу мүшелерін және асказан-ішек жолдары, жүрек-қантамырлары жүйесі, тірек-қозғалыс аппараттарының ауруларын емдейді. Бурабай өзінің қымызымен, емдік лайларымен және минералды суымен танымал. Әсіресе, Бурабайдың дала шөптері мен қылқанды орман нісіне қанықкан ауасы керемет.

Табиғатының керкемдігі жөнін Бурабай әлем шипажайларының ішінде ерекше орын алады. Өзінің сұлулығы, келдерінің молдығы, жасыл желегі және жануарлар әлемімен «Қазақстан жаунары, інжү» деген поэзиялық атауға ие.

Қазақстан энциклопедиясынан



2-тапсырма. Қандай? деген сұраққа жауап берे отырып, Бурабайдың табиғатын суреттеп жеткізіңдер.



3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Төрт сейлем» тәсілін пайдаланып, алған ақпараттар бойынша пікір жазындар.

Пікір. Мәтін бойынша өз пікі рінді бір сейлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікірінді бір сейлеммен дәлелде.

Мысал. Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Корытынды. Такырып бойынша корытынды жаз.



4-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен танысып, жоспар құрындар. Қанша азатжолдан тұрады?

Алакөл атауы ежелгі түрік және монгол сөздерінен аударғанда, «ұлы көл» немесе «таулы көл» деген мағына береді. Көл суының түсін алғаш рет караганда анықтау киын. Ұсак келдердің түсі алуан түрлі болады. Жергілікті тұрғындар көлді пішінін, түсінін, көлемінің әртүрлі болғаны үшін «Алакөл» деп атап кеткен.

Алакөл – түздө, ағынсыз кел. Ол Алматы және Шығыс Казахстан облыстарының шегарасында орналаскан. Батыс жағында Кектума ауылы бар, ал шығысында, 15 шакырым жерде, Барлықарасан шипажайы орын төпкен.

Алакөл сұы емдік қасиетке ие. Көл сұы радикулит, артрит, тері ауруларына шипа болып, адам денсаулығына жағымды әсерін тигізеді. Құрамы жағынан

Кара және Өлі теніздерге ұқсайды. Сондыктан бұл аймакта демалушылар емдік туризммен шұғылданады. Кенес Одағы кезінде жабық аймакта гарышкерлерді емдеу шаралары жүргізілген. Демалыс орындарында айлап демалған гарышкерлердің ағзасы радиациядан айығып шығатын көрінеді.

Алакөл аумағы тек емдік саяхаттар үшін ғана емес, балық аулау, аныштылығымен де өте танымал.

Казақстан әнциклопедиясынан



5-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдандар.

| «V» | «—» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымما қайшы, керегар | Мен үшін жана ақпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |



6-тапсырма. Қосымша ақпарат көздері мен мәтін мазмұнын пайдаланып, жұбынмен Алакөл туралы әңгімелес.

- Ала көлге қандай күтім керек? Накты жолдарын ұсын.
- Алакөлдің сұы адамдардың сауығуына қалай әсер етеді?
- Алакөлдегі қызмет көрсету сапасына көnlін тола ма?
- Алакөлге туристерді тарту үшін не істер едін?



7-тапсырма. Берілген мақсат бағыныңқы сабактас сейлемдердегі ойды сәйкестендіріндер. Тыныс белгілерін дұрыс қойындар.

| | |
|---|--|
| Ол қала сыртындағы саяжайға бармакшы болып... | қаша қаражат қажет екенін анықтады. |
| Жазғы демалысында Алакөлде демалтуы үшін... | қызмет көрсету сапасын жақсарту керек. |



Алакөл



Жалғасы

| | |
|---|----------------------------|
| Досы Маратка тосынсый жасамак болжып... | күні бойы дайындалды. |
| Қазақстан туризмінің жаунары сана- латын Бурабайда кемшіліктердің бол- мауы үшін... | ұшакпен баруды жоспарлады. |



8-тапсырма. «Шығу парагын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.


1. Бүгін не үйрәндін?
2. Тағы не білгін келеді?

9-10-сабак**Ілияс Жансүгіров. «Жетісу суреттері»**

1-тапсырма. Қазақ ақын-жазушыларының туған жер туралы қандай өлең-шығармаларын білесіндер? Пікір алмасындар.



2-тапсырма. Өлең үзіндісін мәнерлеп оқып, тірек сөздер мен дайексөздерді анықтаңдар. Қандай тақырыпқа арналған?



Жетісу жері

Жер таппан жерде жетер Жетісуым:
Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым,
Аскардың аспан сүйген сілекейін,
Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын.
Боленген бұлтқа мәңгі меніреу күз,
Ну тогай, когалы көл, коныр күмым.



Аскардан актарыла арқыраған,
Жөкеннің кім ансамас балдай суын.
Жетісу, кеуден аскар, аяғың көл,
Конын күм, мықынында бар сексеуіл.
Тау жайлап, коныр күзеп, күмды қыстап,
Ол бір ман мал өсірген өлкедегі ел.
Көктемде күмнан әсем жер болсын ба,
Жайқалып жауказыны, ран гүлдер.
Бойдағы бозбаладай асыр салса,
Қозысы құйрықтанып дөнгеленер.
Шөгікен шоғыр аскар катпарланып,
Кия күз, мұсатыр мұз жақпарланып.
Емес пе кек ала бас ак буралар,
Оралған шудалары макпалданып.
Саятта аң андыған ол бір мерген,
Мылтық ап, бүркіт ұстап, қакпан салып...

I.Жансұгиров



3-тапсырма. Өлеңнің мазмұны бойынша мына сөз тіркестерін қандай сөздермен алмастыруға болады?

| Сөздер мен сөз тіркестері | Мағынасы |
|---------------------------|-----------------------|
| беленген бұлтқа | басынан бұлт кетпеген |
| меніреу күз | |
| кеуден аскар | |
| аяғың көл | |
| конын күм | |
| мықынын | |
| кек ала бас ак буралар | |



4-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Өлең авторы туралы не білесіндер?
2. Жетісу Қазақстанның қай жерінде орналасқан? (Картадан көрсетіндер.)
3. Ол жерде қандай өзендер, таулар бар?
4. Қандай өсімдіктер өседі?
5. Ақын «Жекен» деп нені айттың отыр?
6. Тауды неге тенейді?
7. «Мылтық ап, бүркіт ұстап, қакпан салып » жүрген кім?



5-тапсырма. Өлеңнің жалғасын бір окушының оқуынан тындандар. Дауыс ырғағын, дауыс кідірісін, логикалық екпінді сақтап оқыды ма?

...Айқара ала аскарлар жатыр шегіп.
Жер жаншып, көктің көлбеп тесін еміп.
Ойнакы, құба, тарлан тағы андарын
Тәбеті тау-тасына қонған теліп.
Құлпыртар күмда соккан коныр самал,
Мәсімнің масатысын желі жеппіп.
Кар кетіп, қара жері жасанғанда,
Қонбасын қалай құсша елі келіп.

I.Жансугиров



6-тапсырма. Жұбыңың өлең мазмұнын түсінген-түсінбегенін білу үшін, оған сұрақтар қой. Өзара сөйлесіндер.

Улgi .

1. Шегіп жаткан не?



7-тапсырма. «Кубизм» әдісін пайдаланып, тапсырмаларды орындаңдар.

1. **Баянда.** Өлеңде берілген Жетісу жерін сипатта.
2. **Колдан.** Құрмалас сөйлемдердің түрлерін колданып, өлеңді мазмұнда.
3. **Салыстыр.** Қазақстандағы қандай өзен-келдер, таулар туралы мәліметтер білесін? Салыстыр.
4. **Топтастыр.** Жетісудың кереметтерін топтастырып әнгімелеп.
5. **Зертте.** Жетісуга катысты қандай азыз-әнгімелер бар? Қосымша ақпарат көздерін пайдалан.
6. **Корытындыла.** Ойынды корытып, шағын мақала жаз.



8-тапсырма. Сабак бойынша пайымынды «Екіжақты қунделік» кестесіне толтыр.

| | |
|-----------------|---------------------|
| Маган әсер етті | Неліктен әсер етті? |
| | |

Ойтурткі

- Суреттерде туризмнің қандай түрлері көрсетілген? Топқа белініп, отандық туризмнің маңызы мен пайдасы туралы әңгімелендер.



Қазақстандағы туристік орындар

1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

- Туризмді дамыту бізге не береді?
- Рекреациялық туризм туралы түсініктерін қандай?
- Ақын-жазушыларымыздың тұған жер туралы қандай өлеңжырлары бар?
- Табиғат аясына шыққанда нені естен шығармау керек?



2-тапсырма. Саяхатқа шықлақшы болған досың жолға не қажет екендігін сұрады. Қандай заттардың тізімін ең бірінші кезекте ұсынар едің? Нұсқаулық түрінде жаз.



3-тапсырма. Өздерің тұратын жердегі қасиетті мекендер, көрікті орындар туралы зерттеп, таныстырылым дайындандар. Ол жайында қандай азыз-әңгімелер білесіндер? Туристік орталыққа айналдыруға бола ма? Қандай жолдарын ұсынасындар?



4-тапсырма. І.Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» өлеңі бойынша сұрақтарға жауап бер.

- 
- Қандай тақырыпка арналған?
 - Қандай мағлұматтар алдын?
 - Қандай жер-су атауларын көздестірдін?
 - Тауды неге тенейді? Дәлелде.
 - Қандай ой түйні?



5-тапсырма. Топқа бөлініп, жарысындар.

1-топ. *Не мақсаттен? Не үшін? Неге?* деген сұрақтар қояды.

2-топ. Койылған сұрақтарға жауап береді.

Кай топ мысалдарды көп көлтірсе, сол топ женіске жетеді.



6-тапсырма. «Еліміздегі туризмді дамытудың мүмкіндіктері» тақырыбына аргументативті эссе жазындар. Бір-бірінді бағаландар.

Талаптары:

- тақырыптың ашылуы;
- мазмұнының тұтастығы;
- дәлелдер көлтіруі;
- өзіндік пікірдің болуы;
- мақсат бағыныңын сабактас сөйлемдердің болуы.

**ЛЕКСИКАЛЫҚ-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ БОЙЫНША
КАЗАКША-ОРЫСША СӨЗДІК**

1. Казак жазуынын даму жолы

әліпбелік – алфавитный
дәүір – эпоха
дүниетаным – мировоззрение
дыбыс – звук
дыбысталу – звучание
емле – орфография / правописание
жазба – письменность
жан-жакты – всесторонний
жетілдіру – совершенствовать
жүйелу – систематизировать
зерделеу – осмысливать
көшірме – выписка; копия
кашау – тесать

құлпытас – надгробный камень
қыпшақ – кыпчак
латын – латиниша
иұска – вариант
реттеу – регулировать
сауыт – кольтуга
сәйкестендіру – приводить в соответствие
сия – чернила
төл – собственный
төте жазу – арабская графика
түркі – тюркский
үндесу – созвучный
үнілу – всматриваться

2. Жолың болсын, жолаушы!

апат – авария
аралық – перегон
аялдау – приостанавливаться
арі-бері – туда-сюда
багыну – подчиняться
бекер – напрасно
бекет – станция
жедел – быстро
жілтеу – учащаться
жолазық – продукты на дорогу
жолайрық – развлечка дорог
жолдама – путевка
жол-жөнекей, жолшыбай – по пути

жолсапар – командировка
жолсерік – проводник
жүргінші – проезжий, прохожий, путник
журдек – скорый
зуылдау – мчаться
зымырандай – как ракета
куәлік – свидетельство
күн – стоимость
сақтану – беречься
сәтті – удачный
тасымал – перевозка

3. Кошпендер мәдениеті. Казактың халық құнгілебесі

адамзат – человечество
байыргы – давний
би-шешен – судья / оратор
диқаныштық – земледелие
доныз – дикая свинья
ер-тоқым – седло
жәдігер – реликвия
жинаңкез – путешественник
жoramал – предположение
жұлдызнамашы – звездочет
кошпелі – кочевник
кошіп-кону – переселенческий
құндіз-тұні – днем и ночью

құнкөріс – условие жизнедеятельности
құнұзак – на весь день
қүншуақ – солнечный день
қүншығыс – восток
лашиқ – лачуга
мәжіліс – совещание
өжет – смелый
тайпа – племя
түрмистық – бытовой
ұзактық – дальность
хандық – ханство
шұбырынды – беженцы, броцяги



4. Заң – қоғамның тірері

азаматша – гражданка
ар-намыс – совесть
арыз – жалоба
әділет – справедливость
бұзакылым – хулиганство
булліру – портить
жаза – наказание
жарғы – устав
жою – уничтожать
жүзеге асу – осуществляться
кепіл – гарантия
куәгер – свидетель

қоғамдық – общественный
құқық – право
құқылы – правоспособный
қылмыскер – преступник
макұлдау – одобрять
өтініш – просьба
 себеп – причина
тергеу – расследование
ұру – быть
шектеу – ограничивать
іргетас – фундамент

5. Казакстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні – Тәуелсіз Қазақстаниң айбыны мейрамы

алғышарт – предпосылка
арнау – посвящать
аталу – называться
бастамашы – инициатор
бекіту – утверждать
белес – этап
бирауыздан – единогласно
бүкілхалықтық – всенародный
дарын – дарование
дауыс – голос

кеині – горнорабочий
қазақстандық – казахстанский
құштар – увлеченый
лауазым – должность
сайлану – избираться
сайлау – выбор
жыл сайын – каждый год
тыңп-есу – родиться и вырасти
тұтқа – опора
үміткер – кандидат

6. Жастар және бұкараптық акпарат құралдары

айдар – рубрика
аландату – беспоконть
аудандық – районный
аукымды – масштабный
басылым – издание
бұкара – массовый
далел – доказательство
дәурен – счастливое время
әзіл – шутка
жагымды – приятный

жоба – проект
іс-тәжірибе – практика
қамту – охватывать
мақала – статья
орынбасар – заместитель
пікірталас – диспут
соңғы – последний
сыни – критический
сыншыл – критикующий
үтіттеу – агитировать

7. ЭКСПО-2017 – Қазақстан белесі

адынғы – передний
баламалы – альтернативный
баяндау – докладывать
бетбұрыс – поворот

білеуші – правитель
дау – спор
елшілік, мәмілегерлік – примиренчество,
соглашательство

ерікті – доброволец; волонтер
әмбебап – универсальный
жекешелендіру – приватизировать
көршілес – соседний
күллі – весь
карастыру – рассмотреть
катарлы – наравне
қауымдастық – ассоциация

құрылтай – съезд
екілдік – представительство
тагайындау – назначать
тұжырымдама – концепция
тұрактылық – устойчивость
тұргызу – строить
үкімет – правительство
шектесу – граничить

8. Биотехнология жаңалықтары

асыл тұқымды – породистый
будандастыру – гибридизация
булану – испаряться
дәрі-дәрмек – лекарства
дерт – болезнь
жасуша – клетка
жынытық – совокупность
кешенді – комплексный
көбею – умножаться
коспа – смесь
құнарлылық – плодородность

қышқыл – кислый
нәрлі – калорийный
ретінде – в качестве
тәғамдыш – пищевой
тектес – однородный, похожий
тұқым – семя
тығыз – плотный
тірі – живой
ұла – ткань
ықпал – воздействие
ізденіс – поиск

9. Болашақ энергия көздері

асыл – благородный
әбден – вполне
байланысты – в связи
байланыстыру – связывать
баскарма – управление
басшылық – руководство
босқа – зря
бүкіл – весь
бірігу – объединяться
біріктіру – соединять
енди – теперь

жалпы – общий
кезең – период
қалау – класть
қосылыш – слияние
негіздеу – обосновать
несібе – благо
сай – подходящий
сұғу – воткнуть
сыйымдылық – емкость
шарт – условие
ыдырау – расплодиться

10. Алаш идеясы мен қайраткерлері

абақты – тюрьма
адамгершілік – человечность
акталу – оправдываться
алашордалықтар – алашординары
аяну – щадить себя
боландық – подчиняться
болмыс – натура
жазалау – наказывать
зорлық – насилие
катағез – жестокий
қауым – община
құрбан – жертва

мазақ – насмешка
меншік – собственность
мұрат – заветная цель
мінбер – трибуна
осал – слабый
отаршыл – колонизаторский
сана-сезім – сознание
тартыс – борьба
тұтқындау – арестовать
ұлтжанды – патриот
ілім-білім – учен не

11. Жаһандық мәселе: демография

ағайынды – родственники
ажырасу – разводиться
айқындау – выяснять
аштық – голод
байдак – неженатый / холостой
егіз – двойня
жаддай – ситуация
жәрдемакы – пособие
жетім – спрота
зандылық – законность
картаю – стареть
неке – брак

некелесу – вступить в брак
өсім – прирост
сан – число
санак – перепись
саяси-әлеуметтік – политико-социальный
токырау – застой
төсбелгі – нагрудный знак
туу – рожать
ұдайы – постоянно
ұлғаю – увеличиваться
үшем – тройня

12. Роботтар мен киборгтар алемі

адамша – по-человечески
ажырату – отличать
әрекеттешу – действовать
багдарламалық – программный
бастапқы – первоначальный
бүйрық – приказ
бұрылу – поворачиваться
дал – точно
енгізілу – вводиться
жабдық – оборудование
жаддамалы – наемный
жанды – живой
жартылай – наполовину
иелену – присваивать

көптеген – многие
калың – образец, модель
құрастыруышы – составитель
мінсіз – безупречный
иұсқау – указывать
пішін – форма
ұшырау – подвергаться
үдемелі – возрастающий
ым-ишара – жест
тындарман – слушатель
ұйқас – рифма
ұтқыр – содержательный
шешен – оратор
ықылас-ілтинат – почтение

13. Казакстандагы туризм және экотуризм

алғаш – впервые
баурай – подножие
белсендіру – активировать
демалушы – отыхающий
ерекшелену – обособляться
жайлы – удобный
жаунар – бриллиант
жерасты – подземный
зиянама – законодательство
колжетімді – доступный
құқықтық – правовой
насихаттау – пропагандировать

рәсімдеу – оформлять
сактандыру – страховать
санасыз – некачественный
сауықтыру – оздоровлять
табиги-географиялық – естественно-географический
тартымды – привлекательный
төлөгей – большой
үйлесімді – гармоничный
үйлесімділік – гармоничность
шабадан – чемодан
ынталандыру – стимулировать



ПАЙДАЛАНГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Келімбетов Н.* Коне түркі әдебиеті. Алматы, 2008.
2. *Макатаев М.* Өмір-өзен. Алматы, 1988.
3. *Есенбергін І.* Қошпенделер. Алматы: Атамұра, 2002.
4. *Сейтақ А.* Ай арудын алқасы: өлеңдер мен дастандар. Алматы: Өзке, 2001.
5. *Ыбыраев М.* Шығармалары: өлеңдер мен толғаудар, поэмалар, пьесалар. Астана: Фолиант, 2013.
6. *Аманжолов К.* Шығармалары. Алматы: Атамұра, 2006.
7. *Назарбаев Н.* «Тәуелсіздік толғауы» // «Егемен Казақстан» газеті, 12 желтоқсан, 2016 ж.
8. *Сахиев Ж.* Шығармалар жинағы. Алматы, 2002.
9. *Сарсеке М.* Жетінші толқын. Алматы, 2007.
11. *Әшімханов Д.* Бес арыс. Алматы: Жазушы, 2001.
12. *Құнанбайұлы А.* Өлеңдер, поэмалар, зудармалар, кара сездер. Алматы: Мектеп, 2003.
13. *Жұматіев К.* Әдебиет теориясы. Алматы, 1969.
14. *Ахметов З., Шаңбаев Т.* Әдебиеттану (терминдер сөздігі). Алматы, 1998.
15. *Аманжолов А.С.* «Түркі филологиясының негіздері». Алматы: Мектеп, 2012.
16. Мәдениеттану: жоғарғы оку орнындары мен колледж студенттеріне арналған окуптық. Алматы: Раритет, 2005.
17. *Төрекұлов Н.* Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Алаш, 2004.

МАЗМУНЫ

1. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫң ДАМУ ЖОЛЫ

| | | |
|--------------|-------------------------------------|----|
| 1-2-сабак. | Қазак жазуының тарихы | 5 |
| 3-4-сабак. | Жазудың технологиясы | 7 |
| 5-6-сабак. | Елдік пен ерліктін ескерткіші | 9 |
| 7-8-сабак. | «Күлтегін» жыры | 12 |
| 9-10-сабак. | Күлтегін кім? | 14 |
| 11-12-сабак. | Қазак жазуының даму жолы | 16 |
| 13-14-сабак. | Қазіргі жазудың сыр-сипаты | 18 |
| 15-16-сабак. | Нәтиже сабак | 20 |

2. ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖОЛАУШЫ !

| | | |
|--------------|--|----|
| 1-2-сабак. | Сапарын сәтті болсын! | 24 |
| 3-4-сабак. | Жолың болсын, жолаушы! | 27 |
| 5-6-сабак. | Жолаушы тасымалы | 29 |
| 7-8-сабак. | Өуежай тасымалы | 31 |
| 9-10-сабак. | Теміржол тасымалы | 33 |
| 11-12-сабак. | Метропа саяхат | 35 |
| 13-14-сабак. | Мұқағали Макатаев. «Ертең біз жол жүреміз» | 38 |
| 15-16-сабак. | Нәтиже сабак | 40 |

3. КӨШПЕНДЛЕР МӘДЕНИЕТИ. ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ

| | | |
|--------------|--|----|
| 1-2-сабак. | Көшпенді тұрмысы | 41 |
| 3-4-сабак. | Дала дааналығы | 43 |
| 5-6-сабак. | Көшпенділер мәдениеті | 45 |
| 7-8-сабак | Қазақтың халық күнтізбесі | 47 |
| 9-10-сабак. | Ішіяс Есенберлин. «Көшпенділер» (үзінді) | 50 |
| 11-12-сабак. | Балбал тастар | 52 |
| 13-сабак | Нәтиже сабак | 54 |

4. ЗАҢ – КОҒАМНЫҢ ТИРЕГІ

| | | |
|--------------|--|----|
| 1-2-сабак. | Қазак даласындағы құқық бастаулары | 56 |
| 3-4-сабак. | Дала заны | 58 |
| 5-6-сабак. | Аты анызға айналған билер | 60 |
| 7-8-сабак. | Жеті жарғы | 63 |
| 9-10-сабак. | Қылмыс тубі – корлық | 65 |
| 11-12-сабак. | Қазақстан Республикасының Ата заны | 67 |
| 13-14-сабак. | Айбатыр Сейтак. «Азат елдін ар-намысы – Ата зан» | 69 |
| 15-сабак | Нәтиже сабак | 71 |

5. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ТҮНГҮШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫң АЙБЫНДЫ МЕЙРАМЫ

| | | |
|--------------|--|----|
| 1-2-сабак. | Қазақстан Республикасының Түнгүш Президенті күні | 73 |
| 3-4-сабак. | Елбасы – елдін тұтқасы | 75 |
| 5-6-сабак. | Ұлы Дала перзенті | 77 |
| 7-8-сабак. | Маралтай Ыбыраев. «Елбасыма» | 79 |
| 9-10-сабак. | Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері | 81 |
| 11-12-сабак. | Елбасы шеялдары | 83 |
| 13-14-сабак. | Болашакқа бағдар | 84 |

6. ЖАСТАР ЖӘНЕ БҮҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

| | | |
|---------------|--|-----|
| 1-2-сабак . | Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі | 87 |
| 3-4-сабак . | Қазақстан Республикасының басты телеарналары | 89 |
| 5-6-сабак . | Жастар және бүқаралық ақпарат құралшары | 92 |
| 7-8-сабак . | Қасым Аманжолов. «Жас дәурен» | 94 |
| 9-10-сабак . | Жастар үні | 97 |
| 11-12-сабак . | Өмірін өз колында | 99 |
| 13-сабак . | Нәтиже сабак | 101 |

7. ЭКСПО-2017 – ҚАЗАҚСТАН БЕЛЕСІ

| | | |
|--------------|--|-----|
| 1-2-сабак . | ЭКСПО шежіресі | 103 |
| 3-4-сабак . | Астана төріндегі ЭКСПО | 106 |
| 5-6-сабак . | Қазақстан – мүмкіндіктер елі | 108 |
| 7-8-сабак . | ЭКСПО – ел мерейі | 111 |
| 9-10-сабак . | Нұрсұлтан Назарбаев. «Тәуелсіздік толғауы» | 113 |
| 11-сабак . | Нәтиже сабак | 115 |

8. БИОТЕХНОЛОГИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

| | | |
|--------------|--|-----|
| 1-2-сабак . | Биотехнологиянын маңызы | 116 |
| 3-4-сабак . | Қазақстандағы биотехнологияның дамуы | 118 |
| 5-6-сабак . | Ұлттық өнімдер | 121 |
| 7-8-сабак . | Жұніс Сахлев. «Уакыт кайтарымы» | 123 |
| 9-10-сабак . | Үміт үзгім келмейші | 125 |
| 11-сабак . | Нәтиже сабак | 127 |

9. БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

| | | |
|---------------|---------------------------------------|-----|
| 1-2-сабак . | Болашақтың энергиясы | 128 |
| 3-4-сабак . | Энергия көздері | 130 |
| 5-6-сабак . | Медеу Сәрсеке. «Жетінші толқын» | 133 |
| 7-8-сабак . | Толқын энергиясы | 135 |
| 9-10-сабак . | «Жетінші толқын » құпиясы | 137 |
| 11-12-сабак . | Нәтиже сабак | 139 |

10. АЛАШ ИДЕЯСЫ МЕН ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

| | | |
|---------------|--|-----|
| 1-2-сабак . | Дишахмет Өшімханов. «Бес арыс» | 141 |
| 3-4-сабак . | Қазак алфавитінің тұнғыш реформаторы | 144 |
| 5-6-сабак . | Әлихан Бекейхан – ұлт кесемі | 146 |
| 7-8-сабак . | «Оян, казақ» | 148 |
| 9-10-сабак . | Алаш ардактысы | 150 |
| 11-12-сабак . | Мен жастарға сенемін | 152 |
| 13–14 сабак . | Нәтиже сабак | 155 |

11. ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕ: ДЕМОГРАФИЯ

| | | |
|---------------|--|-----|
| 1–2 сабак . | Демография деген не? | 157 |
| 3-4-сабак . | Әлемдегі демографиялық жағдай | 159 |
| 5-6-сабак . | Қазақстандағы демографиялық жағдай | 162 |
| 7-8-сабак . | Қоғам отбасынан басталады | 164 |
| 9-10-сабак . | 18 миллионынши тұрғын | 166 |
| 11-12-сабак . | Абай Құнанбайұлы. «Адамның кейбір кездері» | 168 |
| 13-сабак . | Нәтиже сабак | 170 |

205

12. РОБОТТАР МЕН КИБОРГТАР ӘЛЕМІ

| | | |
|--------------|--|-----|
| 1-2-сабак. | Роботтар мен киборгтардың адам өміріндегі манызы | 172 |
| 3-4-сабак . | Әлемді жайлайған роботтар | 174 |
| 5-б-сабак. | Айзек Азимов. «Мен – роботтын» | 177 |
| 7-8-сабак. | Тонн робот | 179 |
| 9-10-сабак . | Нәтиже сабак | 182 |

13. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОТУРИЗМ

| | | |
|--------------------------|---|-----|
| 1-2-сабак . | Қазақстандағы туризм | 184 |
| 3-4-сабак . | Туризмдегі қызмет түрлері | 186 |
| 5-б-сабак. | Қазақстандағы экотуризм мәселесі | 189 |
| 7-8-сабак. | Көрікті демалыс орындары | 191 |
| 9-10-сабак . | Ілшіс Жасұтіров. «Жетісу суреттері» | 194 |
| 11-12-сабак . | Нәтиже сабак | 197 |
| Лексикалық-грамматикалық | минимум бойынша казакша-орысша сөздік | 199 |
| Пайдаланған | әдебиеттер | 203 |

Учебное издание

Косымова Гульбанду
Бисенбаева Меруерт
Каримова Гульмира
Каратаяев Нуржан

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА

Учебник для 9 классов общеобразовательных школ
с русским языком обучения
(на казахском и русском языках)

В учебнике использованы работы
Дузельханова А., Кызайбек С., Станова Д., Бейятова О., Омархан К.

Редактор Г. Абдрахимова
Худож. редактор А. Акыл
Техн. редактор Л. Садыкова
Корректор А. Тюленбердинова
Компьютерная верстка Н. Сейдахметовой

Государственная лицензия № 0000001 выдана издательству
Министерством образования и науки Республики Казахстан 7 июля 2003 года



ИБ № 5810

Подписано в печать 24.05.19. Формат 70·100^{1/16}. Бумага офсетная.
Гарнитура «SchoolBook Kz». Печать офсетная. Усл.-печ. л. 16,77.
Усл. кр.-отт. 67,73. Уч.-изд. л. 11,48.
Тираж 40 000 экз. Заказ №

Издательство «Мектеп» , 050009, г. Алматы, пр. Абая, 143

Факс: 8(727) 394-42-30, 394-37-58

Тел.: 8(727) 394-42-34

E-mail: mekter@mail.ru

Web-site: www.mekter.kz

